Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Дамытушылық іс-әрекеті

<p>Сюжетті - ролді ойын: «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.</p> <p>Ойын барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Өнерім қол ұшында,</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар: Ойын: «Часы» «Сағат» Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.</p> <p>• «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.</p>	<p>Саусақ ойыны: «Тасбақа» Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.</p> <p>1.Тасбақа Тасбақа, тасбақа, Тас астында тұрады. Басын баяу шығарып, Тиіссең кері тығады.</p>	<p>Психологиялық ойын: Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша» Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.</p> <p>Ойын шарты: Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады:</p>	<p>Аз қимылды ойын: Ойын: «Қуғыншыдан құтқару» Мақсаты: балаларға тез бұлттарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Ойын шарты: Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.</p>
--	---	---	--	---

Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
Ойын: «Тігінші»
Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы:

Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.

3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.

4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

Фонетикалық жаттығулар

Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

1.Баудағы кім?

Ара болсаң, ызыңда

З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?


(з- з-з) - қатты\жай



2.Жыланның ысығы.

Жылан қалай дыбыстайды?

Ыс-с—ыс-сссс....



«Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады. Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе; Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе; Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

Ойынның ережесі:

1. Қуғыншы қолын көтеріп:

«Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.



2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау

балаларға көмек көрсетуі тиіс.



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.



үшін қадағалау керек. Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады. Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады. Ойынның педагогикалық маңызы. Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл – қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.





3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55

<p>4. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Балалардың сөздік қорын байыту Алтын күз ҮІӨ міндеттері: Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту, қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады, сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту Көшедегі үйлер. Біздің үй. ҮІӨ міндеттері: Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. Балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады Әдіс-тәсілдері: «Ойлап тап!»</p>	<p>3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. ҮІӨ міндеттері: Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады, сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Балалардың сөздік қорын байыту Көгөністер ҮІӨ міндеттері: Тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады, сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек Үйде, балабақшада қоғамдық орындарда қарым қатынастық жалпы қабылданған нормаларын сақтау Су – тіршілік көзі. ҮІӨ міндеттері: Судың қасиеттерін таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру, тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.</p>
---	---	---	--	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.

Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған

Кім қалай дыбыстайды?

(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен).

- Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен).

- А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеніз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.

Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

Дикциялық жаттығу

Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.

Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.

Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы мольнан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сең келеді,

Сегіз серке тең келеді.



Ойын: “Табан балық және шортан”

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді.

Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді.

Шортан шеңбердің сыртында жүреді.

Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.

Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30

5. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі
Негізгі қозғалыстарды жетілдіру
Бадминтон, футбол.
ҮІӨ міндеттері:
Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы

5. Музыка-шығармашылық әрекет
Балаларды кернеусіз жеңіл дыбыспен бір қалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету
Көңілді ырғақтар.

6. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Үйде, табиғатта өзін өзі қауіпсіз ұстауға дағдыландыру
Күзгі орманда.
ҮІӨ міндеттері: Қозғалыс

5. Музыка-шығармашылық әрекет
Балаларды кернеусіз жеңіл дыбыспен бір қалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету
Біздің аспаптар.
ҮІӨ міндеттері: Ұлттық домбырада орныдалатын

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Негізгі қозғалыстарды жетілдіру
Ұлттық ойындар (таза ауада)
ҮІӨ міндеттері: Ұлттық ойындарға деген

	<p>мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: алшақ аттап, қысқа қадамдар жасап жүгіру дағдылары, түзету жаттығуларын орындау, кеңістікті бағдарлау, допты жеңіл соға білу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>ҰІӨ міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.</p>	<p>мәнерлігін, ырғақтылығын дамыту: азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.</p> <p>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.</p>	<p>қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>
--	--	---	--	--	---

4 үзіліс – 11:30 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Пойез - эстафеталар»



Ойын: “Пойыз - эстафеталар”

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.

Ұсыныс: Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

**«Табиғат аясында»
Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.
«Алақай, ойын!»
11.30 – 12:10**

**Қыркүйек
Серуен кешені №13
Емдік шөптерді бақылау
Мақсаты:**
- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;
— Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру
Бақылау барысы:
Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:
-- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?
◆ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының

**Қыркүйек
Серуен кешені №14
Күз көрністерін бақылау
Мақсаты:**
Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.
Бақылау барысы
Көркем сөз «КҮЗ»
Қ. Ыдырысов
Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.
Жап-жасыл тал мынау,
Сары шапан киіпті-ау
Айнала тұнжырап,
Қабағын аспан түйіпті-ау.
Тәрбиеші сұрақтары:

**Қыркүйек
Серуен кешені №15
Тастарды бақылау
Мақсаты:** Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.
Бақылау барысы
Балаларға сұрақтар.
◆ Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?
◆ Өлі табиғатқа нелер жатады?
- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)
◆ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір,

**Қыркүйек
Серуен кешені №16
Жапырақтардың түсуін бақылау
Мақсаты:**
— табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;
— бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.
Бақылау барысы
Көркем сөз
Күзгі жапырақтар.
Қ. Шаңғытбаев
*Алтын сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
Күн шуақта маужырап,*

**Қыркүйек
Серуен кешені №17
Гүлзарды бақылау
Мақсаты:**
— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;
— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).
Бақылау барысы
Көркем сөз
*- Кешілік пе, күндіз бе,
Өсіп тұрған гүлді үзбе.
Туған жерді далаға,
Тастай алмай жүрміз бе?
Жайнап өсіп далада,
Көздің жауын ала ма?
Бірде бірін жұлғызба,
Қасыңдағы балаға.*

	<p>пайдасы қандай? (онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)</p> <p>◆ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)</p> <p>◆ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қишқылдары бар; итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).</p> <p>◆ Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй)</p> <p>◆ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).</p> <p>Шәйқурайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..</p> <p>-- Жолжелкен (иманжапырақ).</p> <p>Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады. Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.</p> <p>Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:</p> <p>— Емдік өсімдіктерді жинағанда</p>	<p>◆ Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>◆ Неге күз деп ойлайсындар?</p> <p>◆ Күзде ауа-райы қандай болады?</p> <p>◆ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)</p> <p>Еңбек</p> <p>Ойын алаңын тазалау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;</p> <p>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.</p> <p>Қ/О:</p> <p>«Ормандағы соқпақтар».</p> <p>Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,</p> <p>Халық болжамы:</p> <p>Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.</p>	<p>графит)</p> <p>◆ Қатты тастарды атаңдар?</p> <p>◆ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\</p> <p>◆ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)</p> <p>◆ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)</p> <p>◆ Көмір не үшін керек? (отынға)</p> <p>◆ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)</p> <p>◆ Қалай ойлайсындар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды)</p> <p>Еңбек</p> <p>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>— Шығармашылық қиялын дамыту.</p> <p>Қ/О«Ұшты-ұшты».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Қозғалысты дамыту.</p> <p>Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру</p> <p>Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат»</p> <p>Мақал-мәтел</p> <p>Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.</p>	<p><i>Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Ұшты кенет жапырақ.</i></p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <p>◆ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?</p> <p>◆ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?</p> <p>◆ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?</p> <p>◆ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)</p> <p>◆ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)</p> <p>◆ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда)</p> <p>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өленді қайталайды</p> <p>◆ Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)</p> <p>◆ Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)</p> <p>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.</p> <p>Еңбек</p> <p>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу</p> <p>Мақсаты: бірлесе жұмыс</p>	<p>Тәрбиеші сұрақтары:</p> <p>◆ Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>◆ Күзде өсімдіктер қандай кзгерістерге ұшырайды?</p> <p>◆ Мына гүлзардан не көріп тұрсындар?</p> <p>◆ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?</p> <p>◆ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?</p> <p>◆ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?</p> <p>◆ Гүлдерді жұлуға бола ма?</p> <p>Зерттеу жұмысы:</p> <p>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дін бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).</p> <p>Еңбек Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу</p> <p>Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Қ/О: «Кұстар қалай ұшады?».</p> <p>Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру</p> <p>Жаттығу ойындары Доппен жаттығу</p> <p>Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру</p> <p>Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек; — Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; — Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;; — Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды. Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу Мақсаты: ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу</p>			<p><i>істеуге, мақсатқа жетуге баулу.</i> Қ/О: «Түлкі мен қояндар». <i>Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу</i> Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту. <i>Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.</i></p>	
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10					
<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы



Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ




Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.09 – 30.09 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.09	Сейсенбі 27.09	Сәрсенбі 28.09	Бейсенбі 29.09.	Жұма 30.09.
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сөздік тренинг ойыны: «Керісінше тауып айт» Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алуды үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші бір сөзді айтады, ал балалар оған мағынасы бойынша қарама-қарсы сөз айтуы тиіс. Мысалы: «ақ-қара», «жер-аспан», «жарық-қараңғы» және т.б.</p> <p>ТАЗА КІР</p>  <p>ҚАТТЫ ЖҰМСАҚ</p>	<p>Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Көгалдағы әдемі гүлдер гүл ашты» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету, түс бойынша таңдап алу іскерлігін қалыптастыру. Әдістемелік нұсқау: Гүлдің кімге арналғанын, қайда өсетінін және қалай аталғанын көрсету.</p> 	<p>Қимыл белсенділігі ойындар Ойын: «Үй салуды аяқтаймыз» Мақсаты: Үйдің жартысына назар аударатын отырып, оның симметриялық құрылымын жеткізуге, бөлшектердегі айырмашылықтарды байқауға (терезелердің, есіктердің пішіні мен өлшемдері және т.б.) үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Бала құрылыс материалынан модель жинауды бастайды, содан кейін оны басқа балаға береді; ол құрастыруды жалғастырады және модельді келесі балаға және т.б. береді.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Ойын: «Кім болғым келеді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру. Мысалы: Құрылысшы-күрек, қалақ, кірпіш. Қосымша жабдықтар: Мамандық иелері және олардың құралдары. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты:</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Ойын: «Сықырлы суреттер» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Қосымша жабдықтар: Жыл мезгілдеріне байланысты сурет бөлінділері. Әдістемелік нұсқаулар: Қиынды суреттерден қыс, жаз, көктем және күз мезгілдерінің ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру.</p>

				картиналарды көре отырып, құрастыру, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.		
Таңертенгі жаттығу	№18 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№19 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№20 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№21 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№22 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00-11.30 ҮІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	26.09.22 Дүйсенбі	27.09.22 Сейсенбі	28.09.22 Сәрсенбі	29.09.22 Бейсенбі	30.09.22 Жұма
	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеттері Элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру 7, 8, 9 сандары және цифрлары ҮІӨ мақсаты: 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру. Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	1. Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет Дыбыс терминдері туралы түсініктерін қалыптастыру Дауыссыз дыбыстар. ҮІӨ мақсаты: Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру. Дағды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.	Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеттері Элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру 10 саны ҮІӨ мақсаты: 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: 10 санының жазбасын заттардың санымен	Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеттері Элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру 10 саны ҮІӨ мақсаты: 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрену,	1. Сауат ашу негіздері – коммуникативтік әрекет Дыбыс терминдері туралы түсініктерін қалыптастыру Біз нені үйрендік? ҮІӨ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Дағды: Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам	

	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді біледі. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту арқылы жұмыс жасай алады.</p>	<p>Күтілетін нәтиже: Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап бере алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>сәйкестендіруге үйрену, заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге бейімді.</p> <p>Дағды:зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге бейімді.</p> <p>Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>
--	--	---	---	--	---

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті


Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Саусақ гимнастикасы

Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

Тасбақа.

Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.



Психологиялық ойын:

«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.

Мақсаты:

Оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Оқушылардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек-кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

2. Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникатив	2. Қоршаған ортамен танысу	3. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын,	4. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық
---	----------------------------	--	---	---


	<p>тік әрекет Балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту Күз бояуы. ҮІӨ мақсаты: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Күтілетін нәтиже: Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну Әдіс-тәсілдер: Ширату жаттығулары</p>	<p>коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу Су – тіршілік көзі. ҮІӨ мақсаты: Судың адамзат тіршілігіндегі маңызын түсініп, оны таза ұстауға, қорғауға өз үлесін қосу; судың қасиеттерін анықтауға арналған тәжірибелерді орындай алу. Дағды: Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: жасайды: судың ащы және тұщы болатынын; тұщы суды қайда пайдаланатынын; судың қасиеттерін тәжірибе арқылы біледі. түсінеді: судың адамзат тіршілігіндегі маңызын; судың қасиеттерін. қолданады: өзі тұратын жерде қандай суқоймалары бар екенін және ол туралы білімдерін; суқоймаларын қорғауды, күтуді.</p>	<p>қимыл белсенділігі Комунативті дағдыларды дамыту Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)саханалау. ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; Түсінеді:ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>Балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) ҮІӨ мақсаты: «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру. Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Дағды: Балалардың сөйлеу шеберлігі мен сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>әрекет Әңгімелеушіні тыңдау ,диолог жүргізуге дайын болу Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)саханалау. ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; Түсінеді:ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>
--	---	--	--	--	--

2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекеті
Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»



Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»

Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.

Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады.

Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
 Балалардың сөздік қорын байыту
 Жемістер
ҮІӨ мақсаты:
 Күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.
Күтілетін нәтиже:
 Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру арқылы жұмыс жасай алады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану

4. Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
 Құрастыру, себеп салдар байланысын орнату үйрету
 Ұшақ.
ҮІӨ мақсаты:
 Құрылыс материалдарынан құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.
Дағды:
 Өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
жасайды: құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра алады;
түсінеді: ұшақты құрастыруда оның

5. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет
 Дыбыс терминдері туралы түсініктерін қалыптастыру
 Дауыссыз дыбыстар.
ҮІӨ мақсаты:
 Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.
Дағды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
 Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап бере алады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
 Балалардың сөздік қорын байыту
 Жидектер
ҮІӨ мақсаты:
 Сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.
Күтілетін нәтиже:
 Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана біледі.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану

4. Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек
Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу
 Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?
ҮІӨ мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.
Дағды: Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.

негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды және балалардың ой-қиялы дамитынын;
қолданады: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс-әрекетінде пайдаланады.
Әдіс-тәсілдері: «Ойлап тап!»

түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.
қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады


3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті
Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР
Мен қандай адаммын ?

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .



Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны

Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірінғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30


<p>5. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту Ұлттық ойындар (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. Күтілетін нәтиже: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>5. Музыка-шығармашылық әрекет Аспаптық музыкаға дегенқызығушылығын арттыру Біздің аспаптар. ҮІӨ мақсаты: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Дағды: Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. Түсінеді:регистр деген не екенін. Қолданады: ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.</p>	<p>6. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту Қалай спортшы болуға болады? ҮІӨ мақсаты: Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүруге жаттықтыру. Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы Күзгі серуен. ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Дағды: Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды. Түсінеді: музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.</p>	<p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту Менің сүйікті жануарларым. ҮІӨ мақсаты: Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>
--	--	--	--	--

4 үзіліс – 11:30 – 12:30

**Балалардың дербес іс-әрекеті
Аз қимылды ойындар «Жалауша»**

« Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11.30 – 12:10</p>	<p>Қыркүйек Серуен-Бақылау №18 Ағаштарды бақылау Мақсаты: —күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; —қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету; — ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); — туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Көркем сөз: Үйенкі, қайың, қарағаш, Самырсын, емен, қарағай. Өседі бәрі аралас, Бақшада өскен баладай. Қаулап өскен ағаштар Жеміс-жидек сайда да. Хош иіске елітіп Тынып қалған айнала Қамқоршы болшы орманға Орманды бәрің қорғандар! Сұраққа жаап беріндер: ♦Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз? ♦Қайың діңі қандай? (ақ қара дақтармен.) ♦Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (діңі, тамыры, бұтағы) ♦Ағашқа тамыр не үшін керек? ♦ Күзде қайың жапырағының түсі қандай? (сары.) ♦ Жазда қандай еді? (жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі) ♦ Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың) Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай үш!». Мақсаты: мәтінге сай кимыл жасауды үйрету,</p>	<p>Қыркүйек Серуен-Бақылау №19 Емдік шөптерді бақылау Мақсаты: - Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту; -Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға аландағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды: -Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер? ♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? (онда К, С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.) ♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды) ♦Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар; итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек). ♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй) ♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда). Шәйқурайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады.. -Жолжелкен (иманжапырақ).</p>	<p>Қыркүйек Серуен-Бақылау №20 Күз көрністерін бақылау Мақсаты: <i>Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «КҮЗ» <i>Қ. Ыдырысов</i> Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші сұрақтары: ♦Қазір жылдың қай мезгілі? ♦Неге күз деп ойлайсыңдар? ♦Күзде ауа-райы қандай болады? ♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? Зерттеу жұмысы Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: — Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Қ/О: «Ормандағы соқпақтар». Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды</p>	<p>Қыркүйек Серуен-Бақылау №21 Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. ♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? ♦Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) ♦ Үгілмелі тастарды атандар? (бор, көмір, графит) ♦ Қатты тастарды атандар? ♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ ♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) ♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) ♦ Көмір не үшін керек? (отынға) ♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) ♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.) Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды)</p>	<p>Қыркүйек Серуен №22 Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: —табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; —бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңытбаев <i>Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) ♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ♦Жапырақтардың түсуінің</p>

	<p>аталған ағашты табу Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау) Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту Мақсаты: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру Тышым сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ <i>Ағашты кеспе</i> ◆ <i>Ағаш бұтағын сындырма</i> ◆ <i>Ағаш жапыраған жұлма</i> 	<p>Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады. Жолжелкен жапырақтарында А, К, С витаминдері бар және де <i>жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.</i> Табиғат аясында өзін ұстау ережелері: — Қызыл кітапқа еңбегендерін жинау керек; — Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; — Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды. Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу. Мақсаты: ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу</p>	<p><i>түрлендіру.</i> Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру, Халық болжамы: Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.</p>	<p>Еңбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. Қ/О «Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; Жаттығу ойындары Қозғалысты дамыту. Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру <i>Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат»</i> Мақал-мәтел : <i>Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.</i></p>	<p>қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ◆ Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. Қ/О: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту. Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.</p>
--	--	---	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
---	---	---	---	---	--

	табысатын болады.		замоксыз, белдеушесіз.	замоксыз, белдеушесіз.	
--	-------------------	--	------------------------	------------------------	--

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы





Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.10 – 07.10. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.10	Сейсенбі 04.10	Сәрсенбі 05.10	Бейсенбі 06.10.	Жұма 07.10.
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); "Бірізді суреттер" ойыны Мақсаты: қиялды, логикалық ойлауды, сөйлеуді және шығармашылық тілді дамыту . Әдістемелік нұсқаулар: Ойын материалы ретінде бір сюжетпен өзара байланысқан 3-4 сурет пайданылады. Суреттер бөлшектеліп және араласып беріледі. Тәрбиеші баланың алдында суретті қойып, өзара байланысты әңгіме құрастыруға</p>	<p>Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Әдістемелік нұсқау: Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге</p>	<p>Қимыл белсенділігі Нұсқаулық: Ағаштардың суреттері бар суреттерді салады және олар туралы әңгімелейді, балалардың назарын ағаштың жапырақтарына аударады, олар ұсынылған әр картада да бар. Содан кейін ол балаларға әртүрлі ағаштардың жапырақтары бейнеленген карталарды таратады және жапырақ құлаған ағашты табуды ұсынады. (Қайың, емен, шырша, тал, каштан, балқарағай, үйеңкі, жөке, балқарағай,</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Ойын: «Оқу құралдарын ата» Мақсаты: Оқу құралдарына жатпайтын заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойынның шарты: Оқу құралдарының көрнекілігі таратылып беріледі. Олардың аттарын атайды. Не үшін пайдаланатыны жайлы айтады. Әр қайсысы сипаттама береді.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Ойын: «Алтын бала» қағаз арқылы қима құрастыру. Мақсаты: Тәртіп жайлы балалардың білімдерін қалыптастыру . Тәртіпсіздік қандай жағдайға әкелетінін түсіндіру. Ойынның шарты: Тәртіпті бала ағаш егеді. Тәртіпсіз бала ағашты сындырады. Ойын осылайша өз жалғасын табады. Ықтимал</p>



	<p>болатынын түсіндіреді .Бала суретті ретімен құрауы тиіс. Ықтимал күрделендіру: Суретке карап ертегі құрауды ұсынуға болады.</p> 	<p>орналастырады.</p> 	<p>көктерек, қарағай, терек</p> 		<p>күрделендіру:тез ойла.</p> 					
Таңертенгі жаттығу	№23 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№24 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№25 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№26 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№27 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет									
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты										
09.00-11.30 ҮІӘ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	03.10.22 Дүйсенбі	04.10.22 Сейсенбі	05.10.22 Сәрсенбі	06.10.22 Бейсенбі	07.10.22 Жұма				
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер										
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті			уақыты:09.00-09.25							
Мектепке дейінгі	1.	Математика	1. Сауат ашу негіздері-	1.	Математика	1.	Математика	1.	Математика	1. Сауат ашу негіздері-

<p>ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</p>	<p>негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. ҮІӨ мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру. Дағды: Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>коммуникативтік,танымдық әрекет Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажыратуға жаттықтыру Біз нені үйрендік,нені білдік? ҮІӨ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Дағды: Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады. Түсінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау Ұзындық. ҮІӨ мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. Күтілетін нәтиже: менгереді: «ұзын - қысқа» сөздерін айтууды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; Дағды: Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау Ұзындық. ҮІӨ мақсаты: ұзындық - заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Дағды: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды дағдыландыру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>коммуникативтік әрекет Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажыратуға жаттықтыру Біз нені үйрендік,нені білдік? ҮІӨ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру Дағды: Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын. Қолданады:сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>
--	--	---	---	--	--

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Фонетикалық жаттығулар

Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

1. Баудағы кім?

Ара болсаң, ызыңда

З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?


(з- з-з) - қатты\жай





2. Жыланның ысылы.

Жылан қалай дыбыстайды?

Ыс-с—ыс-сссс....



3. Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды.



Артикуляциялық жаттығулар:

Ойын: «Часы» «Сағат»

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• «**Сағат**» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• «**Саңырауқұлақ**» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.


«**Дәмді тосап**»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті****уақыты: 09.35 – 10.00**

2. Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет
Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтарымен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу
Отбасының күзгі еңбегі.
ҮІӨ мақсаты:
отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу; отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;
Күтілетін нәтиже:
Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.
Дағды:
Балалардың сөйлеу шеберлігі мен сөздік қорларын дамыту.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну
Әдіс-тәсілдер: Ширату жаттығулары

2. Қоршаған ортамен танысу
коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді ажырату
Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?
ҮІӨ мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.
Дағды: Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.
түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.
қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады

3. Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңдеулерді қолдану
Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)
ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;
Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді;
Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.

4. Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет
Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтарымен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу
Отбасының күзгі еңбегі.
ҮІӨ мақсаты:
отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу; отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;
Күтілетін нәтиже:
Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.
Дағды:
Балалардың сөйлеу шеберлігі мен сөздік қорларын дамыту.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну

Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет
Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңдеулерді қолдану
Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)
ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;
Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді;
Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.
Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Әдіс-тәсілдер: Ширату жаттығулары

2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекеті

Сюжетті-рөлді ойын:

« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»



Сюжетті-рөлді ойын:

« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»

Мақсаты : Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.
Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.

Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүнгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.

Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүнгіуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді. Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша

жәшіктерге салады.
Механик машиналардың жұмысын тексереді,
Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге
отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың
ережелерін сақтайды;
Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55

<p>Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Тақырыбы: Ойнайық та ойнайық ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дағды: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру және қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. Түсінеді: ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді. Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>2. Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету Күзгі орман (Акваель бояу) ҮІӨ мақсаты: мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету. Дағды: қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: жасайды: қылқаламды бояуға батырып, сүйкей отырып қағаз бетінде жапырақтарды үлгідегі тәрізді етіп икемді әрі шебер салу дағдысын игереді; түсінеді: күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайында түсініктері кеңейіп, суға бояуды көбірек салса, түс барынша қанық болатынын, ал суға бояудың аз мөлшерін қосса, түс ашық болып шығатынын түсінеді; қолданады: қағаз</p>	<p>5. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажыратуға жаттықтыру Біз нені үйрендік, нені білдік? ҮІӨ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру Дағды: Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын. Қолданады: сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Неше? Санау ҮІӨ мақсаты: сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. . Дағды: Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: оңға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір бірінен ажырата білуге үйрету Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? ҮІӨ мақсаты: Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Дағды: Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді. түсінеді: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі. қолданады: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер. Алдын ала жұмыс:</p>
---	--	---	--	---

бетіндегі кеңістікті дұрыс қолданады, жұмыс жасауда ұқыптылық пен тазалықты сақтайды.
Әдіс-тәсілдері: «Ойлап тап!»

суреттерді қарап шығу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру, жұмбақтар шешу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм (тұсаукесер) қарау, дидактикалық ойындарға қатысу.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары

Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары


Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы

Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ойын шарты:

Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр.

Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.



«Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді)

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

Сергіту сәті

Санайық жаңаша

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Оларды атап шақырар,

Әрқайсысының аты бар.

Бас бармақ,

Балаң үйрек,

Орган терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

«Қимылды қайтала» жаттығуы

Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы:
Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30

<p>5. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту Дене қабілеттерін дамыту. ҮІӨ мақсаты: Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: орындайды: құлақ қалқанын уқалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына қатармен жүру. Түсінеді: залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді. Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Әннің ырғақ бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін басын, қайырмасын ажырату; Күзгі серуен. ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Дағды: Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды. Түсінеді: музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Балаларға жүгіру секіру жаттығуларын алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру Доппен ойнап, көңіліңді көтер! ҮІӨ мақсаты: Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді. Қолданады: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>5. Музыка- шығармашылық әрекет Әннің ырғақ бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін басын, қайырмасын ажырату; Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды. Түсінеді: музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.</p>	<p>6. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Балаларға жүгіру секіру жаттығуларын алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру Доппен ойнап, көңіліңді көтер! ҮІӨ мақсаты: Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді. Қолданады: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>
---	---	--	---	--


4 үзіліс – 11:30 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті
Аз қимылды ойындар «Кім алысқа»

«Өз үйіңді тап»

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.
Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.
Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар.



Аз қимылды ойын: «Кім алысқа»

Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшандылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.



Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық

Киімдерді ретгілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді ретгілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді ретгілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді ретгілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді ретгілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

**«Табиғат аясында»
Серуен. Танысу,
ойындар, еңбек.
«Алақай, ойын!»
11.30 – 12:10**

Қазан
Серуен-Бақылау №1
Гүлзарды бақылау
Мақсаты:
— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;
— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).
Бақылау барысы
Көркем сөз
- Кешкілік пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді ұзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Тәрбиеші сұрақтары:.
◆ Қазір жылдың қай мезгілі?
◆ Күзде өсімдіктер қандай өзгерістерге ұшырайды?
◆ Мына гүлзардан не көріп тұрсындар?
◆ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?
◆ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?
◆ Гүлдің өсуіне нелер

Қазан
Серуен-Бақылау №2
Ұшып кететін құстарды бақылау
Цели: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;
— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.
Бақылау барысы
Көркем сөз
Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде
Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:
Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)
Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтындар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)
Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)
Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсындар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндіктермен

Қазан
Серуен-Бақылау №3
Желді бақылау
Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;
— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.
Бақылау барысы
Жұмбақ:
Аяғы жоқ ұшады, Аузы жоқ ән салады. Кездескен жеңіл нәрсені Аспанға ұшырады (жел)
Сұрақтар:
◆ Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)
◆ Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады? (күшті және әлсіз)
◆ Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.)
◆ Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?
Зерттеу жұмысы
Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)

Қазан
Серуен-Бақылау №4
Үйенкі ағашын бақылау
Мақсаты: үйенкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту
(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйенкі тал т.б.)
Бақылау барысы:
Көркем сөз
Күзде жауын. Бұлт. Табанға, Тапалады судыр-судыр жапырақ. Судыр-судыр жапырақ Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған, Өрттей сары бояуға, Малыңандай атырап. Балаларға сұрақтар:
◆ Үйенкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?
◆ Үйенкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?(өзен жағалауында.)
◆ үйенкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйенкі тал).
◆ Үйенкі ағашы

Қазан
Серуен-Бақылау №5
Жүк көліктерін бақылау
Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.
Бақылау барысы
Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді. Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарды, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарды, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.
Балаларға сұрақтар.
- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?
◆ Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? (әртүрлі жүктерді тасу үшін.)
◆ Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? (жүк таситын көліктерге).
◆ Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? (жүк таситын ұшақтар,

	<p>көмектеседі? ◆Гүлдерді жұлғауға бола ма? Зерттеу жұмысы: Гүлдерді салыстыру (гүлдердің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай). Еңбек Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу <i>Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.</i> Қ/О: «Құстар қалай ұшады?». <i>Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру</i> Жаттығу ойындары Доппен жаттығу <i>Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру</i> Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.</p>	<p>коректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен коректенетін құстар ұшып кетеді) Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында корек табылады) Еңбек: Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау <i>Мақсаты: құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу</i> Қ/О: «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту</i> Жаттығу ойындары Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру <i>Мақсаты: қозғалыс белсенділіктерін дамыту</i></p>	<p>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.) Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? <i>(компас көмегімен- солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)</i> Еңбек Алаңды тазалау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.</i> Қ/О: «Жел». <i>Мақсаты: - табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету</i> Жаттығу ойындары: Доппен жаттығу <i>Мақсаты: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру</i></p>	<p>адамдарға не береді? <i>(бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)</i> Зерттеу жұмысы <i>Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.</i> <i>Айырмашылығы қандай?</i> Еңбек: Бұйымдар жасауға жапырақ жинау. <i>Мақсаты: еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру</i> Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар». <i>Мақсаты:</i> — әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге — ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Секіргіш жіппен секіру. <i>Мақсаты: екі аяқпен бірдей секіруге жаттықтыру.</i> Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.</p>	<p><i>тікұшақтар, поездар, кемелер.)</i> ◆ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? <i>(жасыл.)</i> ◆ Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? <i>(жүргізуші, шофер)</i> ◆ Бағдаршамның неше түсі бар? <i>(Үш: қызыл, сары, жасыл.)</i> ◆ Адамдар бағдаршам жөк жерден қалай өтеді? Еңбек Түскен жапырақтарды жинау. <i>Мақсаты:</i> <i>-Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;</i> ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Токта-- жүгір». <i>Мақсаты:</i> — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары: Бөрене үстімен жүру. <i>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.</i> Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»</p>
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10					
<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*

Мектепалды сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ






Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.10 – 14.10. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.10	Сейсенбі 11.10	Сәрсенбі 12.10	Бейсенбі 13.10.	Жұма 14.10.
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); «Қай мезгілде киеміз» ойыны Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. Қосымша жабдықтар: Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші арнайы дайындалған үстел үстіне әр жыл мезгілінің суреттерін	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы білімін бекіту Құрал-жабдықтар: Жыл мезгілдерінің суреттері. Әдістемелік нұсқау: Мұғалім үстел үстіне жыл мезгілдерін шашыратып қойып шығады оны балалар дауыстап атай отырып, ретімен қойып шығады. Ықтимал күрделендіру: Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді. Ойынның нұсқаулары: Балалар жылдың төрт	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (қимылды ойын) «Өзіңе жұп тап» Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету, жылдам жүгіруді, тез жұптасу қабілеттерін дамыту. Балаларды сигнал бойынша әрекеттерді орындауға үйрету. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Қосымша жабдықтар: әр түрлі жалауалар Әдістемелік нұсқаулар: Балаларды қабырға бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы жалауша	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Ойын: «Жануарларды жылдары бойынша ретімен атап қой» Мақсаты: Ертегі арқылы жануарларды еске түсіріп, реттеу бағытын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын шарты: Тәрбиеші картиналарды үстел үстіне қойып көрсетеді, «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне салу. Сурет бойынша балалар атап айтады. Олардың қандай пайдасы бар екенін әңгімелейді. Өздерінің қай жылда туылғанын сұрап,	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Ойын: «Бұл кімнің баласы?» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыруға үйрету, көру қабілетін, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту. Ойынға қатысушыларға "кімнің текшесі" қағидасы бойынша дұрыс жауапты таңдау ұсынылады. Есте сақтау, ойлау, зейінді дамыту. қызығушылықты арттыру.

	<p>қоямын. Балалар суреттегі киімдер қай жыл мезгіліне сәйкес келетінін тауып, жыл мезгілі бейнеленген суретке сәйкестендіріп қояды.</p> <p>Ықтимал күрделендіру: Күнделікті киетін және ұлттық киімді салыстырып айту.</p> <p>Ойынның нұсқаулары: Әр жыл мезгілінің киімдерін ажырата білу. Киімдердің адамға қандай пайдасы барын айту.</p> 	<p>мезгілі жайлы суреттерді көреді, жыл мезгілдерін ретімен қойып шығады.</p> 	<p>алады. Мұғалім белгі бергеннен кейін балалар алаңға шашырайды. "Өзіңізге жұп табыңыз" командасынан кейін бірдей түсті жалаушалары бар қатысушылар жұптасады. Ойынға так балалар қатысуы керек және ойын соңында біреуі жұпсыз қалады.</p> 	<p>білмесе атап үйрету. Жануарларды жыл бойынша ретімен атап айту. 3 суреттегі жыл басына таласқан жануарлардың суреттерін сәйкестендіру.</p> <p>Ықтимал күрделендіру: тез ойла, тез құра</p> <p>Ойынның нұсқаулары: Суреттер</p>  	 	
Таңертеңгі жаттығу	№28 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№29 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№30 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№31 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№32 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00-11.30 ҮІӘ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	<p style="text-align: center;">10.10.22 Дүйсенбі</p> <p>Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру</p>	<p style="text-align: center;">11.10.22 Сейсенбі</p> <p>Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка</p>	<p style="text-align: center;">12.10.22 Сәрсенбі</p> <p>Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру</p>	<p style="text-align: center;">13.10.22 Бейсенбі</p> <p>Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка</p>	<p style="text-align: center;">14.10.22 Жұма</p> <p>Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						




	<p>Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет Еңбекқорлыққа тәрбиелеу Шаштараз. Ә. Дүйсенбиев. ҮІӘ мақсаты: Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру. Дағды: Демонстрациялық материалмен жұмыс. Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; Қолданады: өлең</p>	<p>2. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жыл құстары. ҮІӘ мақсаты: Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту. Дағды: Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: құстардың атауларын біледі. Түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың</p>	<p>Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) саханалау. ҮІӘ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін</p>	<p>Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету «Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.) ҮІӘ мақсаты: Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дағды: Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; Түсінеді:</p>	<p>Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы. ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) (М.Төрежанов). ҮІӘ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тындап, мазмұнын айтуға үйрету. Дағды: Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің</p>

	<p>сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну Әдіс-тәсілдер: Жұмбақтар шешу.</p>	<p>арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі. Қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар. Алдын ала жұмыс: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу. Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Таңдап ал да, атын айт». Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың киынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. Әдіс-тәсілдер: Жаңылтпаш жаттау Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады; Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездесе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады. Әдіс-тәсілдер: Тіл жаттықтыру.</p>
--	---	---	--	--	---	---


2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекеті

Жүгіруге арналған ойындар «Алтын балық»



Жүгіруге арналған ойын: «Алтын балық»

Ойынның мақсаты: бір – біріне соғылып қалмай, бұлтарып жүгіруге дағдыландыру.

Мазмұны: ойын алаңының (теңіздің) ені 5-6 м, ұзындығы 20-22 м. «Теңіздің» бір шетінде «балықшының» «қорабы» сызылады. Мұғалім ойыншылардың арасынан өзіне бір көмекші тандап алады. Көмекші «теңіздің» бір жағында, ал мұғалім – «балықшы» қолына бір шетіне құм салынған қалташа байланған ұзындығы 5-6 м жіп ұстап, «теңіздің» екінші жағасында жүреді.

Балалар – «балықтар» теңіздің ортасында «малтып» жүреді. Мұғалім кенеттен «ұста» деп, көмекшісіне жіптің бір шетін лақтырады. Сол кезде жіптің бір жағындағы «балықтар» ұсталған болып есептеледі. Олар балықтарды жіппен қаумалаған күйі балықшының «қорабына» апарып «салып» қояды.

Балықшының «Балықтар, малти беріңдер!» деген белгісі бойынша ойыншылар ойынды әрі қарай жалғастыра береді.

Ойын осылай екі рет ойналған соң үшінші ретте ұсталған балықтардың арасынан балықшы «алтын балықты» таңдап алып, өзіне көмекші етіп сайлайды.

Ойынның ережесі:

1. Балықтар «ұста» деген белгіні күтіп, балықшының қимылын аңиды.
2. Балықшы мен оның көмекшісіне «теңізге» кіруге болмайды.
3. Ұсталған балықтарға «аудан» шығуға болмайды.
4. Балықшы балықтарды қолымен ұстауына болмайды.

Әдістемелік нұсқаулар: ойыншылардың қимыл – қозғалыстары шамалары келгенше балықтың қимылына ұқсас келуін қадағалап отырған жөн.

Ойынның педагогикалық маңызы: оқушылар өздерінің оқып – білгендерін іс жүзінде пайдалануға өздерінің шамаларын байқауға дағдыланады. Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіруге жағдай туады, олардың шығармашылық қиялдауы кеңейе түседі.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тілдік және артикуляциялық аппаратты яғни сөзді анық дұрыс айта білу дағдыларын дамыту Ғажайып алаң. ҮІӨ мақсаты: Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту. Дағды: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру,</p>	<p>4. Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Шығармашылық қабілеттерін дамыту Күзгі жапырақтар. ҮІӨ мақсаты: қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректел қиюды үйрету. Дағды: қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жапырақтарды қатпарлап</p>	<p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту Үнді дауыссыз дыбыстар ҮІӨ мақсаты: Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. Дағды: Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже:</p>	<p>5. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тілдік және артикуляциялық аппаратты яғни сөзді анық дұрыс айта білу дағдыларын дамыту Мен және менің достарым. ҮІӨ мақсаты: тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. Дағды: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. ҮІӨ мақсаты: тұрмыстық техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу; қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Дағды: Тұрмыстық техника, оның қолданылуы</p>	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тілдік және артикуляциялық аппаратты яғни сөзді анық дұрыс айта білу дағдыларын дамыту Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ мақсаты: әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Дағды: мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп,</p>
--	---	---	---	--	--	---

	<p>байланыстырып сөйлеуді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді.</p> <p>Түсінеді: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді.</p> <p>Қолданады: таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Өпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі. Ө-ә-ә- сээр-сенбі. Ұ-ұ-ұ- жұу-ма.</p>	<p>бүктейді;</p> <p>Түсінеді: күзді неге «алтын күз», «жомарт күз» деп атайтынын;</p> <p>Қолданады: жапырақтарды бүктеп қию тәсілін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: бүктеп қию әдісі.</p>	<p>Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.</p> <p>Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсен үн болатынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «<i>Сағат</i>» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.</p> <p>«<i>Саңырауқұлақ</i>» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.</p> <p>«<i>Алтыбақан</i>» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.</p> <p>Осылай 10–15 рет қайталау.</p> <p>Түсіну: «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны</p> <p>- үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды.</p>	<p>дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Сөйлемдер құрастырады.</p> <p>Түсінеді: дос, тату, достар сөздерін түсінеді.</p> <p>Қолданады: өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».</p> <p>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.</p> <p><i>Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.</i></p> <p><i>Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз.</i> (Балалар қайталайды).</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым.</p>	<p>туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: тұрмыстық техниканы қолдану ережесін дұрыс сақтайды, үлкендердің көмегінсіз электр тогына қоспайды;</p> <p>Түсінеді: тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін;</p> <p>Қолданады: өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің айтқан ескертпелерін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.</p> <p>Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді.</p> <p>Қолданады: мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Білу: слайд, «Мамандықтар».</p> <p>Мамандықтарды суреттермен таныстырады.</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ү-ү-үш- ұш-қыш – ұшқыш. Ө-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-к-ү-ү-кү-күр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер-ғарышкер.</p>
--	--	---	---	---	--	--

Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.

Мысалы: «л»– Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;

«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;

«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ.

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары

Саусақ жаттығуы

Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

«Бәрінен де мен күшті»,

– Дөп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!»

– Дөп келіспейді сол қол.

Екі қолдың күштерін,

Кәне, сынап көрейік.

Оңға солға тартайық,

Достастырып қайтайық.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.

Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.

Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.

Ғ-ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер- ғарышкер.

«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.

Мысалы: сүйкімді ... (мысық),

жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан),

әдемі ... (раушан),

дәмді ... (рауғаш),

қағаз ... (умаждалған),

атам ... (риза),


бала ... (малтыды),

ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй),

әкем ... (риза),

киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.

Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Дөп капитанға»



Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойын: «Дөп капитанға»

Ойынның мақсаты: допты бір-біріне қарсылас команда ойыншыларының кедергі жасауына қармай лақтырып ұстауға үйрету.

Керекті құралдыр: резеңке доп немесе волейбол добы, ысқырық.

Мазмұны.

Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Әр команда өзіне капитан сайлайды.

Ойын алаңының қарама-қарсы бұрыштарынан 1 метр қашықтықта екі сызық жүргізіп, капитанның тұратын жерін басқа ойыншылардан бөліп қояды. Қалған ойыншылар араласып алаңда тұрады.

Ойын бастаушы алаңның ортасындағы сызықтың үстінде тұрып командалардың екі ойыншысының арасынан допты лақтырады.

Допты қағып алған ойыншы өз капитаны



жақта жақын тұрған ойыншыға лақтырып береді.

Қарсылас команда ойыншылары өз капитанына лақтыру үшін допты ұстап

алуға әрекет жасайды. Осындай тартыс кезінде қай команда капитанына допты лақтырып бере алса, соларға бір ұпай жазылады.

Ойынның ережесі.

1. Капитан тұрған жердің сызығын басуға болмайды.
2. Капитанға ұшып келе жатқан допты ғана ұстауға болады.
3. Ойыншы доппен тек екі қадам ғана жасай алады.
4. Доппен жүгіруге, жерге соғып ыршытуға болмайды.
5. Доп үшін бірін-бірі итеруге, жұлқуға болмайды.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды оқушылар доппен орындайтын жаттығуларды жақсы меңгергенде ойнатса, ойын қызықты өтеді. Әр команданың киетін киімдері немесе қолдарына байлайтын арнаулы байлағыштары болуы қажет. Ойын ережесінің дұрыс сақталуын қадағалап отырған жөн.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.05 – 11.30

	<p>4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау Бірінші бол! ҮІӨ мақсаты: Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа</p>	<p>5. Музыка-шығармашылық әрекет Музыка сипатын сәйкес ойын әрекеттерін орындау Сабантойды тойлаймыз. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Күтілетін нәтиже:</p>	<p>6. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау Командалық эстафеталар(таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге</p>	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет Музыка сипатын сәйкес ойын әрекеттерін орындау Елтаңбасы елімнің. Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау Командалық эстафеталар(таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-</p>	<p>5. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау Ерекше сабақтар. ҮІӨ мақсаты: Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды</p>
--	--	---	---	---	---	--

	<p>секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. Дағды: Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпемен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұруды. Түсінеді: биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру және шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді денсапаларын дамыту керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: «Шашырап жүру» ойын-жаттығуы.</p>	<p>Жасайды: дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Дағды: Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру, басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру. Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін»</p>	<p>динамикасын дәл беру. Дағды: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді. Қолданады: мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Білу: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік. Аспаптардың дауысын, Ажыратып көрейік.</p>	<p>күрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Дағды: Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру, басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру. Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін»</p>	<p>баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту. Дағды: Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: белгіленген жерден шұңқырға секіруді; бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алуды. Түсінеді: допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындау қажеттігін. Қолданады: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>
--	---	--	--	--	---	--

4 үзіліс – 11:30 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Аз қимылды ойын

Секіруге арналған ойындар «Сабалақ ит»

Сюжеттік ойын: «Сән ательесі

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы: бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Секіруге арналған ойын: «Сабалақ ит»

Ойын шарты: Бір бала ит болып жатады. Қолын созып, басын қолдарына салып ұйықтап жатқан сияқты жатады. Қалған балалар сөздерді айтып қасына жатады:

Міне жатыр сабалақ ит,

Аяғымен аузын жауып.

Тып-тыныш жатыр,

Ұйықтап жатыр түш-түш-түш.

Жақындайық, оятайық.

Не болды кане қарайық.

Балалар алдыға еңкейіп, иттің атауын

атап, қолдарын шапалақтап итті оятады. Ит атып

тұрып, қатты абалайды. Балалар қашады. Ит

арттарынан қуып, балаларды ұстап алуға

тырысады. Балалар тығылып, қашып болғасын. Ит

қайтып жатып ұйықтайды. Ойын

3-4 рет қайталанады.

Ескерту: Егер иттің орынында тәрбиеші

ойнаса, орындықтың үстіне отыруға

болады. (ұйықтауға)

Мақсаты: Аңғарымпаздыққа, шапшандыққа үйрету.

Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

«Табиғат аясында»
Серуен. Танысу,
ойындар, еңбек.
«Алақай, ойын!»
11.30 – 12:10

Қазан Серуен-Бақылау №11
Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау.
Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру

Қазан Серуен-Бақылау №12
Торғайларды бақылау
Мақсаты:
— Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;
— Құстардың қысқы тіршілігі жайлы

Қазан Серуен-Бақылау №13
Жаяу адамдарды бақылау
Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін

Қазан Серуен-Бақылау №14
Итті бақылау
Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.
Бақылау барысы

Қазан Серуен-Бақылау №15
Суды бақылау
Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.
Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар.
*Судың қандай

Қазан Серуен-Бақылау №16
Күзгі жапырақтарды бақылау.
Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.
Еңбек: Жапырақтард

<p>(оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Бақылау барысы Көркем сөз С. Оспанов Өсе бере сан гасыр Шыршаларға тимек кім Болып таудың түрсәні Қорғалады орманы Жапырағы жап-жасыл Ол жеміс пен жидектің, Көрдің бе сен, шыршаны? Топырақтың қорғаны. Балаларға сұрақтар: Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (<i>қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.</i>) Ал, бұлар қандай ағаштар? (<i>тікенекті, жапырақты.</i>) Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар? Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (<i>діңі, бұтағы, тамыры</i>) Ағаштар өсу үшін қандай</p>	<p>түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Ж. Смақов Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды Қорғамаса болмайды Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды. Балалармен әңгімелесу:.. ♦ Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) ♦ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) ♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) ♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) ♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) ♦ Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік</p>	<p><i>тиянақтау.</i> Бақылау барысы Көркем сөз Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. ♦ Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен, өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. ♦ Жаяулардың тек осы жерден өтуі керек</p>	<p>Көркем сөз Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасын, Аш үйіңнің қақпасын, Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасын. Балаларға сұрақтар. ♦ Иттің тұратын орны қалай аталады? ♦ Иттің сүйікті тамағы не? ♦ Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? ♦ Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиянды. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жер төледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар</p>	<p>қасиеттерін білесіңдер? *Судың көлемі (қалпы) болама? *Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме? *Суды аязға шығарса не болады? *Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады. Зерттеу жұмысы. Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз</p>	<p>ан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», - деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын</p>
---	---	--	--	--	--

<p>жағдайлар сақталуы керек?</p> <p>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты: жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету</i></p> <p>Қ/О: «Жұбыңды қуып жет». <i>Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру</i></p> <p>Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру <i>Мақсаты:</i> — Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру</p> <p>Мақал-мәтел. Жалғыз ағаш орман болмас Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.</p>	<p>және көргенімізді әңгімелеп берейік.</p> <p>♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)</p> <p>Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру</i></p> <p>Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!» <i>Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір». Мақсаты: — Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; — Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.</p>	<p>сендер қайдан білдіңдер?</p> <p>- Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.</p> <p>Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. . <i>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қ/О: «Бағдаршам». <i>Мақсаты:</i> — бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту.</p> <p>Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.</i></p>	<p><i>суықпен аштықтан ауырады, өледі.</i> Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап коқысқа апару. Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: -Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; -Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту. Тыйым сөз: <i>Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.</i></p>	<p>болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалындай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады).</p> <p>-Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. -Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.</p> <p>Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. <i>Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.</i></p> <p>Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. Мақсаты: Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; Шешім қабылдауға, батылдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Орта доп 2. Эткеншек тебу 3. Қуаласпақ Тренинг: «Бір шаңырақ астында».</p>
---	--	---	---	---	---

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.</p> <p>Балаларды үйге қайтару.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа</p>
---	--	---	--	--	---	---

<p>12:30-12:40</p>	<p>балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>		<p>бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>
---------------------------	---	--	--	--	---	--

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*

Мектепалды сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы



Білім беру ұйымы: Қыналы НОББ мектебі


Топ: Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 24.10 – 28.10. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.10	Сейсенбі 25.10	Сәрсенбі 26.10	Бейсенбі 27.10.	Жұма 28.10.
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс</p>				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); «Мұнаралар жасаймыз» (үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны жинастыруға ,түстерді тануға ,ретімен қою, жеңіл сөздерді атап айтуға үйрету. Қолданатын көрнекті құралдар: Үш түсті қорап,сақина,ертегі кейіпкерлері. Әдіс тәсілі: Триз технологиясы (ойдан ертегі құрастыру)түстерді ажырату,әуенге сәйкес қимыл жасау,түсіндіру,ойын</p>			<p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді?» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын шарттары: серуенге дайындық ,серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстарын құрастыру,сәйкестік табу арқылы түсіндіру. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</p> 	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті ойыны: «Бауда әлде бақшада?» «Мозайка» Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу . Ойынның шарты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.</p> 



Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

09.00-11.30 ҮІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	Дүйсенбі 23.10.23	Сейсенбі 24.10.23	25.10.23 Сәрсенбі	26.10.23 Бейсенбі	27.10.23 Жұма
		Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Сурет салу Музыка		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:02.00-02.25

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Есте сақтау сөйлеу назар аудару дағдыларын дамыту Міндеті: Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен	3. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Міндеті: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету; үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтау, бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		1. Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Міндеті: Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету; логикалық ойлау,	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Міндеті: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатан, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату Тақырыбы: Біз нені
--	--	--	--	--	---

	<p>заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту</p> <p>Тақырыбы: Дөңгелек және шаршы.</p> <p>ҮІӨ мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Дағды: Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелену). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Меңгереді: фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;</p> <p>түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;</p> <p>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Ойын-тапсырма</p>	<p>Тақырыбы:</p> <p>Үнді дауыссыз дыбыстар</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p>Дағды: Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.</p> <p>Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.</p> <p>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.</p> <p>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.</p> <p>Түсіну: «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны</p> <p>- үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында</p>		<p>есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту</p> <p>Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша.</p> <p>ҮІӨ мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Дағды: Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелену). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Меңгереді: фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;</p> <p>түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;</p> <p>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Ойын-тапсырма «Бейнеле»</p>	<p>үйрендік,нені білдік?</p> <p>ҮІӨ мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.</p> <p>Дағды: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратып айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратады.</p> <p>Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болатынын.</p> <p>Қолданады: дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.</p> <p>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>«Бейнеле» Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шенбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. Түсіну: «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды. Қолдану: «Домалайды - домаламайды» дидактикалық ойыны Егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады. Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп.</p>	<p>жеңімпаз анықталады. Көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. Мысалы: «л»– <i>Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;</i> «м» – <i>мақта, малта, маймыл, малақай;</i> «н»– <i>нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;</i> «р» – <i>рауғаш, Рауан, Раушан, риза;</i> «у» – <i>уылдырық, уақ.</i></p>		<p>Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шенбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. Түсіну: «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.</p>	<p>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. Білу: «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны. Балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұян дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.</p>
--	---	---	--	--	--

1 үзіліс - 02:25 - 02:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусак ойындары

Саусак ойыны: «Гүл»

Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады.

Саусақтар ашылады.

Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады:

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаңда.

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.



Саусак ойыны: «Санамак»

Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді.

Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп,

Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап.

Басбармақ,


Балан үйрек,

Орган терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

Бала қозғалыстарды қайталайды.



Ұшқыштар

Мақсаты: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

Шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген аяқтарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай.

«Ұшқыштар ұшуға дайындалындар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 02.35 – 03.00

2.Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет

Міндеті: Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету . балалардың ойлау қабілетін дамыту, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу

2.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек

Міндеті: баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту . Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қауіпсіз ережесі туралы алған білімдерін дамыту;

2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет

Міндеті: әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту; **Тақырыбы:** «Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.) **ҮІӘ мақсаты:**

2.Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет

Міндеті: Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелігін

<p>Тақырыбы: Шаштараз. Ә. Дүйсенбиев.</p> <p>ҮІӘ мақсаты: Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.</p> <p>Дағды: Демонстрациялық материалмен жұмыс. Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады;</p> <p>Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді;</p> <p>Қолданады: өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Жұмбақтар шешу.</p>	<p>Тақырыбы: Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.</p> <p>ҮІӘ мақсаты: тұрмыстық техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу; қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Дағды: Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: тұрмыстық техниканы қолдану ережесін дұрыс сақтайды, үлкендердің көмегінсіз электр тогына қоспайды;</p> <p>Түсінеді: тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін;</p> <p>Қолданады: өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің айтқан ескертпелерін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>			<p>Дауыссыз дыбыстар.</p> <p>Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру;</p> <p>Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Дағды: Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;</p> <p>Түсінеді: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін;</p> <p>Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Таңдап ал да, атын айт».</p> <p>Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді.</p> <p>Әдіс-тәсілдер:</p> <p>Жаңылтпаш жаттау</p> <p>Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.</p> <p>Қай тай лақтай?</p> <p>Қай лақ бармақтай?</p>	<p>сезінуге үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Әдептілік әлемі (өлең оқу)</p> <p>Ермек Өтетілеуұлы.</p> <p>ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.</p> <p>Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;</p> <p>Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады;</p> <p>Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>
--	--	--	--	---	---

2 үзіліс – 03:00 – 03:10

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

	<p>2. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіруге дағдыландыру</p> <p>Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау..</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды.</p> <p>Түсінеді: тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді.</p> <p>Қолданады: Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Түсіну: «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.</p> <p>-Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.</p> <p>-Елтаңбада тұлпар бейнеленген.</p> <p>-Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p> <p>Қолдану: Тақпақ жатта.</p>	<p>3. Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Бұлттар.</p> <p>ҮІӨ мақсаты: балаларға қолмен жыртыу әдісі арқылы бұлттың бейнесін құрап жасауға үйрету.</p> <p>Дағды: баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: қағазды ұсақтап жыртып ;</p> <p>Түсінеді: жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін;</p> <p>Қолданады: бұлттарды жасау үшін жыртыу тәсілін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: « Біз тамшылармыз» қимылды ойыны.</p> <p>Педагог бұлт кейпіндегі тәжді киеді. Балаларға да тамшы бейнеленген қағаздан тәж кигізеді. Өзі бұлт-ана, ал балалар – оның тамшылары болады. Бұлт-ана тамшыларды жер бетіне қыдыруға жібереді, өсімдіктерді суғару, жер бетін жуу туралы кеңес береді.</p>	<p>4. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет</p> <p>Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру.</p> <p>Дыбыстық талдау.</p> <p>ҮІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p>Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.</p> <p>Дағды: Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін.</p> <p>Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.</p> <p>Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю)</p>	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет</p> <p>сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.</p> <p>Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау.</p> <p>Дағды: сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, тақпақты жаттайды, сөздерді жекеше және көпше түрде айтады.</p> <p>Түсінеді: Нұр-Сұлтан – астана екенін.</p> <p>Қолданады: астананы атай алады, көрікті орындарын біледі, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек –</p>	<p>3. Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек ойын, қимыл белсенділігі</p> <p>Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру.</p> <p>Тұқымнан не өсіп шығады?</p> <p>Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту.</p> <p>Дағды: Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен,</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп- дөңгелек, өрнекті. Ө. Ақыпбекұлы</p>		<p>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (<i>сауысқан</i>) Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (<i>мысық</i>) Колғап, көйлек, шалбар, етік. (<i>көйлек</i>) Май, шай, нан, қант, қасық. (<i>қасық</i>)</p>	<p>бәйтерек. І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Білу: «Жалғастыр» ойыны. Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Та... (таза) Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.) Нұр-Сұлтан – ... (Нұр- Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p>баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді. Түсінеді: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді. Қолданады: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Кімге/неге айналамыз?» ойынына қатысады. Тұқым неге айналады? Жұлдызкүрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады? Балапан кімге айналады? Ұн не болады? Бала кім болады? Өзекті мәселе: Балаларды экологиялық ертегі тыңдауға шақырады. «Рәбиға әжей мен Қазтамақ» ертегісін мұқият тыңдайды.</p>
--	--	--	---	--	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

Саусақ жаттығулары

Әдістемелік түсінік: Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

1. Барабанда ойнаймыз. Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып,



Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.


Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі

<p>тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.</p> <p>2. «Біздер – ұстамыз». Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.</p> <p>3. «Дүрбілер». Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберімен жан-жағына қарайды.</p>		<p>сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.</p>			
<p>4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</p>					
	<p>4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге дағдыландыру. Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедргілер алабынан өтуге, өз әрекеттерінкомандасымен үйлестіруге үйрету. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге дағдыландыру.</p>	<p>5. Музыка-шығармашылық әрекет Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Егеменді елім ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Дағды: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды. Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.</p>	<p>5. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Мерген болғым келеді ҮІӨ мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Дағды: Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеденаяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; 30 см биік орындықтан секіруді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді; еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынғанқапшықпен</p>	<p>5. Музыка-шығармашылық әрекет Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Тақырыбы: Қысқы орманда. ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен</p>	<p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Тақырыбы: Әкем, анам және мен! Отбасымызбен бірге жаттығамыз. ҮІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліпжатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және</p>

	<p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп жүруді. Түсінеді: кедергілер алабынан қалай өту керектігін, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруді, шектеулі жазық бетімен жүргенде тепе-теңдік сақтауды. Қолданады: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын, қол ұстасып шеңбермен жүруді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Бастаушыға доп бер!» ойыны Ойыншылар мен жүргізушілерге арнап бау қояды. Бірінші ойыншыларға қарама-қарсы 2 м қашықтықта жүргізушілер доп ұстап тұрады. Ойыншылар тізбекте тұрып, қолдарын алдындағы ойыншының иығына қояды. Белгі бойынша жүргізушінің артынан кедергілерден жүгіріп өте бастайды. Өтіп болған соң келесі бала жүргізуші болады да, алдыңғы бала артқа барып тұрады</p>	<p>Қолданады: үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру. Білу: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.</p>	<p>қолды екі жаққа созып жүруді. Түсінеді: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін. Қолданады: күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Көзге арналған гимнастика: «Әдемі көбелек» «Әдемі көбелек бізге ұшып келді». «Әдемі көбелек, көзімізді тынықтырайық». Білу: «Көңіл күй» Ым-ишарамен түрлі көңіл күйлерді көрсету. Шеңберге тұрады. Күзгі бұлт сияқты Күн, самал жел сияқты күлімсірейді. Құйын, қарлы боран сияқты ашуға басады. Найзағайды көріп, қорыққан адамның кейпін салады. Боран ішінде шаршап келе жатқан адамды салады. Бұтақта отырған немесе толқынмен тербеліп тұрған кемеңі салады.</p>	<p>шенберді айналып жүруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды. Түсінеді: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Қолданады: пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру. Білу: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.</p>	<p>шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы» «Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адымалға, түк – бір адым артқа (3 рет) ».</p>
--	---	---	---	--	--

4 үзіліс – 11:30 – 12:30
Балалардың дербес іс-әрекеті
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар

«Оң жақта»



Ойын: «Оң жақта»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.

Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.

1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.

2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.

3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.

Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.

1.«Дөңгелекті лақтыр»

Мақсаты:

Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.

Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.



Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11.30 – 12:10	Қараша Серуен-Бақылау №11 Ұшып кететін құстарды бақылау Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; — Құстарға деген	Қараша Серуен-Бақылау №12 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну. Бақылау барысы. Көркем сөз «Алғашқы қар»	Қараша Серуен-Бақылау №13 Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы,	Қараша Серуен-Бақылау №14 Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген	Қараша Серуен-Бақылау №15 Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын

	<p>танымдық қызығушылығын арттыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде</p> <p>Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:</p> <p>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)</p> <p>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)</p> <p>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)</p> <p>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндіктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)</p> <p>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-</p>	<p>Қ. Ыбыраев</p> <p>Бейне ақ бұлт қоныпты, Аулаға қар толыпты. Атам аңға шығатын, Нағыз сонар болыпты. Інім тұрып ертерек: «Бір – ақ түнде қарашы, Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары:</p> <p>*Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (екі – үш күн)</p> <p>*Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал)</p> <p>*Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде)</p> <p>Зерттеу жұмысы:</p> <p>Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу.</p> <p>Еңбек:</p> <p>Ағаш түптерін қармен жабу.</p> <p>Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Қимылды ойын:</p> <p>«Бір, екі, үш - тез жүгір!»</p> <p>Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>*Белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру;</p> <p>*Затты нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау.</p> <p>Халық болжамы:</p> <p>Қарашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс, Үш күн жатса – үш ай қыс болады.</p>	<p>түннің ұзаруы)</p> <p>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды).</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз А. Сәрсеков</p> <p><i>Күзгі ауланың талдары Кейде құйын өтеді Желмен басын шайқайды Тозаңдатып жан-жақты Дәурен өтіп жаздағы Кейде құйын кетеді Күздің желі соғады Доп қылып ап жапырақты Бейне тентек баладай Ойран-асыр салады Алма бағын жағалай Алмаларын қағады</i></p> <p>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <p>◆ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (Күміс күз.)</p> <p>◆ Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау)</p> <p>Еңбек: Ауладағы қоқыстарды жинау.</p> <p>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат</p>	<p>қызығушылықта-рын арттыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз .</p> <p>Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар.</p> <p>◆ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.)</p> <p>◆ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? ? (барлық жерді қар басты.)</p> <p>◆ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)</p> <p>◆ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)</p> <p>◆ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)</p> <p>◆ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлерде әртүрлі жиналады)</p> <p>◆ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)</p> <p>◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды жиналады)</p> <p>◆ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)</p> <p>◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды жиналады)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар</p>	<p>арттыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз .</p> <p>Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар.</p> <p>◆ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.)</p> <p>◆ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)</p> <p>◆ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)</p> <p>◆ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)</p> <p>◆ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)</p> <p>◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды жиналады)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..</p> <p>Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу</p> <p>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;</p> <p>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) *Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады) Еңбек: Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау <i>Мақсаты: құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу</i> Қ/О: «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту</i> Жаттығу ойындары Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру <i>Мақсаты: қозғалыс белсенділіктерін дамыту</i></p>		<p><i>алуға тәрбиелеу .</i> Қ/О: «Бәйге» <i>Мақсаты:</i> — Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ; — Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. Жаттығу ойындары: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. <i>Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу</i> Халық болжамы: -Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяқ болады.</p>	<p>қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу <i>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;</i> — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қу түлкі». <i>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.</i> Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.</i></p>	<p>Қимылды ойындар: «Қу түлкі». <i>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.</i> Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.</i></p>
--	---	--	--	--	---

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
--	---	---	--	--	--

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.11 – 02.12. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 28.11	Сейсенбі 29.11	Сәрсенбі 30.11	Бейсенбі 01.12	Жұма 02.12
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сәйкестендіру ойыны: «Қысқы ойындарды атап, тап» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру, есту қабілетін, логикалық зейінді дамыту. Сөздікті белсендіру-сөйлеудегі антонимдерді бекіту. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып, еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру. Балалар	Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Баспалдақты жина» Мақсаты: негізгі түстерді білуді бекіту. Әдістемелік нұсқаулар: Ең ішісінен үлкенге қарай ретімен жинау керек. Балалар жинайтын түсті таңдайды. Команда бойынша "Бастайды!" балалар баспалдақты жинайды. Тезірек жинайтын бала жеңеді. Ықтимал күрделендіру: Баспалдақтың түстерін атайды 1-10 тура және кері санайды.	Дене шынықтыру – коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Ойын шарты: <i>1-ші нұсқа.</i> Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. <i>2-ші нұсқа.</i> Жүргізуші	Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Өрнекті кім тез анықтайды» Мақсаты: Оюдағы өрнектерді бөлу іскерлігін бекіту Құрал-жабдықтар: 12 нұсқалы бейне (20x10) киіз үй, сәукеле, шапан, камзол карточка түрінде 12 кесте жасалған. Әрбір карточкада шапан мен сәукеледе т.б. кездесетін ою құрылымдары, « жоғалып» кеткен өрнектер салынған. Әдістемелік нұсқау: Балалар кесте салынған ою-өрнектерді қарайды. Олардың аттарын	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны : "Қыста не болады" Ойын шарты: "Жыл мезгілдері" үстел ойынын қолдана отырып өткізіледі. Балалар қыс мезгілін бейнелейтін үлкен картаға, жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай карточкаларға сәйкес келеді Ықтимал күрделендіру: Ой дамыту Ойынның нұсқаулары: Көрнекі зейіннің дамуы . Тақырып бойынша сөздікті белсендіру.

суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады «Керісінше».

Ойын шарты: Мұғалім логикалық тұрғыдан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар оны жоққа шығарады. Мысалы, қар қара (жоқ, ақ), Аққала ыстық (жоқ, суық), жапырақтары бар ағаштар (жоқ, жалаңаш), күн жылынады (жоқ, жарқырайды), құстар ән айтады (жоқ, қатып қалады), аю орманда серуендейді (жоқ, Орда ұйықтайды).



Ойынның нұсқаулары: Тәрбиеші белгісі бойынша бастау керек.



белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. **3-нұсқа.** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.




атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей « жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңілпас болады.


Ықтимал күрделендіру:

Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.

Ойынның нұсқаулары:

Өрнектердің аттарын атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей « жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңімпаз болады.



					
Таңертенгі жаттығу	<p>№16 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №16</p> <p>Жиынтық жаттығулар</p> <p>1. Б.к.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет).</p> <p>4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p>	<p>№17 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №17</p> <p>Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).</p> <p>4. Б.к.:аяқ сәл алшақтатылған,</p>	<p>№18 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №18</p> <p>Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет).</p> <p>2. Б.к.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).</p> <p>3. Б.к.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (3 рет).</p> <p>4. Б.к.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бұғу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>5. Б.к.: аяқ бірге, текшелер</p>	<p>№19 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №19</p> <p>Жиынтық доппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>4. Б.к.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет).</p> <p>5. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).</p>	<p>№20 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №20</p> <p>Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: сондай, таспалар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет).</p> <p>4. Б.к.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p>

		сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секію (2 рет).	еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет).			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
<i>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты</i>						
09.00-11.30 ҰІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	28.11.22 <i>Дүйсенбі</i>	29.11.22 <i>Сейсенбі</i>	30.11.22 <i>Сәрсенбі</i>	01.12.22 <i>Бейсенбі</i>	02.12.22 <i>Жұма</i>
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Қағаз бетінде бағдарлау ҰІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дағды: Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Есте сақтау сөйлеу назар аудару қолдың ұсақ моторикасын дамыту Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн. ҰІӨ мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. Дағды: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн. ҰІӨ мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. Дағды: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық	

	<p>сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Түсіну: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны.</p>	<p>Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Түсіну: «Доп» сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. <i>Доп – 3 -дыбыс, 1 буын.</i></p>	<p>ойлауды дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; Түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; Қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды.</p>	<p>моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; Түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; Қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды. Білу: Сағаттың модельдерімен жұмыс (циферблат сағат тілімен). Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)</p>	<p>талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: <i>тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сұт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай</i> т.б.</p>
--	--	---	--	--	--

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»

Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

Тіл гимнастикасы

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Ойын: «Сүйкімді бақалар» қимылды ойыны

Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тындайды. (қайда тұрады, немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы, қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар өзен жағасында серкіріп ойнап, ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар өзенге скіріп үлгеруі керек.

Керекті құралдар: Балалар санына қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау. Көк матаны өзен қылып ортаға жайу.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

	<p>2. Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Қыс(А.Құнанбаев). ҮІӨ мақсаты: «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.</p>	<p>2. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? ҮІӨ мақсаты: Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері</p>	<p>3. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту. Тақырыбы: Мысық, әтеш және түлкі. (ертегі) ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың</p>	<p>4. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Қыс(А.Құнанбаев). ҮІӨ мақсаты: «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту. Тақырыбы: Мысық, әтеш және түлкі. (ертегі) ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру.</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Дағды: Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады;</p> <p>Түсінеді: өлең мазмұнын, аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;</p> <p>Қолданады: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.</p> <p>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p>Түсіну:</p> <p>Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».</p> <p>Мақсаты: Салынған суретті</p>	<p>туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Дағды: Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.</p> <p>Түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.</p> <p>Қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында <i>салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.</i></p>	<p>қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұны арқылы кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екені туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дағды: Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді;</p> <p>Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;</p> <p>Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: <i>Есіңе сақта:</i> «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».</p>	<p>Дағды: Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады;</p> <p>Түсінеді: өлең мазмұнын, аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;</p> <p>Қолданады: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.</p> <p>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p>	<p>Ертегінің мазмұны арқылы кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екені туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дағды: Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді;</p> <p>Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;</p> <p>Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: <i>Есіңе сақта:</i> «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».</p>
--	---	---	--	---	--

	тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдыңсуретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.			Түсіну: Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдыңсуретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.	
--	---	--	--	--	--

2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

<p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p>	<p>Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.</p>	<p>Ойын: «Табан балық және шортан» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.</p>
--	---	--





3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55

	<p>2. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білудегі дамыту.</p> <p>Тақырыбы: «Мың бір мақал, жүзбір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Алған білімдерін тиянақтау. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақжаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дағды: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: тапсырмаларды орындайды, сөздерді қайталайды.</p> <p>Түсінеді: мақал-мәтелді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды түсінеді.</p> <p>Қолданады: қарапайым сұрақтарға жауап бере алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: I айналым: Мақал. Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге)Отан ... т.б</p>	<p>3. Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту</p> <p>Тақырыбы : Орманды мекендеушілер.</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету; табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету.</p> <p>Дағды: оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру,</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: табиғи материалдардан әртүрлі ұсақ заттар жасай алады;</p> <p>түсінеді: табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптасады;</p> <p>қолданады: ұжымдық жұмыс жасай біледі және мазмұнды құрастыру арқылы шығармашылық қиялдары дамиды.</p>	<p>4. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Тақырыбы: Дыбыстық талдау. [ң]</p> <p>ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын.</p> <p>Қолданады: дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз – ... (қалалар) Ертiс, Едiл, Жайық, Iле – ... (өзендер) Ту, гимн, елтаңба – ... (рәміздер)</p>	<p>5. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Тақырыбы: Әсем қала – Алматы</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады.</p> <p>Түсінеді: Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді.</p> <p>Қолданады: Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>3. Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек ойын, қимыл белсенділігі Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту</p> <p>Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?</p> <p>ҮІӨ мақсаты: Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Дағды: Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.</p> <p>Түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.</p> <p>Қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>II айналым: Жұмбақ Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала)</p> <p>III айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Балалар жай, жылдам қайғалайды.</p> <p>а) Дөп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай.</p> <p>ә) Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай.</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Үстел үстіне орман көрнісі дайындалады, балалар өздері жасаған аңдарын әкеліп орналастырады.</p>	<p>Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (мамандар)</p> <p>Кітап, дәптер, портфель – ... (мектеп құралдары)</p> <p>Қолдану: «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.</p> <p>1-тапсырма. Балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.</p> <p>Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.</p> <p>2-тапсырма. Балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.</p> <p>Мақта, мысық, моншак, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.</p>	<p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ө-ө-ө-ө – көөк-төбе-көктөбе. Ә-ә-ә-ә – әсем-әсем.</p> <p>Білу: «Жалғастыр» ойыны. Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Сая... (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).</p>	<p>алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.</p>
--	--	---	---	--	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары




Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»

Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.

Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады.

Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30

	<p>5. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру Тақырыбы: Әкем, анам және мен! Отбасымызбен бірге жаттығамыз. ҮІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біратгас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліпжатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді.</p>	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге бейімдеу Тақырыбы: Қысқы орманда. ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Дағды: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды.</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру Тақырыбы: Тату-тәтті баламыз. ҮІӨ мақсаты: Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымныңұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруды жалғастыру. Дағды: Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін.</p>	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Тақырыбы: Орманда серуендейміз. ҮІӨ мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды. Түсінеді: ән айту дағдыларын. Қолданады: би қимылдарын және</p>	<p>5. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру Тақырыбы: Менің көңілді добым. ҮІӨ мақсаты: Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыружәне жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: «Допты еденге соқ» - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң,</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді.</p> <p>Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін.</p> <p>Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы» «Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адымалға, түк – бір адым артқа (3 рет)».</p>	<p>Түсінеді: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Қолданады: пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.</p> <p>Білу: Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.</p>	<p>Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады.</p> <p>Білу: Сауықтыру массажы: «Шапалақта». (3 рет)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алақандарын бір-біріне үйкелейді. 2. Алақандарымен шекелерін шапалақтап соғады. 3. Беттерін шапалақтап соғады. 4. Мойындарын шапалақтап соғады. 5. Кеуделерін шапалақтап соғады. 	<p>ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу</p>	<p>сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).</p> <p>Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.</p> <p>Түсіну: Басқа массаж жасау.</p> <p>Мақсаты: қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау. Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді. Саусақтарымен тарақ сияқты желкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды. «Қуаласпақ»: саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу». Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту. Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды.</p>
<p>4 үзіліс – 11:30 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті</p>					

Сюжеттік ойын:

«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын

Мақсаты :

Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету, өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардың мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .

Жағдаят:

- Үстелді таңдау;
- Ас мәзірімен танысу;
- Тапсырысты қабылдау ;
- Тапсырысты орындау;
- Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);
- Тапсырысқа төлеу;
- Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.




Сюжеттік ойын :

«Мен өзгердім»

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету және эмоцияға қалай кіруге болады,рөлді қалай ойнау керектігін дамыту.

Керекті құралдар: түрлі бас киім,(сары,көк,жасыл)

Мазмұны:Тәрбиеші бірінші қызыл түсті бас киімді киеді.Сол кезде ол өзінің өзгеріп кеткеніін іс-қимыл,дауыс ырғағын өзгерту арқылы көрсетеді. Мәселен түк білмейтінге ұқсап,көзін үлкейтеді.Екінші бас киімді кигенде (көк) үнемі күліп жүретін адамды келтіреді.Сары бас киімді кигенде билеп кетеді. Осылайша қайталап көрсетіледі де балалар өздері жалғастырып ойнайды.



Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11.30 – 12:10	Қараша Серуен-Бақылау №16 Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала	Қараша Серуен-Бақылау №17 Қар жауып тұрған көріністі бақылау Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап	Қараша Серуен-Бақылау №18 Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.	Желтоқсан Серуен-Бақылау №1 Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым!	Желтоқсан Серуен-Бақылау №2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.

	<p>Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу. Жеке жұмыс : қарды жұмырлап, қатты қысу. Мақал: Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады. Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.</p>	<p>жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.</p>	<p>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.</p>	<p>Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады.</p>	<p>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз киыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздағатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын: «Ортаға түспек» Мақсаты : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек : қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс : шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады.</p>
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10					

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
---	--	--	---	---	---

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: *Кунтлеуова Л*

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.12 – 09.12. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.12	Сейсенбі 06.12	Сәрсенбі 07.12	Бейсенбі 08.12	Жұма 09.12
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сәйкестендіру ойыны: «Қысқы ойындарды атап, тап» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру, есту қабілетін, логикалық зейінді дамыту. Сөздікті белсендіру-сөйлеудегі антонимдерді бекіту. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып, еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру. Балалар	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Баспалдақты жина» Мақсаты: негізгі түстерді білуді бекіту. Әдістемелік нұсқаулар: Ең ішісінен үлкенге қарай ретімен жинау керек. Балалар жинайтын түсті таңдайды. Команда бойынша "Бастайды!" балалар баспалдақты жинайды. Тезірек жинайтын бала жеңеді. Ықтимал күрделендіру: Баспалдақтың түстерін атайды 1-10 тура және кері санайды.	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Ойын шарты: <i>1-ші нұсқа.</i> Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. <i>2-ші нұсқа.</i> Жүргізуші	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Өрнекті кім тез анықтайды» Мақсаты: Оюдағы өрнектерді бөлу іскерлігін бекіту Құрал-жабдықтар: 12 нұсқалы бейне (20x10) киіз үй, сәукеле, шапан, камзол карточка түрінде 12 кесте жасалған. Әрбір карточкада шапан мен сәукеледе т.б. кездесетін ою құрылымдары, « жоғалып» кеткен өрнектер салынған. Әдістемелік нұсқау: Балалар кесте салынған ою-өрнектерді қарайды. Олардың аттарын	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны : "Қыста не болады" Ойын шарты: "Жыл мезгілдері" үстел ойынын қолдана отырып өткізіледі. Балалар қыс мезгілін бейнелейтін үлкен картаға, жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай карточкаларға сәйкес келеді Ықтимал күрделендіру: Ой дамыту Ойынның нұсқаулары: Көрнекі зейіннің дамуы . Тақырып бойынша сөздікті белсендіру.

суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады «Керісінше».

Ойын шарты: Мұғалім логикалық тұрғыдан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар оны жоққа шығарады. Мысалы, қар қара (жоқ, ақ), Аққала ыстық (жоқ, суық), жапырақтары бар ағаштар (жоқ, жалаңаш), күн жылынады (жоқ, жарқырайды), құстар ән айтады (жоқ, қатып қалады), аю орманда серуендейді (жоқ, Орда ұйықтайды).



Ойынның нұсқаулары: Тәрбиеші белгісі бойынша бастау керек.



белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. **3-нұсқа.** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.




атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей « жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңілпас болады.

Ықтимал күрделендіру: Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.

Ойынның нұсқаулары: Өрнектердің аттарын атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей « жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңімпаз болады.



					
Таңертенгі жаттығу	<p>№21 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №21</p> <p>Жиынтық жаттығулар</p> <p>1. Б.к.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет).</p> <p>4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p>	<p>№22 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №22</p> <p>Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).</p> <p>4. Б.к.:аяқ сәл алшақтатылған,</p>	<p>№23 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №23</p> <p>Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет).</p> <p>2. Б.к.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).</p> <p>3. Б.к.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (3 рет).</p> <p>4. Б.к.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бұғу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>5. Б.к.: аяқ бірге, текшелер</p>	<p>№24 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №24</p> <p>Жиынтық доппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>4. Б.к.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет).</p> <p>5. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).</p>	<p>№25 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №25</p> <p>Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>2. Б.к.: сондай, таспалар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> <p>3. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет).</p> <p>4. Б.к.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p>

		сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секіюу (2 рет).	еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет).			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
<i>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты</i>						
09.00-11.30 ҰІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	05.12.22 Дүйсенбі	06.12.22 Сейсенбі	07.12.22 Сәрсенбі	08.12.22 Бейсенбі	09.12.22 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдарды есептерді шығару Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; Тақырыбы: Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн. ҰІӨ мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру берілген буынға сөз құрауды үйрету Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: дыбыстық талдау жасауларын одан әрі жетілдіру. Дағды: Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны Педагог дауысты жуан және	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдарды есептерді шығару Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; Тақырыбы: Апта күндері. ҰІӨ мақсаты: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту	Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдарды есептерді шығару Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; Тақырыбы: Апта күндері. ҰІӨ мақсаты: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер:	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру берілген буынға сөз құрауды үйрету Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық	

	<p>дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. Дағды: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Меңгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды;</p> <p>Түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін;</p> <p>Қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды.</p> <p>Білу: Сағаттың модельдерімен жұмыс (циферблат сағат тілімен). Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойыңдар?</p>	<p>жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – <i>а, о, ұ, ы, у;</i> жіңішке дауысты дыбыстар – <i>ә, ө, е, э, і, и, у, ү.</i></p> <p>Түсіну: «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: <i>та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі, мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, тү-йе, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар, ты-мақ, қар-быз, бал-мұз-дақ, ұ-шақ, ке-ме, вагон, ша-на, шал-ғы, кі-лем т.б</i></p>	<p>дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Меңгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;</p> <p>түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;</p> <p>қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні күн бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбіде жаңбыр жауды.</p>	<p>Меңгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні күн бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбіде жаңбыр жауды.</p>	<p>талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды.</p> <p>Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.</p> <p>Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Тіл ұстарту Ақ-ақ-ақ, Тастан-тасқа секірді <u>лақ</u>. Ма-ма-ма, Лақты қораға <u>қама</u>. Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым <u>таң</u>. Рақ-рақ-рақ, Керек маған <u>тарақ</u>. Уық-уық-уық, Қорада тұр тауық.</p>
--	--	---	---	---	---

(Сағаттың қысқа тілі
5 цифрын, ал ұзыны
12-ні көрсетеді.)

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»

Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

Тіл гимнастикасы

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Ойын: «Сүйкімді бақалар» қимылды ойыны

Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тындайды. (қайда тұрады, немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы, қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар өзен жағасында серкіріп ойнап, ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар өзенге скіріп үлгеруі керек.

Керекті құралдар: Балалар санына қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау. Көк матаны өзен қылып ортаға жайу.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

2. Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет

Балалардың сөздік қорын дамыту

Ажарлы қыс.

ҮІӨ мақсаты: «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.

Дағды: Әртүрлі ойын

2. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Жануарлардың жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы түсінігін қалыптастыру

Аквариумда не тіршілік етеді?

ҮІӨ мақсаты:

3. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Әңгімені эмоциялық бейнелік мазмұндап баяндауға баулу

Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)

Сағи Жиенбаев

ҮІӨ мақсаты: Жаңа жыл

4. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет

Балалардың сөздік қорын дамыту

Ажарлы қыс.

ҮІӨ мақсаты: «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.

Дағды: Әртүрлі ойын арқылы, балалардың

2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Әңгімені эмоциялық бейнелік мазмұндап баяндауға баулу

Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)

Сағи Жиенбаев

ҮІӨ мақсаты: Жаңа жыл

	<p>арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;</p> <p>Қолданады: айырмашылықтарын табады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.</p> <p>Түсіну: Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады. Жып-жылтыр боп жатады.</p>	<p>Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру.</p> <p>Дағды: Құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдық-зерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасай отырып дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: аквариумда тіршілік ететін балықтардың бірнеше түрін атап көрсетеді. түсінеді: балықтардың құрылымын, өзіне тән белгілерін, қимылдарын түсінеді. қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Зерттеу жұмысы: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін.</p>	<p>туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтерінкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Дағды: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Сергіту сәті: Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. <i>Балалар қимылмен орындайды.</i></p>	<p>қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;</p> <p>Қолданады: айырмашылықтарын табады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.</p> <p>Түсіну: Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады. Жып-жылтыр боп жатады.</p>	<p>туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтерінкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Дағды: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Сергіту сәті: Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. <i>Балалар қимылмен орындайды.</i></p>
--	--	---	--	---	--

2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған

Кім қалай дыбыстайды?

(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен).

- Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен).

- А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеміз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.

Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

Дикциялық жаттығу

Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.

Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.

Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сең келеді,

Сегіз серке тең келеді.



Ойын: «Табан балық және шортан»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.

Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.

Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.



3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

3. Қазақ тілі -

3. Сурет салу -

3. Сауат ашу негіздері -

4. Қазақ тілі -

3. Қоршаған ортамен

	<p>композициялар жасауға үйрету; Заттың бірнеше тең бөліктері. ҮІӨ мақсаты: Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік». Дағды: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; Түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; Қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды; Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді. Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Түсіну: Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең) -Олардың саны қанша? (екі бөлік) -Қарбыздың бір бөлігін</p>	<p>Дағды: Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулеу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Дыбысты балға»дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар. Мысалы: <i>парта, ферма, бидон, вагон, кітап, Камшат, гүл, галым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат.</i> Білу: Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?» – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастандар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастандар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс</p>	<p>таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. Дағды: Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Жоғалған дыбысты тап»дидактикалық ойыны –Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: <i>көгерші... (н), балмұзда... (қ), домбыр... (а), қасқы... (р), шыри... (а), банк... (а), шеле... (к), арб... (а), сегі... (з), уылдыры... (қ), күнбағы... (с), монш... (а), кіта... (н), журна... (л), үсте... (л), орынды... (қ), баспалда... (қ), мекте... (н).</i> Қолдану: «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>қалай атауға болады? (жарты) -Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең) -Олардың саны қанша? (төрт бөлік) -Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір) -Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең) -Олардың саны қанша? (үш бөлік) -Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)</p>	<p>үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» Қолдану: «Не артық?» дидактикалық ойыны Бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтамын. Балалар сол артық сөзді табуы керек. Мысалы: нан, шай, май, тай – ...<i>(тай)</i> Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... <i>(тақ)</i> Алма, шие, бөрік, өрік – ... <i>(бөрік)</i> Екі, үш, төрт, бес, кес – ... <i>(кес)</i></p>	<p>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.</p>	<p>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.</p>	<p>сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жуғышта ілулі – (сүлгі). Білу: «Әтеи» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз, Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>
--	--	--	---	---	---

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - рөлді ойын: арналған ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Басты мақсат: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Еліктеу ойындары: «Кім жақсы айтады»

P-p-p-ppp



Сюжетті - рөлді ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші



суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөнгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.40 – 10.10

<p>2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Үлкендерді сыйлауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу Кім ақылды?(М.Төрежанов). (әңгіме) ҮІӨ мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;</p>	<p>2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Табиғат пен адамгершілік қарым қатынаста болуға үйрету Алақай, көктем келді! ҮІӨ мақсаты: Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Дағды: Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді. Түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді. Қолданады: тәжірибеалды жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету; Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер:</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ мақсаты: Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді; Түсінеді:әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітпалмауды; Қолданады: буынға буын</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету; Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер:</p>
--	--	---	--	---

<p>Түсінеді: әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітпалмауды; Қолданады: буынға буын жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Түсіну: «Ақыл азбайды, білім тозбайды» Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады. Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шеңберлер, сәуле). Пайдалану – күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет. Қолдану: «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады. П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды? Б: Аспанда күн болған жоқ. П: Кейін күн қайда кетеді? Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.</p>	<p>Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Есіңе сақта: «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.</p>	<p>жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Түсіну: «Ақыл азбайды, білім тозбайды» Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–</p>	<p>Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Есіңе сақта: «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.</p>
--	---	---	--	---

2 үзіліс – 10:10 – 10:40
Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Артикуляциялық жаттығулар:


Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу онай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терен»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп
айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын дамыту
Асханада

3. Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
Құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету,

3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет
Сөйлем және сөздерге дыбыстық талдау жасау;
ҮІӘ мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;
Әжемнің базарлығы.
ҮІӘ мақсаты: Ұлттық

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Табиғат пен адамгершілік қарым қатынаста болуға үйрету
Алақай, көктем келді!

	<p>ҮІӨ мақсаты: Білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту; тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Дағды: Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: тағам атауларын біледі, сөздерді анық дұрыс айтады, диалог құрастырады.</p> <p>Түсінеді: тақпақтағы сөздерді түсінеді.</p> <p>Қолданады: сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: «Өзің пісірген ас дәмді».</p> <p>Дуылдасты балалар, Шуылдасты балалар, Өздерінше ойнайды, Өздерінше тойлайды. Шай әкелді біреуі, Май әкелді біреуі, Сүт әкелді біреуі, Ет әкелді біреуі. Бірі күріш әкелді, Бірі бұрыш әкелді, Бірі алма әкелді, Бірі нан да әкелді. Бірі сүртіп табакты Бірі құйды тамақты. Дөңгелене отырып,</p>	<p>берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу, оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.</p> <p>Дағды: Құрылыс материалдарымен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту, жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.</p> <p>Түсінеді: бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастырады, олардың бөлшектерін берік орнатады және бөліктерінің аттарын атай алады.</p> <p>Қолданады: «Лего» конструкторлардың пішініне, көлеміне қарай таңдай отырып одан әртүрлі көліктер құрастырады, оларды сөзбен сипаттап айтып береді, оларды құру кезеңдерін жоспарлай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: «Фото суреттер сөйлейді»</p> <p>Көлік түрлерінің суреттерін және фото суреттерді қарап,</p>	<p>Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.</p> <p>Дағды: Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: сөйлемді дұрыс құрайды.</p> <p>Түсінеді: қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді.</p> <p>Қолданады: берілген буындарды қолданып сөз құрайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны. Суреттер көрсетемін (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.</p> <p>Түсіну: «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</p> <p><i>Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.</i></p> <p>-табуынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p><i>Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i></p> <p>-ба буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p><i>Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байгазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.</i></p> <p>-са буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p><i>Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай,</i></p>	<p>тағам түрлерімен таныстыру; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдер құрастырады.</p> <p>Түсінеді: әр ұлттың ұлттық тағамдары болатынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: тағамдар ішінен ұлттық тағамдарды айыра біледі, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».</p> <p>Суреттермен жұмыс.</p> <p>-Мынау – бауырсақ.</p> <p>-Мынау не?</p> <p>-Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).</p> <p>–Бауырсақтың дәмі қандай?</p> <p>Сақ-сақ – дәмді бауырсақ.</p> <p>Сақ-сақ – жеймін бауырсақ.</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу.</p> <p>Қ-қ-қ-қ – қққымыз - қымыз</p> <p>Қ-қ-қ-қ – ққұрт - құрт</p> <p>Түсіну: «Сиқырлы қаламмен» жұмыс:</p> <p>Тағамдар</p> <p>Ойын: «Дұрыс ата».</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау.</p> <p>Дағды: Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді.</p> <p>Түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді.</p> <p>Қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады. Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шенберлер, сәуле). Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>Тостағанды толтырып, Палауларын жеді де, «Қандай тәтті», – деді олар.К. Мырза Әли</p> <p>Қолдану: Ойын «Асханада». Асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді.Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді.</p> <p>Білу: Жаңылпаш жаттау Ас аспай бас аспаз,Ас асты жас аспаз.</p>	<p>олардың жеке бөліктеріне назар аударады. Осыдан кейін балаларға ұшақтың, мәшиненің, қайықтың, мотоциклдің үлгілерін қарап көруді ұсынады.</p>	<p><i>сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i></p> <p>Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады.</p>	<p>Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді.</p>	<p>керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет.</p> <p>Қолдану: «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.</p> <p>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды?</p> <p>Б: Аспанда күн болған жоқ.</p> <p>П: Кейін күн қайда кетеді?</p> <p>Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.</p>
--	--	--	--	---	---

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.

<p>Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»</p> <p>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.</p> <p>Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.</p> <p>Ықтимал күрделендіру: тез ойла</p> <p>Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.</p>	<p>Сюжетті – рөлдік ойын. Тақырыбы: «Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия»</p> <p>Мақсаты :</p> <p>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету, өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп, балалардың мейрімділік қарым-қатынасын орнату. Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету.</p> <p>Жағдаят:</p> <p>Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым, алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап, ыдыс аяқ жуу.</p>	<p>Сюжеттік ойын. Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»</p> <p>Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.</p> <p>Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.</p> <p>Ойын шарты: Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.</p> <p>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.</p> <p>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.</p> <p>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.</p>
--	---	---



Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.20 – 11.50

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі
ҮІӨ міндеті: Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.
Дағды: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: тыныс алу

4. Музыка-шығармашылық әрекет
 Үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу
 Ана – өмір шырағы.
ҮІӨ мақсаты: Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
Дағды: Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Желаяқтар.
ҮІӨ міндеттер: Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.
Дағды: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның

4. Музыка-шығармашылық әрекет
 Сүйемелдеумен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;
 Домбыра сазы.
ҮІӨ мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау.
Дағды: Балаларға

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
 «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).
ҮІӨ міндеттері: Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгірумен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.
Дағды: «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Көлденен нысанаға асық лақтыру


	<p>жаттығуларын, допты тік нысанаға лақтыру, қолына доп ұстапденемен аунау.</p> <p>Түсіну: «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батырлар рөлі, «малдас құру», жүрелеп отыру, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тізеге тіреліп тұру, нысананың тура ортасына тигізу, таяқтардың арасына секіру, команданың жеңісіне ұмтылу.</p> <p>Қолданады: жүру, жүгіру кезінде арақашықтықты сақтай білу, сап түзеу, қайта сап түзеу, таяқтардан аттап секіру, бауырлап жүру.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Динамикалық жаттығу»</p> <p>Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру», отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру. 3 тізбекке сап түзеу.</p> <p>Түсіну: «Тыныс алу жаттығулары»</p> <p>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарайқолдарын түсіргенде дем шығару.</p> <p>Бастапқы қалып – сол қалып.</p>	<p>үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.</p> <p>Түсінеді: әннің мазмұнын түсінеді.</p> <p>Қолданады: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).</p> <p>Түсіну: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.</p>	<p>алдын алуға негізделген жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу.</p> <p>Түсінеді: Командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.</p> <p>Қолданады: бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p> <p>Білу: «Дуал саламыз!» ойыны</p> <p>Шаңғымен оң жаққа, сол жаққа сүйем қадамдар жасап жүреді.</p> <p>«Мұқият бол!» ойыны</p> <p>Балалардың барлығы Педагогтің белгісіне мұқият қарап, сәйкес қимылдар жасайды. Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды.</p> <p>Түсіну: Мимикалық жаттығулар</p> <p>Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауғатырысады.</p> <p>Қабағын түйіп (ашуланып), қасын босатады.</p> <p>Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану).</p> <p>Танауын керіп (бір иісті</p>	<p>арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды.</p> <p>Түсінеді: домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.</p> <p>Қолданады: әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: <i>Ән айту:</i> «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев).</p> <p>Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, –</p> <p>Қолдану: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Қос дабыл» (А. Райымқұлова).</p> <p>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру.</p> <p>Түсіну: <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).</p> <p>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>дағдаларын жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен «түзу қолмен төменнен» асық ату, арқаннан ұстап салбырап тұруды.</p> <p>Түсінеді: «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батыр бабалардың рөлі, нысананың дәлортасына тигізу, жұптағы іс әрекетін үйлестіріп, жүгіру мен белгілеген жерден итеріліп, секіруді үйлестіруді.</p> <p>Қолданады: жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, шеңбер бойымен өз бетімен тапсырмаларды орындау, сапқа тұру, қайта тұру, гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілмен өрмелеу дағдыларын.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Тыныс алу жаттығулары</p> <p>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.</p> <p>Бастапқы қалып – сол қалып.</p> <p>Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады.</p> <p>Түсіну: «Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарынеденге тигізіп, дем шығарады.</p> <p>Білу: «Ұлы дала кереметі». Өздерін далада, ортада от жағып, отты айнала демалып отырған батырлардай сезінуді ұсыну. Жан-жақта шексіз дала, жайылып жүрген жылқылар, отта жанып жатқан құрғақ отыншытыр-шытыр етеді. Дала дыбыстарын мұқият тыңдау. (Көздерін жұмып елестетеді).</p> <p>Батырлар жайлы алдын ала әңгіме жүргізіледі.</p>		<p>сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу. Көздерін қысып, жұмып, қайта босаңсу. Көздерін сығырайту, қайта босаңсу.</p>		<p>белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады.</p>
--	---	--	---	--	--

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

	<p>Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ»</p> <p>Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>Әдістемелік нұсқау: Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын.</p> <p>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.</p>
--	---

<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуника-</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден</p>	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет 1-ші қатар оқушыларымен</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру);</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам)</p>
---	--	---	--	--	---

<p>11.50 – 12:00</p>	<p>тивтік әрекет Көліктер бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.</p>	<p>10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету . Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.</p>	<p>«Кім болғым келеді?»сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</p>	<p>«Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .</p>	<p>Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. 2- ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>					
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p style="text-align: center;">Қаңтар Серуен-Бақылау №16 Терек ағашын бақылау Мақсаты: Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсындар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.</p>	<p style="text-align: center;">Қаңтар Серуен-Бақылау №17 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : Ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды манайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ♦ Күзде қандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі қандай? ♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? ♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? Зерттеу жұмысы</p>	<p style="text-align: center;">Ақпан Серуен-Бақылау №1 Ағаштарды бақылау Мақсаты: Ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. Әңгімелесу: *Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін) *Ағаштар неге қыста өспейді? *Ағаш тамырлары қалай қыстайды? *Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? *Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар</p>	<p style="text-align: center;">Ақпан Серуен-Бақылау №2 Мектеп бақшасын бақылау Мақсаты: Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; Зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)</p>	<p style="text-align: center;">Ақпан Серуен-Бақылау №3 «Алаңдағы ағаштарды» бақылау . Мақсаты: Балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма : «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суретпен айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»</p>

	<p>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады. сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.</p> <p>Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Өсем биік теректер, Балаларды өбектер.</p> <p>◆ Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.)</p> <p>◆ Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі</p> <p>◆ Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады)</p> <p>◆ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.)</p> <p>◆ Неге ағаш жапырақтары күзде түседі? (себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)</p> <p>Зерттеу жұмысы Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдыып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)</p> <p>Еңбек Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге» <i>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету</i></p> <p>Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру</p>	<p>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру</p> <p>Еңбек Жолды қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула қараушыға көмектесу.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» <i>Мақсаты: доға астынан еңбекпен өту дағдыларын жетілдіру.</i></p> <p>Жаттығу ойындары Секіру <i>Мақсаты: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</i></p> <p>Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.</p>	<p>түсуін бақылап, тыңдау.</p> <p>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын.</p> <p>Балаларға сұрақтар.</p> <p>◆ Ағаштардың қандай пайдасы бар?</p> <p>◆ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)</p> <p>Зеттеу жұмысы Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .</p> <p>Еңбек Жауған қарды ағаш түбіне үю. <i>Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?». <i>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</i></p> <p>Жеке жұмыс: «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.</p>	<p>◆ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)</p> <p>◆ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)</p> <p>◆ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)</p> <p>◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).</p> <p>Зерттеу жұмысы Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..</p> <p>Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу <i>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;</i> — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойындар: «Қу түлкі». <i>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.</i></p> <p>Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін</i></p>	<p>Мақсаты : секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.</p> <p>Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.</p>
--	---	---	---	---	--

	<p><i>Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.</i></p> <p>Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.</p> <p>Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек.</p>			<p><i>дамыту.</i></p>	
<p>Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40</p>					
<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Кунтлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ










Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.02 – 17.02. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.02	Сейсенбі 14.02	Сәрсенбі 15.02	Бейсенбі 16.02	Жұма 17.02
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны: «Көлеңкесін тап?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Суреттерде бейнеленген аңдардың, басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру. Ықтимал күрделендіру: Оларды атап айту, жүрісін көрсету. Ойынның нұсқаулары: Олардың айырмашылықтарын айтып</p>	<p>Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Үлкен заттарды тап» Мақсаты: көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне қарай ажыратуға үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: суреттердің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, түстерін ажырату.</p> 	<p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Мұнара құрастыр» Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар екіге бөлінеді. Шашылған дөңгелектерді бір-бірінің үстіне қойып жинастыру қажет. Әр бала</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мозайка үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны: «Мекенін тап» Мақсаты: Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және оларды дұрыс атауға үйрету. Олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар әрқайсысын оларды мекеніне орналастырып сәйкестендіру. Ықтимал күрделендіру: Оларды атап айту, жүрісін</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Еңбек ойыны : «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қосыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Әдістемелік нұсқаулар: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін</p>

	<p>өту, түсіндіру.</p>  		<p>бір дөңгелектен салып отыру керек. Орнымызға отырып көзімізге арналған жаттығу жасап жіберейік.</p>   	<p>көрсету. Ойынның нұсқаулары: Олардың айырмашылықтарын айтып өту, түсіндіру.</p>  	<p>үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.</p> 
<p>Танертенгі жаттығу</p>	<p>№ 1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</p>	<p>№ 1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа</p>	<p>№ 2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлімі: Бір сапқа тұру, саппен</p>	<p>№ 3 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары I. Негізгі бөлімі:</p>	<p>№ 4 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен) I. Негізгі бөлімі: Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі</p>

	<p>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар» - жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Б.к.: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Қайшы» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./ Б. қ.: «Жұлдызша» Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/ Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.</p>	<p>тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ.: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.к. : «Қайшы» Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды аяқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/ Б. қ.: «Қоян қашты» Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/ Шеңбер бойымен жүру</p>	<p>жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. II. Жалпы дамыту жаттығулары 1.Б.к. Тік тұру, қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою. Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 2. Б.к. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға созу. Орнына келу, сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.к. Тізеге тұру, қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою, пружинше қозғалу. Орнына келу, сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.к. Тізеге тұру, қол белде. Бір, екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау. 6 рет 5. Б.к. Тік тұру, қол екі жанда, қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет III. Тыныс алу жаттығулары. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару. Уф-уф-уф</p>	<p>Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. II. Жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.к. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 2. Б.к. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 3. Б.к. Тік тұру, қол белде. Бір, екі отыру, қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу. 5-6 рет 4. Б.к. Отыру, аяқ бірге, қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет 5. Б.к. Шалқасына жату, қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу, орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет. 6. Б.к. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру. III. Тыныс алу жаттығулары Жәй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып, демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару.</p>	<p>сапқа жүргізу, шашырап жүгіру, бір саппен жүру. II. Жалпы даму жаттығулары 1. Б.к. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып, 3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз , 4-б.к келу. 4-5 рет 2. Б.к. қолымыз алдымызда, 1-оң жаққа бұрылу, 2-б.к келу, 3-сол жаққа бұрылу, 4-б.к келу. 4-5 рет. 3. Б.к орамалды қолымызға ұстап, аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу. 4. Б.к. аяғымыз қосамыз, екі қолға орамалды ұстап алға созу, 1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.к келу 4-5 рет 5. Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру. 5-6 рет III. Тыныс алу жаттығулары Саппен жай жүру, тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс</p>
--	---	---	---	---	--

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҮІӘ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	13.02.23 Дүйсенбі	14.02.23 Сейсенбі	15.02.23 Сәрсенбі	16.02.23 Бейсенбі	17.02.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ	<p>1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Балаларды кеңістіктік қарым қатынастарды орнату;Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӘ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік,танымдық әрекет Сөйлем сызбасымен таныстырып , 2-3сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; Сөйлем құрау. ҮІӘ мақсаты: «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту. Дағды: Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөздердің жалпы атауын атайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Дыбыстармен</p>	<p>1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Логикалық ойлау есте сақтау, назар аудару,қолдың ұсақ моторикасын дамыту Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӘ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;</p>	<p>Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шартты өлшем. ҮІӘ мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Дағды: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшеуді,</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік әрекет Дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту Дыбыстық талдау. ҮІӘ мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. Түсінеді: дыбыстық талдау тәсілін. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Түсіне қара»дидактикалық ойыны Көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз</p>	

	<p>жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді. Білу: Жұмбақты есеп. Қос-қосынан көп шар бар, Қызыл,сары,көк шар бар, Жасыл сұры тағы бар... Жалпы санын табыңдар. Қорабымның сыры бар, Сана,қанша қыры бар? Сана барлық жақтауын: Санын білсең мақтармын. Дастарқанда торта бар, Қазы,жая,карта бар, Көкөніс пен шырын бар. Қанша тағам түрі бар? Наным дайын қалаған: Тоқаш, шелпек, таба нан,</p>	<p>жұмыс:«Тиісті түсті көрсет»дидактикалық ойыны. а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. Білу: «Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны. Үш топқа бөлемін.Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Жалауша арқылы ойын соңында жеңімпаз команда анықталады. Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекиі, өшіргіш, уық, уыз т.б. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б. Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: бақа, вагон, гараж, гарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұлдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.</p>	<p>Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді. Білу: Жұмбақты есеп. Қос-қосынан көп шар бар, Қызыл,сары,көк шар бар, Жасыл сұры тағы бар... Жалпы санын табыңдар. Қорабымның сыры бар, Сана,қанша қыры бар? Сана барлық жақтауын: Санын білсең мақтармын. Дастарқанда торта бар, Қазы,жая,карта бар, Көкөніс пен шырын бар. Қанша тағам түрі бар?</p>	<p>«ұзынырақ», «қысқарак», «өлшем» сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын; Қолданады: бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Қолдану:Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. Таспалардың қайсысы ұзынырақ? Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? Көк таспа неше шартты</p>	<p>дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, цирк, чек т.б.</i> Көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>вагон, балық, гараж, галым, диктор, жузім, зәкір т.б.</i> Көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагул, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.</i> Қолдану: «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы Білу: «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы –Мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (<i>ара, арман, арық, рақмет, сиыр, сырмақ,</i></p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Жаппа, бөлек, самса тұр: Санап көрші, қанша тұр? [19] Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады.</p>	<p>Қолдану: «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны . – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы:</p> <table border="1" data-bbox="728 438 1081 678"> <thead> <tr> <th>Педагог:</th> <th>Балалар:</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td><i>Балалар бақта</i></td> <td><i>жүгірді.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Атам шалғымен</i></td> <td><i>шөп шапты.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Анам сиыр</i></td> <td><i>сауды.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Ағаштың түбі –</i></td> <td><i>қалың қар.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Аю қыста</i></td> <td><i>ұйықтайды.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Малдар жайлауда</i></td> <td><i>жайылды.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Балалар доп</i></td> <td><i>ойнады.</i></td> </tr> <tr> <td><i>Үсен мәшинені</i></td> <td><i>жуды.</i></td> </tr> </tbody> </table>	Педагог:	Балалар:	<i>Балалар бақта</i>	<i>жүгірді.</i>	<i>Атам шалғымен</i>	<i>шөп шапты.</i>	<i>Анам сиыр</i>	<i>сауды.</i>	<i>Ағаштың түбі –</i>	<i>қалың қар.</i>	<i>Аю қыста</i>	<i>ұйықтайды.</i>	<i>Малдар жайлауда</i>	<i>жайылды.</i>	<i>Балалар доп</i>	<i>ойнады.</i>	<i>Үсен мәшинені</i>	<i>жуды.</i>	<p>Наным дайын қалаған: Тоқаш, шелпек, таба нан, Жаппа, бөлек, самса тұр: Санап көрші, қанша тұр? [19] Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады.</p>	<p>өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.</p>	<p><i>қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.);</i> <i>-ә- (әтеш, әткеншек, әңгіме, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.);</i> <i>-м- (мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).</i> Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. Асық сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Ы – жуан дауысты дыбыс. Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс.</p>
Педагог:	Балалар:																						
<i>Балалар бақта</i>	<i>жүгірді.</i>																						
<i>Атам шалғымен</i>	<i>шөп шапты.</i>																						
<i>Анам сиыр</i>	<i>сауды.</i>																						
<i>Ағаштың түбі –</i>	<i>қалың қар.</i>																						
<i>Аю қыста</i>	<i>ұйықтайды.</i>																						
<i>Малдар жайлауда</i>	<i>жайылды.</i>																						
<i>Балалар доп</i>	<i>ойнады.</i>																						
<i>Үсен мәшинені</i>	<i>жуды.</i>																						

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - ролді ойын: «Сақтау қызметі»

Басты мақсат: Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары, олардың күтпеген жағдай туғанда қажеттілігі жайында түсінігін молайту. Балалардың сөйлеу тілін дамыту белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Міндеттері:

- балалардың сөздік қорын молайту;
 - үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
 - балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтықсу;
 - заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталау;
 - үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;
- Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту, үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;

1 кезең Дыбыстар	2 кезең Буындар	3 кезең Буыннан сөз құрау
 Бұл паровоз. Ол үйдейді: у...у...у	 Игі үрелі гаф...гаф...гаф...	 Бұл су мессу...су...су.
 Бала жылайды: а...а...а...	 Әгеш шақырады ку...ка...ри...ку	 Бұл үй түтә...түә...
 Бала аң салады: о...о...о...	 Сыыр мөңірейді муу...муу...муу.	 Сыыр мөңірейді жуу...жуу...жуу.
4 кезең Сөзден сөйлем құрау Зат есім + етістік	5 кезең Бірнеше сөзден сөйлем құра білу қабілетін қалыптастыру және бекіту.	
 Су іту.		
 Тамақ жеу.		
 Доп бер.	Аю жемісті жуды. Аю жемісті жеді. Аю жемісті тауысты. Аюдың тісі ауырды	

Өрт сөндіруші



Сюжеті-рольдік ойын: «Сақтау қызметі»

Тақырыбы : «Сақтау қызметі»

Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .

Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;

Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;

Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;
Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;

Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;

Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады

Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қызметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .

Арнайы техника жүргізушісі зардап шеккендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді

Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотоға түсіреді.

<p>2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Баланың сөйлей және тыңдай білу, сұрақ жауап беру қабілеттерін дамыту Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ мақсаты: Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дағды: Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді:әр алуан мамандақтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады:әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Сөздік жұмыс: Қынап – қылыш, пышақ салатын қорап. Жарықты жағатын бала – электрик. Түсіну: Тосын сый. Аспаз: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендердің денсаулықтарың жақсы болсын деп,дәрумендер</p>	<p>2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалардың “адам жануар, өсімдіктер үшін тіршілік көзі ауа! Деген түсініктерін кеңейту; Ауа не үшін қажет? ҮІӨ мақсаты: Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады. Түсінеді:ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді. Қолданады:тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек,</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Шығармалардың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға баяндау сипатын сезінуге баулу Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Есіңе сақта:</i> «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен».</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Балаларды сүйіспеншілікке, батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу Менің анам. ҮІӨ мақсаты: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Ана туралы өз ойларын айтқызу. Дағды: Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту өз аналары туралы әңгіме құрауға дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз аналарын суреттеу арқылы Түсінеді:өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді; Қолданады: мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Құшағына кіргенде, Жылынамын бір демде.Не жетеді көзіңе, Мейірімді күннен де. Үн қатасың бал тілмен, Еркелеймін әр күн мен. (<i>Н.Айтмов</i>) Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. Өрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? Түсіну: Сөздік жұмыс: Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында.</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Шығармалардың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға баяндау сипатын сезінуге баулу Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Есіңе сақта:</i> «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: Сөздік жұмыс:</p>
--	--	---	---	--

	<p>әкелдім. (Дәрумендерді балаларға таратады.) Енді аспаз апайдан тамақты дәмдеу үшін қандай көгөністер қосатынын сұрайық. Аспазшы тағамға сәбіз, картоп, жуа, асқабақ қосатынын айтады. (азпазшы дәмді тағам дайындауға кетеді) Балалар, аспаз бізге дәмді тағамдар пісіреді екен, ол бізге өте қажет адам. Сендер басқакандай мамандықтарды білесіңдер? Көптеген мамандық иелерін біледі екенсіңдер, бұл мамандықтардың бәрі адам баласына қажет. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: Өртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауыпжабыстырады.</p>	<p>коқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек). Қолдану: Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар эліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стакан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет</p>	<p>Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.</p>	<p>Мақал-мәтелдер: «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасау. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Қолдану: «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрау. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Анасына таңдаған әшекейді түрлітүсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралыайтып береді.</p>	<p><i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. Қолдану: Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, <i>(өздерін көрсетеді)</i> Өсіп-өніп толамыз. <i>(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)</i> Күнге қарай талпынып, <i>(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)</i> Көкке қолды созамыз. <i>(екі қолды алға созады)</i> Қанат қағып ұшамыз, <i>(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)</i> Қарлығаштай самғаймыз. <i>(самғап ұшуды бейнелейді)</i></p>
--	---	--	--	---	--

		деген қорытынды жасайды. Білу: Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі.			
--	--	---	--	--	--

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары


Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



Ойын: «Жер, су, ауа»

Ойын мақсаты: Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

Дағды: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.

Ойын шарты: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.

Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.

«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «От» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және оларды қолдана білу дағдыларын үйрету
Нан қайдан келеді?
ҮІӨ мақсаты: ертегі

3. Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
Қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;
Қуыршақтың қамзолы.
(Акварель бояу)

3. Сауат ашу негіздері - коммуникативтік әрекет
Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; Ойнай отырып оқимыз.
ҮІӨ мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру;
Үй жануарлары.
ҮІӨ мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Балалардың “адам жануар, өсімдіктер үшін тіршілік көзі ауа! Деген түсініктерін кеңейту;
Ауа не үшін қажет?

	<p>кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тапқақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: ертегі кейіпкерлерін және олардың іс-әрекеттерің атайды, тапқақта таныссөздерді табады, атайды, диалогке қатысады.</p> <p>Түсінеді: нан дастарқанға келу үшін көп еңбек керек екенін түсінеді;</p> <p>Қолданады: сөздерді байланыстырып сөйлейді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.</p> <p>Мынау кім? Мынау – сатушы. Сатушы не істейді? Сатушы нан сатады. Мынау кім? Мынау – наубайшы. Наубайшы нан пісіреді. Наубайшы не пісіреді? Наубайшы нан пісіреді. Мынау не? Мынау – бидай. Мынау – диірменші. Мынау кім?</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру; нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету;</p> <p>Дағды: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: қамзолдың суретін сала алады;</p> <p>Түсінеді: ұлттық киімдер жайында мағлұматты, қамзолдың қай мезгілде киілетінін, кімдер киетінін, оларды қандай материалдардан тіккен дұрыс болатындығын түсінеді;</p> <p>Қолданады: қамзолды сала білу іскерлік-дағдыларын қолданады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: – Балалар, қандай ою-өрнектерді білесіңдер? Менің қуыршағым әдемі қамзол керек еді, балалар, сендер менің қуыршағым әдемі қамзол жасап бере аласыңдар ма? Педагог балаларға қамзолдың жеке суретін көрсетіп, балалармен бірге Әйгерімге де оның ерекшеліктерін сипаттап айтып береді. Бәрі</p>	<p>Дағды: Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Түсінеді: сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді). Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), октау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), т.б.</p> <p>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.</p> <p>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (к), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с)т.б.</p> <p>Түсіну: «Сөзді өлшейміз»дидактикалық жаттығуы</p>	<p>қазақша айтқызып үйрету; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру.</p> <p>Дағды: Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ф» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: үй жануарлары мен төлдерін атайды, үй жануарлары мен төлдерін топтай алады, «ф» дыбысын дұрыс айтып жаттығады.</p> <p>Түсінеді: жануарларды қалай шақыруға болатынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз –сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім жәнетағы да басқа тұрмыстық заттар</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту.</p> <p>Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады. Түсінеді: ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.</p> <p>Қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Мынау – диірменші. Диірменші бидайдан ұн жасайды. Диірменші бидайдан не жасайды? Диірменші бидайдан ұн жасайды. Мынау не? Мынау – ұн. Мынау кім? Мынау – егінші. Егінші не істейді? Егінші егін егеді. Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) I-i-i-i – егінші – егінші I-i-i-i – диірменші – диірменші. Білу: Қанатты сөз. Ас атасы – нан, Нан атасы – дән. –Қандай тыйым сөз білесіңдер? –Нанды баспа, ақты төкпе. Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. Балалар білетін тағамдарын айтады. Поэзиялық сәт: Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. (Ө. Тұрманжанов)</p>	<p>үлгіге мұқият қарап, сурет салу әдіс-тәсілдерін естеріне түсіреді. Педагог ою-өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. «Ботамойын» өрнегін салғанда бір нүктеден бастап қолды үзбей екінші бөлігіне дейін сызып салуды, «қошқармүйіз» өрнегін салған кезде симметрияны сақтау жолдарын көрсетеді.</p>	<p>– Алақандарынды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріндер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: <i>дос, бейбітшілік.</i> Білу: Дыбыстық талдау жаса. «<i>Арба</i>» сөзіне дыбыстық талдау. «Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. «<i>Шана</i>» сөзіне дыбыстық талдау. «Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p>	<p>жасалады». Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- құлын-құлын – бұзау – бұзау – бұзау Түсіну: Үй жануарларын қалай шақыратыны туралы айтылады, балалар айтып жаттығады. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады. Жылқы – құрау-құрау Сиыр – аухау-аухау Ешкі – шөре-шөре Түйе – көс-көс</p>	<p>керек). Қолдану: Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды</p>
--	--	---	--	--	--

жасайды.
Білу:Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі.

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Сюжеті-рөлдік ойын: «Билайн бірлестігі»

Мақсаты: Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.

Жағдаят:

Байланыс операторының жұмысы;
Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы;
Жөндеу шеберханасы;
Қызметті төлеу;
Анықтама қызметі
Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.

Тәрбиешінің іс-әрекеті:

Келуші ролінде сюжетті ұйымдстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б.

Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі.

Балалардың іс-әректі: Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды қарауға кеңес береді.

Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады.

Сюжеті-рөлдік ойын: «Жылжымалы мүлік агентігі»

Мақсаты: Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін әлеуметтік, ортадағы белсенділіктерін кеңейту, жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту, ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.

Жағдаят: Жарнамамен таныстыру ;
Жылжымалы мүлікті таңдау; Жылжымалы мүліктің орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау .

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Сатып алушы ролінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек, қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.

Балалардың іс-әректі: Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады, Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша, аялдама жақынба екенің қарайды. Агенстер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.)

Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды,
Нотариус сатып алымды растайды.

Сюжеті-рөлдік ойын:«Химиялық тазалау»

Мақсаты: Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып. Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.

Жағдаят: Тапсырыс алу; Тапсырысты хаттау; Тапсырысқа төлеу ;Кімді тазалау; Жана тазарту құралдарын табу үшін зеррхананы қолдану; Тапсырысты орындау; Тапсырысты жеткізу.

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Химиялық тазарту директоры ролінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп , келушілер ынғайын жасайды: олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды, үстелге журналдар қояды . жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп , асханаға тамақтануға шақырады.

Балалардың іс-әректі: Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып , ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап, жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді. Кір жуушы кірді жуады. Лаборант киімдерді қарап дақты тауып, жуу үшін ұнтақты қолданады . Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді, жүргізушілер жуылған заттарды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .

Кассир ақшаны қабылдайды. Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын аңқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.20 – 11.50

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі
Сапта бір бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).
ҮІӨ мақсаты: Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгірумен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.
Дағды: «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Сүйемелдеумен немесе сүйемелдеусіз, жалғыз немесе топпен ін айту Домбыра сазы.
ҮІӨ мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау.
Дағды: Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды.
Түсінеді: домбыраның, күй үнінің ерекшелігін

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен ,жіптерден аттап жүреді;
Мерген.
ҮІӨ мақсаты: Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу;түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру.
Дағды: Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананыңішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.
Түсінеді: «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін,

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Лирикалық байсвлды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу
Көктем әндері.
ҮІӨ мақсаты: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.
Дағды: Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.
Түсінеді: жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.
Қолданады: аспаптарда

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту
Аңшылар.
ҮІӨ мақсаты: Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғарыкөтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу.
Дағды: Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстапсалбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту дағдаларын жалғастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.
Түсінеді: «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі – аңшылыққа арналған құралдар;

<p>4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру. Арқанмен ойнау шынықтырады. ҮІӨ мақсаты: Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену. Дағды: Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемейсерпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: остеопатиялық жаттығулар, денені артқа шалқайтып, тартылып тұрған арқанның астынан өту. Түсінеді: ең тиімді қимыл тәсілдерін таңдау, тақтайшадағы жазуларды қимылдарымен үйлестіру, айналдырып тұрған арқаннан, арқанның ең биік нүктедегі шағында, жүгіріп өту; қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қолданады: бір-бірден тізбекпен жүру және жүгіру, түрлі жүктемелерде дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп</p>	<p>5. Музыка-шығармашылық әрекет Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Наурыз – жыл басы. ҮІӨ мақсаты: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағды: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды. Түсінеді: Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру. Арқанмен ойнау шынықтырады. ҮІӨ мақсаты: Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену. Дағды: Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемейсерпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: остеопатиялық жаттығулар, денені артқа шалқайтып, тартылып тұрған арқанның астынан өту. Түсінеді: ең тиімді қимыл тәсілдерін таңдау, тақтайшадағы жазуларды қимылдарымен үйлестіру, айналдырып тұрған арқаннан, арқанның ең биік нүктедегі шағында, жүгіріп өту; қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қолданады: бір-бірден тізбекпен жүру және жүгіру, түрлі жүктемелерде дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды жасау, биіктікке секіру, түрлі қимылдар кезінде тепе-теңдік сақтау дағдаларын</p>	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, Қайырлы таң. ҮІӨ мақсаты: Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Дағды: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: <i>Ән айту:</i> «Қайырлы таң» (Е. Өміров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру. Өз бетімізбен жаттығамыз. ҮІӨ мақсаты: Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру, көлбеу тақтаймен жүріп жаттығу, статикалық қалыпты, дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру. Дағды: Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үлкен қадамдармен аттап жүгіріп келіп, себетке доптарды лақтырады. Остеопатиялық жаттығуларды орындайды. Түсінеді: допты бір орында тұрып, кеуде тұстан екі қолмен себетке лақтыру техникасын, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сатылармен көтерілу, төмен түсу, қиғаш түсуді. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,</p>
---	--	---	---	---





	<p>негізгі жаттығуларды жасау, биіктікке секіру, түрлі қимылдар кезінде тепе-теңдік сақтау дағдаларын қолдану.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Остеопатиялық жаттығулар.</p> <p>Жаттығуларды баяу үйлестіріп қажетті екіпінде жасайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді.</p> <p>Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.</p> <p>Түсіну: Арқанмен айналмалы жаттығулар «Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.</p> <p>Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.</p> <p>«Ең шапшаң» – айналдырып тұрған арқаннан жүгіріп өту.</p> <p>Айналдырып тұрған арқаннан арқанның ең биік нүктеден өтер шағында жүгіріп өтіп үлгеруі керек.</p> <p>Айналып жүгіріп келіп, тізбекке тұра қалады. Бір-біріне</p>	<p>өткізеді.</p> <p>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.</p> <p>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).</p> <p>Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюдың жүрісін салады.</p> <p>Түсіну: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Үйшік» (В. Витлин).</p> <p>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы айналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады.</p> <p>Аттар музыкасы айналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады.</p> <p>Қояндардың музыкасы айналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады.</p> <p>Сонында аюдың музыкасы айналғанда аю қорбандап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.</p>	<p>қолдану.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Остеопатиялық жаттығулар.</p> <p>Жаттығуларды баяу үйлестіріп қажетті екіпінде жасайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.</p> <p>Түсіну: Арқанмен айналмалы жаттығулар «Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.</p> <p>Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.</p> <p>«Ең шапшаң» – айналдырып тұрған арқаннан жүгіріп өту.</p> <p>Айналдырып тұрған арқаннан арқанның ең биік нүктеден өтер шағында жүгіріп өтіп үлгеруі керек.</p> <p>Айналып жүгіріп келіп, тізбекке тұра қалады. Бір-біріне кедергі жасамауға тырысады.</p> <p>«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын,</p>	<p>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Жеңіл би» (Т. Ломова).</p> <p>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).</p> <p>Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу.</p> <p>Балаларға күйді тыңдағып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: <i>Билер:</i> «Қоян биі» (В. Питерцев).</p> <p>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.</p> <p>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев).</p>	<p>қолдану.</p> <p>Қолдану: Остеопатиялық жаттығулар</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.</p> <p>Түсіну: <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары</i></p> <p>Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдікті сақтап, арқаны тік ұстау ұсынылады.</p> <p>Тақтайдың шетіне қарап, қолдарын екі жаққа қойып, тепе-теңдік сақтауға көмектеседі.</p> <p>Себетке доп лақтыру.</p> <p>Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады.</p> <p>Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.</p> <p>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.</p> <p>Қолдар шынтақтан аздап</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>кедергі жасамауға тырысады. «Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады</p> <p>Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру»</p> <p>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады.</p> <p>Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.</p>		<p>арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады</p> <p>Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру»</p> <p>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады.</p> <p>Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.</p> <p>Сезімдік ойын: «Тыныста, ойлан»</p> <p>Әрқашан, тіпті қобалжысаң да терең, бірқалыпты тыныс алуға тырыс Көзінді жұм. Терең тыныс ал, іште қайтала: дем алу мен дем шығаруды дұрыс алмастыруға тырыс.</p> <p>«Мен құспын» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен тастаймын» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен гүлмін» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен сабырлымын» – дем шығару, дем алу. Сен шынымен сабырлысың!</p> <p>Дем алу, дем шығаруды алмастырып орындайды.</p>	<p>Ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды.</p>	<p>бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.</p> <p>Білу: Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу.</p> <p>Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!»</p> <p>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Белгімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. «Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады.</p>
--	--	--	--	---	--

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

			<p>Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.</p>		
					
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p> <p>11.50 – 12:00</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет</p> <p>Пайдалы қазбалар туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр, Нұрым, Шахнұр)</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті</p> <p>3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .</p> <p>Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет</p> <p>1-ші қатар оқушыларымен «Менің сүйікті ертегім» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет</p> <p>(кітап оқып беру); «Ертегілерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының зандылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет</p> <p>(Баланың отбасы және қоғам)</p> <p>Наурыз нақыштары туралы әңгімелесу. 2-ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>				
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.</p>	<p>Ақпан Серуен-Бақылау №13 Терек ағашын бақылау. Мақсаты: Балалардың</p>	<p>Ақпан Серуен-Бақылау №14 Бақшаны бақылау. Мақсаты : Қыс мезгіліндегі</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №1 Маусымдық өзгерістерді бақылау (1)</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №2 Маусымдық өзгерістерді бақылау(2)</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №3 Бұлттарды бақылау Мақсаты: Өлемді жалпы</p>

<p>«Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p>ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсындар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады. сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Әсем биік теректер, Балаларды өбектер.</p> <p>◆ Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.) ◆ Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі ◆ Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары</p>	<p>бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; Зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ◆ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) ◆ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») ◆ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады) ◆ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады) ◆ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында) ◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.). Зерттеу жұмысы Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; — Достық қарым-қатынасқа</p>	<p>Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; Айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; Табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырыңған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: <i>Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)</i> Еңбек</p>	<p>Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күрткік қарлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: *Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар *Қыста неше ай бар? *Қыс айларын ата? *Қыстың ең соңғы айы қай ай? *Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? *Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен</p>	<p>түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ◆ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсындар? ◆ Бүгінгі бұлттар қандай? ◆ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ◆ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес,</p>
--	---	---	--	--	---

	<p><i>көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады)</i></p> <p>◆ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.)</p> <p>◆ <i>Неге ағаш жапырақтары күзде түседі? (себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)</i></p> <p>Зерттеу жұмысы Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдыып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)</p> <p>Еңбек Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге» <i>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету</i></p> <p>Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру <i>Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.</i></p> <p>Мақал-мәтел: <i>Бір тал кессең, он тал ек.</i></p> <p>Тыйым сөздер: <i>Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек.</i></p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойындар: «Қу түлкі». <i>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.</i></p> <p>Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.</i></p>	<p>Гүл егетін жерді тазалау. <i>Мақсаты:</i> Енбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». <i>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</i></p> <p>Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. <i>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.</i></p>	<p>аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру</p> <p>Еңбек Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке». Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру Жаттығу ойындары «Кім жылдам». Мақсаты: Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. Халық болжамы: Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.</p>	<p>Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: <i>Етек-еңеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</i></p>
<p>Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40</p>					

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
---	--	--	---	---	---

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы



Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.03 – 10.03. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)





Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.03	Сейсенбі 07.03	Сәрсенбі 08.03	Бейсенбі 09.03	Жұма 10.03
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);</p> <p>Үстел үсті ойындары: <i>«Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау.</i></p> <p>Мақсаты: Түстерді ажырата білу, көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Үстел үстінен Жасырын тұрған қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласындар, біз</p>	<p>Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Үстел үсті ойындары: <i>«Гүлдерді топта»</i></p> <p>Мақсаты: Әдемілікті сезіне білуге, көктемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсынады. Биыл көктемде гүлдер аз</p>		<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Сәйкестендіру ойыны:</p> <p>Ойын жаттығуы: <i>«Сәйкесін тап»</i></p> <p>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын шарты: үстел үстінде гүлдер мен киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет</p> <p>Сәйкестендіру ойыны: <i>«Суреттің жалғасын тап»</i></p> <p>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды. Ұқсас заттарды топтастырады.</p>
					

түстерді ажырата біледі
екенбіз балалар.



өсіпті, сондықтан гүл
жасауды ұсынады.

Ықтимал
күрделендірулер: . Өз
ойларын еркін жеткізу.



<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>№ 5 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар №5 жаттығулар кешені Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау. «Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау. «Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтыңбүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет). Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқбасын созу, таяқшаға тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау. Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп, тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау. «Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң</p>	<p>№ 6 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гимнастикалық бір таяқшамен жұптасып орындалатын жаттығулар № 6 жаттығулар кешені «Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау. «Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8–10 рет қайталау. «Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау. «Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады;</p>		<p>№ 7 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар № 1 жаттығулар кешені Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет) Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет) Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет) Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын</p>	<p>№ 8 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар № 7 жаттығулар кешені Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет) Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бұғу, қайта созу. (8–10 рет) Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет) Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет).</p>
----------------------------------	---	--	--	---	---

	аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.к. Сол жаққа қайталау (8 рет). Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау. «Секектеу». Б.к.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау.	аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.к. 4–6 рет қайталау. «Тұруға көмектес». Б.к.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау. «Секектеу». Б.к.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау.		кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып отырады.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҮІӘ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	06.03.23 Дүйсенбі	07.03.23 Сейсенбі	08.32.23 Сәрсенбі	09.03.23 Бейсенбі	10.03.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Салмағына қарай заттарды салыстыруға	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет Сөздерді буынға бөлуге ,		1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Салмағына қарай заттарды салыстыруға	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Сөздерді буынға бөлуге , дауысты,	

	<p>үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету Тең заттар. ҮІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. Дағды: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; Менгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.</p>	<p>дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Дағды: Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды. 1. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (<i>киіз үй құралдары</i>). 2. Сырға, білезік, сақина – ... (<i>зергерлік бұйымдар</i>). 3. Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... (<i>ұлттық ойындар</i>). 4. Ірімшік, май, құрт, айран – ... (<i>сүттен жасалатын тағамдар</i>).</p>		<p>үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету Тең заттар. ҮІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. Дағды: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; Менгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс. «Тең заттар» ұғымымен</p>	<p>дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: Дыбыстық талдауды пысықтау. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту. Дағды: Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады. Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын. Қолданады: сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Сипатынан тап» 1. Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. (<i>қант</i>) 2. Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. (<i>лимон</i>) 3. Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. (<i>қоян</i>) 4. Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл. (<i>дон</i>) – Жарайсыңдар! Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Қандай да бір дыбысты</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>«Тең заттар» ұғымымен таныстыру.</p> <p>Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.</p> <p>-Қай жолақ ұзынырақ?</p> <p>Қалай тексеруге болады?</p> <p>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.</p> <p>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.</p> <p>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)</p> <p>Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»</p> <p>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?</p> <p>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады.</p> <p>Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p> <p>Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс</p> <p>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?</p> <p>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.</p> <p>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз?</p> <p>Жолақ - таяқшаны ұсынады.</p>	<p>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... (<i>ұлттық салт- дәстүрлер</i>).</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»</p> <p>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.</p> <p>Мысалы: (<i>а, ө, о, і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү</i>).</p> <p>Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»</p> <p>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»</p> <p>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.</p>		<p>таныстыру.</p> <p>Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.</p> <p>-Қай жолақ ұзынырақ?</p> <p>Қалай тексеруге болады?</p> <p>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.</p> <p>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.</p> <p>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)</p> <p>Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»</p> <p>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?</p> <p>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады.</p> <p>Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p> <p>Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс</p> <p>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?</p> <p>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.</p> <p>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз?</p> <p>Жолақ - таяқшаны ұсынады.</p> <p>Қай ағаштың биік екенін</p>	<p>айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»</p> <p>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).</p> <p>Бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)</p> <p>Мысалы: <i>rrradio(p), uuуылдырық(y), aaалма(a), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), aaалжапқыш(a), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжжұлдыз(ж), жжжжастық(ж), дддиректор(д), жжжжарық(ж), иишшшұлық(и), мммектеп(м), ууууыз(у), ттттиін(т), ққққолишатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), т.б</i></p> <p>Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.</p> <p>Математикалық поэзия сәтінен: Біз қол соғамыз, Қол соғамыз. Аяқпен еденді топылдатамыз. Тіземізді соққылаймыз. Қолымызды көтереміз. Қолдарымыз айналады, Төмен түседі. Айналады, айналады. Токтайды.</p>	<p>Мысалы: « а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.»</p> <p>Білу: Дыбыстық талдау. Шашусөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.</p> <p>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. У – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Етік сөзіне дыбыстық талдау. Етік – 2 буын, 4 дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Сырмақ сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды. Сырмақ сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар. С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Саусақ жаттығуы: Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді.</p>		<p>салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.</p> <p>Математикалық поэзия сәтінен: Біз қол соғамыз, Қол соғамыз. Аяқпен еденді топылдатамыз. Тіземізді соққылаймыз. Қолымызды көтереміз. Қолдарымыз айналады, Төмен түседі. Айналады, айналады. Токтайды.</p>	<p>дыбысты тап» – Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісендер, бір рет шапалақ ұрындар. Мысалы: <i>гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ылбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеи, тауық, Ылжан, көбелек, ымырт, Алтамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.</i></p> <p>Білу: Дыбыстық талдау жаса. <i>Торт</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатады. <i>Торт</i> – 1 буын, 4 дыбыс. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. <i>Ұшақ</i> сөзінің дыбыстық талдауы. <i>Ұшақ</i> – 2 буын, 4 дыбыс. Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>
--	--	--	--	--	---

Бір-біріне қарайды,
Сәлемдесіп алады.


1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Қозғалмалы ойын: «Жалауша»

Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.40 – 10.10

2. Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет
 Наурыз мерекесі туралы түсінік беру
 Наурыз – көктем мерекесі.
ҮІӨ мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау

2. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
 Балалардың Қазақстан қызыл кітабына енген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту
 Өсімдіктерді қалай күту қажет?
ҮІӨ мақсаты: Балалардың

2. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет
 Балалардың ойлау қабілетін дамыту
 «Қасқыр мен түлкі» ертегісі.
ҮІӨ мақсаты: «З» – «С» дыбыстарын дұрыс айтқызуға қалыптастыру.

2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
 Өлеңді дауы ырғағымен мінерлей оқып отырып, логикалық екпінмен, үзіктер мен жаттауға үйрету

	<p>қабілетін дамыту. Дағды: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақ айтысқа, жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ; Түсінеді:қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін; Қолданады:көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Миға шабуыл: Жұмбақ шешу. Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затынды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтыңдаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне? Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін: Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі. Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіптойлайтын күн.</p>	<p>өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту,өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді. Түсінеді:өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі. Қолданады:өсімдіктерге күтім жасай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды? Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз Көрсек гүлін жарғанын. Миға шабуыл: Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бұр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе? Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді. Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері</p>		<p>Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. Дағды: Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды ; Түсінеді:«з» «с» дыбыстарының ұқсастығын, бойларын кулық, айлакерліктен алыс ұстауды түсінеді; Қолданады:ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Миға шабуыл: Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? Енді сол жыл мезгілдерін атаңдаршы? Қай мезгілдің атауында «С» дыбысы және «З» дыбысы бар екен? Кәне, қолымызға айна алып, «З-З-З»,«С-С-С», – деп айтайық. «З», «С» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы астыңғытістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады. Түсіну: Тілімізді жаттықтырайық: За-за-за – таза. Зе-зе-зе – зере.</p>	<p>Үш қыз (татар халық ертегісі) ҮІӨ мақсаты: Ана ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлермен таныстыру. Ертегіні қоғамдық өмір оқиғаларымен байланыстырып мазмұндау. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірзділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; Қолданады: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек. «Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>Түсіну: Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады. Өрік, шие, алмұрт – ... Түлкі, қоян, қасқыр – ... Шай, май, тұз – ... Бет, мұрын, аяқ – ... Қауын, қарбыз, сәбіз – ... Қолдану: Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер. Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме? Оны кім пісіреді? Оған не қосады?</p>	<p>табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды. Түсіну: Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді. Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады. Білу: Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады. Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады. Қолдану: Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Ұмытпай күнде, су құям гүлге. Тұрады гүлім, құлпыртып түрін. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Гүл егеміз бақтарға Айналасын қоршаймыз.</p>		<p>«З» дыбысының буын ішінде келуі: Жүзім – күзім, Жүзік – білезік, Жазым – назым. Енді айнаға қарап «С» дыбысын айтайық. Байқап көрсендер, еріндерің жай ғана ашылды. Са-са-са – сана. Се-се-се – кесе. Со-со-со – соқа. Сө-сө-сө – сөре. Енді «С» дыбысынан басталатын сөздерді айтайық. Бұл екі дыбыстар да – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз. Екі дыбыс – айтылуына қарағанда бір-біріне ұқсас дыбыстар. Қолдану: Ертегі: «Қасқыр мен түлкі» Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек еткөреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшыпкетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе,</p>	<p>бір түрі – ертегі екенін түсіндіру. Сөздік жұмыс: <i>Аяулы жан</i> – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада. <i>Қайырымдылық</i> – қиын кезде көмек көрсету. Білу: Сұрақ-жауап: Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? Қай қыздың әрекеті ұнады? Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. Қолдану: Мақалдың мағынасын түсініп ал: «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет».</p>
--	--	--	--	--	---

				<p>Түлкі: Ораам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті.</p> <p>Сөздік жұмыс: «Ораза – тамақ жемей өзін ашқұрсақ ұстау» деген мағына екенін түсіндіреді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».</p> <p>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.</p>
--	--	--	--	---

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а

Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:

Мә-э-э-э-э

Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзауың деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Мо—ө-ө-ө

(Балақай, жан жануарлардың дауыстары сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)

Майлыаяқ.

Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,




Ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

<p>Дауысы алыстан естілді: (ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р «Тамақ жеймін ашпым д»,-деп, «Қорқып иттер қашсын», -еп, Күжірейтіп желкесін Ырылдады қасқыр кеп: (орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р «Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: (қатты дауыспен) –р-р-р-р-р «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)</p>		
--	---	--

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Сөздерді бір бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу; Көңілді тапқырлар клубы (КТК) ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. Менгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру. Дағды: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру, жауап беруді дағдыландыру. Күтілетін нәтиже:</p>	<p>3.Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Табиғи материалдарды пайдаланып әр түрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту «Сикырлы» қораптар. ҮІӨ мақсаты: тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету; қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ойқиялын дамыту.</p>		<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Көктем. ҮІӨ мақсаты: көктем жыл мезгілінің ерекшеліктерін айта алу. Дағды: Суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: көктем туралы сөздерін қайталайды, шағын мәтін құрастырады. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді, сөйлемге байланысты суреттерді</p>	<p>3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалардың Қазақстан қызыл кітабына енген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту Өсімдіктерді қалай күту қажет? ҮІӨ мақсаты: Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту, өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөлме гүлдері мен</p>
--	---	--	--	---	--





<p>Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер атайды.</p> <p>Түсінеді: ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді.</p> <p>Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату. Ән қандай? Ән көңілді. Кө-ңіл-ді.</p> <p>Түсіну: Балалар екі топқа бөлінеді. Балаларға түрлі түсті кима материалдарды таратады. Балалар түрлі түсті кима материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақтапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір дұрыс жауап – бір ұпай.</p> <p>Білу: 1-ТАПСЫРМА:Отбасы. 1.Отбасы мүшелерің ата. 2.Сенің отбасыңда кімдер бар? 3.Сурет бойынша сөйлем құра.</p> <p>2-ТАПСЫРМА:Қазақстан Республикасы. 1.Қай Республикада тұрасың? 2.Қазақстан қандай республика? 3.Біздің Отан қалай аталады?</p>	<p>Дағды: балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады; Түсінеді: қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасайды; Қолданады: қалдық заттардан түрлі ойыншықтар жасауға дағдыланады, оларды өздігінен безендіреді және шығармашылықпен еңбек ете алады, ұқыпты жұмыс жасай біледі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.;</p> <p>дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді; қағазды қиыпжапсыруға бағыт беріп, көмектесіп, басшылық жасалады; бұл қораптар жай қорап емес, «сиқырлы» қораптар</p>		<p>дұрыс көрсетеді.</p> <p>Қолданады: көктем айларын, көктем мезгілінің өз ерекшеліктері болатынын біліп, оларды айта алады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Жаңа сөздермен тағыстыру.</p> <p>–Жылдың қай мезгілі бейнеленген? –Жыл мезгілі – көктем. –Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. –Көктем айларын ата? –Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу. (Айнамен орындалады). Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік. Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.</p> <p>Білу: Тақпақ оқу, таныс сөздерді тапқызу. Құс келді Қар су боп жөнелді – Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ... Күн ... Қар ... Ағаштар ... Көктемде ... Көктем айлары ...</p>	<p>дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді.</p> <p>Түсінеді: өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.</p> <p>Қолданады: өсімдіктерге күтім жасай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды? Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз Көрсек гүлін жарғанын.</p> <p>Миға шабуыл: Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бұр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе? Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді. Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.</p> <p>Түсіну: Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.</p>
---	--	--	--	--

<p>4.Республика рәміздерін ата, сипатта. 5.Елорда қай қала? Елорда қандай қала? 6.Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалада (ауылда) не бар?</p> <p>3-ТАПСЫРМА: Жануарлар. 1.Үй жануарларын атаңдар. 2.Төлдерді атаңдар. 3.Жабайы жануарларды атаңдар. 4.Жануарлар туралы қандай ертегі, жұмбақ білесіңдер?</p>	<p>екенін дәлелдейді; үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі бейнелер жасайды.</p> <p>Түсіну: Сергіту сәті Орамжапырақ? Сәбіз бе? Жүрген шығар дәм іздеп. Көрген кезде көжекті Қас қағымдай тез өтті. Ұратындай қамшымды ап, Дір-дір етіп, қалшылдап, Қарғып өтіп көгалды, Атқан оқтай жоғалды.</p>			<p>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.</p> <p>Білу: Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.</p> <p>Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Ұмытпай күнде, су құям гүлге. Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.</p> <p>Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Гүл егеміз бақтарға Айналасын қоршаймыз.</p>
---	---	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

		<p>Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат»</p> <p>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-н санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.</p> <p>Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./</p>
		

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

<p>4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстары арқылы үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; Өз бетімізбен жаттығамыз. ҮІӨ мақсаты: Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру, көлбеу тақтаймен жүріп жаттығу, статикалық қалыпты, дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру. Дағды: Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үлкен қадамдармен аттап жүгіріп келіп, себетке доптарды лақтырады. Остеопатиялық жаттығуларды орындайды. Түсінеді: допты бір орында тұрып, кеуде тұстан екі қолмен себетке лақтыру техникасын, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сатылармен көтерілу, төмен түсу, қиғаш түсуді. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды.</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Музыкалық дыбысталуын сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлік элементтерімен байланысу; Қайырлы таң. ҮІӨ мақсаты: Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Дағды: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>		<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Қолмен бағытын көрсете отырып әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату; Менің туыстарым. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктегі элементтерімен байланыстыру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту. Дағды: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар Түсінеді: ән мазмұнын түсінеді. Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: <i>Музыкалық- ырғақтық қимылдар:</i> «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастырып, допты соғу білуге үйрету Жан-жағына жылулық сыйла! ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келедәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету. Дағды: Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түскенде қимылын түзетеді. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлау. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,</p>
--	---	--	---	--

<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Остеопатиялық жаттығулар</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындағады. 10–15 секунд қайталап орындайды.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.</p> <p>Түсіну: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары</p> <p>Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдікті сақтап, арқаны тік ұстау ұсынылады.</p> <p>Тақтайдың шегіне қарап, қолдарын екі жаққа қойып, тепе-теңдік сақтауға көмектеседі.</p> <p>Себетке доп лақтыру.</p> <p>Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады.</p> <p>Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.</p>	<p>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне илесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).</p> <p>Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу. Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев).</p> <p>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.</p> <p>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев).</p> <p>Ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды.</p>		<p><i>Кіріспе әңгіме.</i> Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу.</p> <p>Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>Қолдану: Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров).</p> <p>Әнді тыңдап, әнде кім туралы айтылып отырғанын сұрау.</p> <p>Сендер аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер?</p> <p>Ананың еңбегі туралы балаларға түсіндіру.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: Билер: «Тырнарлар биі» (Д. Абилов).</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады.</p> <p>Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды.</p> <p>Екі шеңберде жүруді үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев).</p> <p>Ойын шартын түсіндіреді. Шеңбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды</p>	<p>қолдану.</p> <p>Қолдану: Баскетбол себетіне доп лақтыру.</p> <p>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.</p> <p>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.</p> <p>Түсіну: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»</p> <p>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.</p> <p>Білу: Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып</p>
--	---	--	--	--

<p>Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.</p> <p>Білу: Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу.</p> <p>Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.</p> <p>Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды.</p> <p>Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!»</p> <p>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Белгімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді.</p> <p>Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады.</p> <p>«Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады.</p>				<p>өрмелеп, алма-кезек адымдап түсу.</p> <p>Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады. Сатыдан ұстағанда төрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды.</p>
---	--	--	--	--

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті


Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру



Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. «Алыптар» мен «қуғыншымын» қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, «ергежейлілер» жүгіреді.

		<p>Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.</p>			
		<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Көктем туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр, Нұрым, Шахнұр)</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету. Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Ертегілерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>		<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>			
		<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №4 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №5 Еріп жатқан қарды бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып,</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №6 Су тамшыларын бақылау Мақсаты: Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. Бақылау барысы Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мендібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдін,</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №7 Қардың еруін бақылау Мақсаты: табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз «Көктем келді» Б. Қозыкеев Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды.</p>	

	<p>оқимын, сендер жасырынған сөздерді табындар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемнің алдында қай мезгіл болды? Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру.</p>	<p>Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқак пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты</p>		<p>Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) Шуақты күні ше? (өседі) Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек: Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу,</p>	<p>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқак деп атайды. Зерттеу қызметі Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқакты салыстыру. Еңбек Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. Мақсаты: тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету. Қимылды ойын «Ормандағы аюда». Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; Ептіліктерін қалыптастыру; Қозғалыс координациясын жақсарту. Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.</p>
--	---	--	--	--	--

	Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.	нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.		өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аяғынды сулама» Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.	
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар		<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Куптлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы


Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы


Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.03 – 17.03. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.03	Сейсенбі 14.03	Сәрсенбі 15.03	Бейсенбі 16.03	Жұма 17.03
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);</p> <p>Үстел үсті ойындары: «Оюларды құрастыр»</p> <p>Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтанш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар:</p>	<p>Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Үстел үсті ойындары: «Бұл қандай құс?»</p> <p>Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ</p>	<p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын)</p> <p>Сәйкестендіру ойыны: « Қазақ халқының салт - дәстүрлеріне саяхат »</p> <p>(ұлттық ойындар)</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету. Салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері,</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Сәйкестендіру ойыны: Ойын жаттығу: «Сәйкесін тап»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын шарты: үстел үстінде гүлдер мен киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу.</p> 	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Сәйкестендіру ойыны:</p> <p>Ұлттық киімдерді жина.</p> <p>Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдарын теріп жинақтау. Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің ұқсас</p>

Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.







орман дәргері, қарлығаш ад амның досы)

Ықтимал күрделендірулер: Өз ойларын еркін жеткізу.




ырымдарын суреттер бойынша айтқызу және әңгімелету (ұлттық мерекелер, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, зергілік бұйымдар, ұлттық ою....).



заттарды топтастырады



					
<p>Танертенгі жаттығу</p>	<p>№ 9 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар №1 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.к. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.к.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.к. 4 рет қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынанекінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау. 5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты</p>	<p>№ 10 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар №2 жаттығулар кешені 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 –допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.к.к. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 – отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.к.к. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1 оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 – б.к.к. (8 рет). 4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру,</p>	<p>№ 11 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар №3 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.к.к. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.к.к. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.к.к. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа</p>	<p>№ 12 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсыз орындалатын жаттығулар №1 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2–қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу; 4 –б.к.к. (7-8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.к.к. Сол жаққа қайталау (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2–оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққажазып, денесін түзулеу; 4– б.к.к. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1-2 – отыру, қолдарын алдығасозу; 3-4– б.к.к. (8 рет) 5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей</p>	<p>№ 13 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсыз орындалатын жаттығулар №2 жаттығулар кешені 1.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды. 1– қолдарын желкесіне қояды, оң аяғының басымен артқа қояды; 2– б.к.к. сол аяғымен сол қимылдардықайталайды (6-7 рет). 2.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды. 1– оңға бұрылып,оң қолын оңға созады; 2– б.к.к. Сол қимылдарды сол жағымен қайталайды (8-10 рет) 3.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын жанына төмен түсіріп қояды. 1–оң аяғымен алдыға құлайды; 2-3– серпіліп тербелу; 4– б.к.к. Сол аяғымен қайталау (8-10 рет) 4.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру,</p>

<p>балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.к. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.</p> <p>6.Б.к.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бұғу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау.</p>	<p>допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.к.к. (8 рет)</p> <p>5.«Отырып иілу». Б.к.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету. «Секірулер». Б.к.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет</p>	<p>домалату; 5–8– б.к.к. сол жаққа қайталау (8 рет).</p> <p>6.Б.к.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау.</p>	<p>ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарынекі жаққа созу; 2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4–оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.к.к. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет).</p> <p>6.Б.к.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созыпбасып, алдыға қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; 4– б.к.к. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).</p> <p>7.Б.к.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою; 1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу; 2 – б.к.к. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыкаәуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау.</p>	<p>қолдарын алдығасозу; 3-4– б.к.к. Сол жағына қайталау (8–10 рет).</p> <p>5.Б.к.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. 1– қолдарын екі жаққасозу; 2– алдыға еңкейіп, қолдарын сол аяғының басына тигізу; 3– денені түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4– б.к.к. Оң аяғымен сол қимылдарды қайталау (8–10 рет).</p> <p>6.Б.к.: еденде қолдарын артқа қойып, тіреліп отыру. 1– түзу аяқтарын алдыға жоғары(бұрыш жасап) көтеру; 2– б.к.к. (8–10 рет)</p> <p>7.Б.к.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. Оң аяғын алдыға, солаяғын артқа қойып, секіру. Секіре тұрып, аяқтарын ауыстыру (1–8 санап), үзіліс жасау, қайта қайталау (3-4 рет).</p>
--	---	--	--	--

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

09.00 11.50 ҰІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	06.03.23 Дүйсенбі	07.03.23 Сейсенбі	08.32.23 Сәрсенбі	09.03.23 Бейсенбі	10.03.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30

Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды. Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі



тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
 Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру
 Армысың, өз Наурыз!
ҮІӘ мақсаты: ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.
Дағды: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдерді түсінеді.
Түсінеді: Наурыз мерекесі халықтық үлкен мереке екенін түсінеді.
Қолданады: мерекелік құттықтау сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Еске түсіру сәт.
 Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.
 Қандай жақсы бір тұрып,

3. Мүсіндеу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
 Балардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту дағдыларын жетілдіру.
 Ғарыш кемесі.
ҮІӘ мақсаты: балаларға ғарыш кемесін мүсіндеуге үйрету; ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; таныс әдіс-тәсілдерді жалпақтау, шымшу, домалақтау, қолдану, жалғастыру;
Дағды: балардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: ермексаздан зымыранның бөліктерін; туралы қарапайым түсініктерді;
Қолданады: қарапайым үйлесімді сақтай отырып, таныс әдіс-тәсілдерді (домалақтау, жалпақтау, алақан арасына салып есу, шымшу) қолданады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

3. Сауат ашу негіздері - коммуникативтік әрекет
 Дыбыстық талдау.
ҮІӘ мақсаты: дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.
Дағды: Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтайды, сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды.
Түсінеді: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.
Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Ой қозғау: «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны.
 1. Қайың, терек, шырша – ...
 2. Сызғыш, дәптер, кітап, қаламсап – ...
 3. Манта, ет, сорпа, палау – ...
 4. Орындық, үстел, сөре, диван – ...
Түсіну: Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»
 Балаларға көк түсті шаршыны

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
 Сөздерді бір бірімен байланыстырып сөйлем құрау
 Ертегі әлемі .
ҮІӘ мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.
Дағды: кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыр дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: ертегі кейіпкерлерін атайды, диалогке қатысады.
Түсінеді: сөйлемдерді түсініп, суреттерін көрсетеді.
Қолданады: меңгерген сөздерін күнделікті өмірде қолданады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Түсіну: Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан». Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
 Ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту, бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын оятуға дағдыландыру. Көктем белгілері .
ҮІӘ мақсаты: Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: табиғат құбылыстарын атап береді.
Түсінеді: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді біледі.
Қолданады: құрбыларымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.
Миға шабуыл: «Көктемде не болады?» дидактикалық ойынын ұйымдастырады.
Балалар: Қызығушылық танытып, ойынға атсалысады. Көктемде болатын құбылыстарды атап береді.

<p>Достарменен бір жүру Қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай? Түсіну: Электронды қазақ үйінен «Құтты болсын, өз Наурыз» әнін тыңдату. –Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы? –Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру. «Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Білу: Демонстрациялық материалмен жұмыс. Мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. –Мынау кім? Мынау – ата. –Мынау не? –Мынау – домбыра. –Ата домбыра ойнап отыр. –Ата не істеп отыр? –Ата домбыра ойнап отыр. –Мынау – алтыбақан. Мынау не? –Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді. –Балалар не істейді? –Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді. –Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды. –Адамдардың көңіл күйлері жақсы. –Адамдардың көңіл күйлері қандай? –Адамдардың көңіл күйлері жақсы.</p>	<p>Қолдану: Балалар, біздің тұратын жеріміз ғаламшар деп аталады. Төбеміздешеті мен шегі жоқ аспан әлемі бар. Оны ғарыш деп атайды. Біз өз ғаламшарымызда өте тату-тәтті өмір сүреміз. Бәріміз мейірімді достармыз.Кәне,бәріміз Жермен,аспанмен,бір-бірімізбен амандасып алайық! Амансың ба, Аспан Ата! Амансың ба, Жер-Ана! Амансыңдар ма, достарым! Сендерді көрсем қуанам! «Өзін-өзі тану» пәні бойынша педагог жұмбақ жасырады:Құстан аумайды, Көкте зулайды.Ол не? Түсіну: Ғарышқа ұшатын ғарышкерлердің арнайы киімдері болады. Скафандр – бұл ғарышқа ұшуға арналған киім. Зымыран – жер мен аспан арасындағы ең жедел ұшатын көлік. Кейін есейгенде ғарыштың ашылмағанқұпиясын ашуға жол салатын боласыңдар. Біз бүгін ермексасдан зымыранды мүсіндейміз. Зымыранның суретін компьютерден слайд арқылы көрсетеді. Көрсетеотырып, балалардан сұрақ арқылы жауап алады. Балалар, мына суретте қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров,Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ағаларыңды көріп отырсыңдар. Сендер де осы ағаларың сияқты ғарышкер</p>	<p>көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.</i> Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.</i> Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, машина, радио, нарын, раугаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.</i> Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос» (педагог балаларға суреттер көрсетеді) Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: (ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмыр...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит,</p>	<p>ертегілерді айтындаршы. Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». <i>Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балаларсол кейіпкерлерді атап көрсетеді.</i> Суреттермен жұмыс. Қарлығаштың суретін көрсетеді. Білу: Мынау не? Мынау – қарлығаш. Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату.Суреттер бойынша жұмыс. Мынау – Қарға. Мынау не? Мынау – Қарға. Мынау – Көкек. Мынау не? Мынау – Көкек. Мынау – Дәуіт. Мынау не? Мынау – Дәуіт. Мынау – Жылан. Мынау не? Мынау – Жылан Қарлығаш көмек сұрады. Қарлығаш не істеді? Қарлығаш көмек сұрады. Көмек, кө-мек. Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. Қарлығаш нелерден көмек сұрады? Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. Көкек не деді? «Бүркіт қонаққа шақырып</p>	<p>Көктемде күн жарқырап сәуле шашады. Көктемде қар ериді. Көктемде қар еріп, әр жер қарайып жатады. Көктемде шалшықтар пайда болады. Көктемде ағаштар бүршік жарады. Түсіну: Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тану процесін ұйымдастырады: Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. Ойын түріндегі жаттығу. «Күнмен ойнайық». Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады. Күн сәулесі қандай болады? Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. Жарық. ... Білу: «Бұл не?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады:заттың қасиетін немесе қызметін атайды. Сол қызметті атқаратын немесе аталған қасиетке сай келетін заттардың атауын</p>
---	--	--	---	---

	<p>Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы наурызкөже. (Түсінік беру). –Әжей наурызкөже пісіреді. –Наурызкөжені кім пісіреді? –Әжей наурызкөже пісіреді.</p> <p>Қолдану: Ұлттық ойын: «Сақина». Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды. Санамақ айту.</p> <p>Бір, екі – Жердің беті. Сары шымшық, Тез ұшып шық.</p> <p>Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек. Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам үш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған</p>	<p>болғыларың келеме? Ағаларымыз осы ғарыш кемесіне отырып, аспан әлемін зерттейді. Ғарыш кемесінің қандай болатынын көрдіңдер ме? Білу: Балалар енді орнымызға отырып, осы зымыранды мүсіндейік. Балаларға суретті көрсету арқылы ұшақ бөліктерінің жасалуын жеке-жеке түсіндіріп, ермексазбен мүсіндеуді бастаймыз. Үлгіні көрсете отырып, негізгі бөлігі, тұмсығы, құйрығы болатынын айтады. Осы зымыранды жасау үшін негізгі үлкен бөлігінен бастайық. Алақанымызға ермексазды салып, жұмсартамыз, сопақша пішінгекелтіріп негізгі бөлігін жасаймыз. Енді ермексазды жалпақтап, бір төртбұрыш және екі үшбұрыш жасаймыз. Дәптерге қарап жаңа жасаған негізгі бөлікке орналастырамыз. Ермексазды есу, домалақтау арқылы зымыранның терезесін, тұмсығын жасаймыз.</p>	<p>ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.) Білу: Көше, ағаш сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Көше сөзіне дыбыстық талдау. Көше сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ө – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ағаш сөзіне дыбыстық талдау. Ағаш – 2 буын, 4 дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ғ – ұяң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>	<p>еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? –«Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. –Осы істері дұрыс па? Қарлығашқа дәуіт көмек берді. Қарлығашқа не көмек берді? Қарлығашқа дәуіт көмек берді. Қарлығаш пен Дәуіт дос болды. –Қарлығаштың досы –Дәуіттің досы ... Қолдану: Балаларға ертегіні сахналауды ұсыну. Балалар сахналауға қатысатын балаларды таңдайды. Ертегі кейіпкерлері – Қарлығаш, Дәуіт, Қарға, Көкек, Жылан бейнеленген қалпақтарды балаларға береді. Сахналау. Автордың сөздерін педагог айтады.</p>	<p>мейлінше көбірек атап көрсетуге тырысады. П: Тамшылайтын зат, ол не? Б: Жаңбыр, нөсер жауын, сүнгі, кранның шүмегінен тамшылаған су... Қолдану: Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақ соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ, Топылдатып билейміз. Балаларды ынталандырады. Тәрбиеленушілерді өз жұмысын «Менің көңіл күйім» рефлексивтік жаттығуының көмегімен бағалауға шақырады. Балалар адамның суретін тиісті сатыға орналастырады. Ыңғайлы Өзіне сенімді Жақсы Жаман</p>
--	--	--	---	--	---

тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді.

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.



Ұлттық ойын: «Тымақ ұру»

Мақсаты: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: “Тымақ ұру” ойыны үшін газеттен жасалған “тымақ” та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

3. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар.
ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу.
Дағды: Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау

4. Музыка- шығармашылық әрекет
Түзу жүріп допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру
Ғарыш әлеміне саяхат.
ҮІӨ мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту.
Стадион (таза ауада)
ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу.
Дағды: Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін ұштау. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу.

4. Музыка- шығармашылық әрекет
Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,
Құстар біздің досымыз.
ҮІӨ мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту.
Бір, екі, үш, балалар алды күш!
ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу.
Дағды: Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды:

	<p>мен сақтану дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденненсоғып ауыстыруды жалғастыру.</p> <p>Түсінеді: шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарының көмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.</p> <p>Қолданады: сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын, секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Ойын жаттығулары: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады: <i>«Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!»</i> Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.</p> <p>Түсіну:</p>	<p>Түсінеді: ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.</p> <p>Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>«Көңілді әуен» әдісімен Балалар марш екпінімен тұзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.</p> <p>Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.</p> <p>Білу: Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.</p> <p>Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.</p> <p>Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).</p>	<p>Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: заттардың арасымен қозғала отырып, допты жерге соғып алып жүру.</p> <p>Түсінеді: стадионның маңызын, спортпен шұғылданудың денсаулыққа тигізетін пайдасын, допты аяқ басының іш жағымен тебу керектігін.</p> <p>Қолданады: жүріп келе жатып, қайта сап құру дағдыларын, ырғақты гимнастика жасауды, топпен қозғалу, психотренинг жасау, допты саусақ ұшымен баяу қайтаруды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Ырғақты гимнастика (№1) Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыка ырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық орындап біткенше арқасын тік ұстап орындайды. Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады. Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.</p> <p>«Баскетбол» «Гимнастика»</p> <p>Түсіну: «Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан</p>	<p>немесе топпен ән айту.</p> <p>Дағды: Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды. Түсінеді: музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.</p> <p>Қолданады: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Залдың ортасы арқылы бір-бірден тізбекке тұрып жүру, жүгіру, екі-екіден тізбекке тұрып жүру, жүгіру. Төрт-төрттен тізбек құру. Ырғақты гимнастика. (№1) Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын тік ұстап, музыка әуенімен қимылдарды дұрыс орындауға тырысады.</p> <p>Түсіну: Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.</p> <p>«Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеудедеңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді. «Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де, қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.</p> <p>«Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көз мөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>1. Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру. 2. Секіртпеден бір орында тұрып секіру. 3. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. 4. «Денсаулық» дискісімен жаттығу.</p> <p>Білу: Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта» Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтапалған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды.</p>	<p>Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеуі екенін анықтау.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өндеген Т. Попатенко). «Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру.</p>	<p>тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды.</p> <p>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.</p> <p>«Жұлдыз» фигурасы Зейінді дамыту жаттығулары: «Жазу мәшинесі» Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық ойыншылар бірге шапалақтайды.</p> <p>Білу: «Бәрі қолымнан келеді!» Шенберге тұрып, психотренингті орындайды. «Бүгінгі күн қандай керемет! Менде де бәрі тамаша! Мен талмай, ерінбей еңбек етіп, бәрін үйренемін! Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін! Мен бәрін істей аламын!»</p>	<p>аяқтың ұшымен құс болып ұшады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова). Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау. Көктем, көктем, көктемде, Бұл құстардың бәрі де Әнші болып кеткен бе? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов). Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету. Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке немесе топпен ән айту.</p> <p>Білу: Ойын: «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың</p>	<p>тырысады.</p> <p>Білу: Психотренинг: «Бәрі қолымнан келеді!» Шенбер бойымен тұрып, психотренингті орындайды. «Бүгінгі күн қандай керемет! Менде де бәрі тамаша! Мен талмай, ерінбей еңбек етіп, бәрін үйренемін! Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін! Мен бәрін істей аламын!»</p>
--	--	---	--	---	--

				<p>қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар күннің қай мезгілде ұйықтатынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау.</p>
--	--	--	--	---

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

 <p>1 - атым, 2 - таба, 3 - бүк, 4 - мік, 5 - ақшай, 6 - сөкешай, 7 - аяты, 8 - шоршай. Суретші Ж.Шайман</p>		<p>Ойын: Ұлттық ойын "асық ату", «Ханталапай» ойыны. Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту. Ойынның шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.</p>
		

Баланың жеке даму картасына	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық,	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік,	Көркем әдебиет - коммуникативтік, таным	Қоршаған ортамен таныстыру –
-----------------------------	-----------------------------------	---	------------------------------------	---	------------------------------

<p>сәйкес жеке жұмыс</p> <p>11.50 – 12:00</p>	<p>таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет</p> <p>Ертегілер туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр, Нұрым, Шахнұр) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>еңбек әрекеті</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Геометриялық пішіндер»</p> <p>Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. (Ақжол, Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>танымдық әрекет</p> <p>«Менің сүйікті асығым» сурет бойынша әңгіме құрастырту.</p> <p>Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. (Ибраһим, Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>дық әрекет</p> <p>« Киіз үй құрал жабдықтары» киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу.</p> <p>Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту. (Батыржан, Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>коммуникативтік әрекет</p> <p>(Баланың отбасы және қоғам)</p> <p>«Көктемде не болады?» туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. (Арнұр, Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>				
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау № 13</p> <p>Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау</p> <p>Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Көктем» Б. Жақып</p> <p>Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау № 14</p> <p>Тастарды бақылау</p> <p>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? Асыл тастарды не үшін</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау № 15</p> <p>Күнді бақылау</p> <p>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (күн)</p> <p><i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады.</i> (күн)</p> <p>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау № 16</p> <p>Ұшып келген құстарды бақылау</p> <p>Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев</p> <p>Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз?</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау № 17</p> <p>Желді бақылау</p> <p>Мақсаты: жел туралы түсініктерін бекіту; жел түрлерін есте сақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл</p>

	<p>бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсындар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау. Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен.</p>	<p>пайдаланады? Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерін бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті әйнекпен</i>) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.</p>	<p>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсындар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты» Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.</p>	<p>болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>) ♦ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ♦ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-</p>
--	--	---	--	---	---

				Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен	біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Куптлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.04 – 07.04. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.04	Сейсенбі 04.04	Сәрсенбі 05.04	Бейсенбі 06.04	Жұма 07.04
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Ғарышкерлер» Мақсаты: Балаларды еңбекті құрметтеуге, ұйымшылдыққа, достыққа баулу. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын үстел үстінде, зымыран ойыншығының жанында өткізіледі. Суреттерге қарап, рөлдеріне сәйкес суреттерді қою қажет: командир, механик, дәрігер, ғарышкерлер. Командир ғарышкерлермен жаттығу жүргізеді. Дәрігер денсаулықтарын тексереді. Ракетаға отырып ұшады. Жерде жалаушамен белгі</p>	<p>Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Әдістемелік нұсқаулар: Қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш ад</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылары Үстел үсті ойындары: «Ғажайып фигуралар» Мақсаты: геометриялық пішіндер мен заттардың ұқсатығын таба білуге үйрету Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне геометриялық пішіндер ал, екіншісіне ұқсас заттар қойылады. Үстелдегі заттар арасынан осы пішінге ұқсас затты табады. Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. Ықтимал күрделендіру: Геометриялық фигураларға байланысты жұмбақтар шешу Ойынның нұсқаулары: Геометриялық фигураларды</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Сәйкестендіру ойыны: Ойын жаттығу: «Біздің көңіл күйіміз» Мақсаты: Балаларды сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрыс айтқызу. Оны өздері сала білу. Көрнекілік: әр түрлі мимикадағы балалардың суреттері. Әдістемелік нұсқаулар: Бет-әлпеттің мимикасына қарап, сөйлем ойнайды. оның ішінен бет-әлпеттің мимикасын білдіретін сөздерді бөліп айтады. Әр түрлі көңіл-күйді білдіретін сәттерді</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Сипаттау ойыны: «Ойыншықты сипатта». Мақсаты: Есте сақтау қабілетіу дамыту. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын үстел үстінде тұрған ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап тауып беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала</p>


беріп, ұшатын, қонатын
бағытын сілтеп көрсетеді.
Бақылау түрі: ішінара.



амның досы)
Ықтимал
күрделендірулер: Өз
ойларын еркін жеткізу.



ажыратқан соң, атауларын
жатқа айту. Геометриялық
пішіндерден тағы не құрауға
болатыны жайлы әңгімелеу.



салу.
Күліп тұрған бала.
Ренжіп тұрған бала.
Аузын ашып тұрған т.б.



ойынды әрі қарай
жалғастырады.



<p>Танертенгі жаттығу</p>	<p>№ 19 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Секіртпемен орындалатын жаттығулар № 1 жаттығулар кешені 1. Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратып тұстап, шеңберге қарап тұру; 1– секіртпені жоғары көтеру, оң аяғын артқа басына қою; 2– б.к.к. Сол аяқпен қайталау (8 рет). 2. Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, секіртпені жоғары көтеру; 4– б.к.к. (8 рет) 3. Б.к. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып, секіртпені алға созу. 3-4 – б.к.к. (8 рет) 4. Б.к. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу; 2– б.к.к. Сол жаққа қайталау (8 рет). 5. Б.к.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бұғу; 1- секіртпені жоғары-алдыға шығару; 2– б.к.к. 6. Б.к. – негізгі тұрыс,</p>	<p>№ 20 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гантельдермен жаттығулар орындау № 1 жаттығулар кешені «Бастарын ию» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.к.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.к. – 6 рет. «Гантель жоғарыда» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған, 1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.к. – 6 рет. «Гантельдер иықта» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген; 1 – қолдарын шынтақтан бұғу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.к. – 6 рет. «Еңкею» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді еденге қою; 2 – б.к.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.к. – 6 рет. «Секіру» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен</p>	<p>№ 21 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатика элементтері бар жаттығулар. № 1 жаттығулар кешені 1. «Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет) 2. «Бұрыш» Б.к. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1 – аяқтарын 45° бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау). 3. «Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған. – қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.к. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет) 4. «Қолдары тізде» Б.к. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2</p>	<p>№ 22 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатика элементтері бар жаттығулар. № 2 жаттығулар кешені 1. «Қолдары жоғары» Б.к. – қолдарын беліне қою. 1 – қолдарын желкесіне қою, оң (сол) аяқтарын артқа аяқбасымен басып тұру; 2 – бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 2. «Еңкею» Б.к. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын беліне қояды. 1 – қолдарын екі жаққа созады; – оң (сол) аяқтарына қарай кезек еңкею; 3 – денені қайта түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.к. (8 рет). 3. «Бұрылу» Б.к. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын желкесіне қояды. 1 – оңға (солға) бұрылу; 2 – б.к. (8 рет). 4. «Отыру» Б.к. – тізерлеп тұру, қолдарын денесінің бойымен екі жаққа ұстау. 1-2 – оңға (солға) отырып тұру, қолдарын жоғары көтеру; б.к. (6 рет). 5. «Қарлығаш» Б.к. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет). 6. «Қорапша» Б.к. – еденге етпетінен</p>	<p>№ 23 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Аэробика жаттығуларын орындау 1. Б.к.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді. 2. Б.к.: «бокшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет 3. Б.к.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет. 4. Б.к.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Солаяғымен соны қайталау. 5. Б.к.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.к. қайту. 7-8 рет. 6. Б.к.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет. 7. Б.к.: аяқтарын біресе</p>
----------------------------------	--	---	--	--	--

	қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.к.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау. (8 рет) 7.Б.к. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындапсекіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау. (2-3 рет)	секіру.	– оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет). 5.«Қарлығаш» Б.к. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет). 6.«Қорапша» Б.к. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет 7.«Көпір» Б.к. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет.	жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет	бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып бір орында секіру. Секірудіжүрумен алмастыру. 2-3 рет.
--	--	---------	--	--	---

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты


09.00 11.50 ҮІӘ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	03.04.23 Дүйсенбі	04.04.23 Сейсенбі	05.04.23 Сәрсенбі	06.04.23 Бейсенбі	07.04.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Жапсыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Дербестікке баулу Пішіндер неге ұқсайды? мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру.	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтауқабілеттерін дамыту Біз нені үйрендік? мақсаты: дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Дербестікке баулу Пішіндер неге ұқсайды? мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру.	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Дербестікке баулу Пішіндер неге ұқсайды? мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру.	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу Дыбыстық талдау . мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау
--	---	--	---	---	--

	<p>кұмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Дағды: Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, дидактикалық ойынды дәптерде орындайды; Түсінеді: үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді; Қолданады: жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Әңгімелесу Еңбек дегеніміз не? Еңбек ету адамға қажет пе? Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз? Білу: Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Өке мен бала", "Екі дос", "Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. Қолдану: "Өрмекші,</p>	<p>шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту. Дағды: Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді. Түсінеді: олардың емдік қасиеттерін. Қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады. Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Миға шабуыл: Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» деген тұжырым жасайды. Түсіну: Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін</p>	<p>туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби</p>	<p>дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі, сөйлем түрлерін анықтайды; Түсінеді: «маңдай тер» сөзінің мағынасын; Қолданады: әңгімеге тақырып ойлап табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен: Хат келді! Хат келді! – деп саңқылдайды. Хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады. Енді мен әңгімені оқийын, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Түсіну: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бірнүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.</p>	<p>туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды: Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала: Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата: Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала: Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата: Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала: Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді: Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүргенбір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек. Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма? Әңгіме не туралы айтылған? Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?</p> <p>Мақал-мәтел жаттау. 1.Еңбек – адамның екінші анасы. 2.Еріншек түске дейін ұйықтайды. 3.Жалқаулық – жаман ауру.</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын Н. Жанаевтың «Еңбек»</p>	<p>дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Өртүрлі өсімдіктер өртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстанның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі. Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнапласымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен,</p>	<p>жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ!</p> <p>Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты. <i>Бейбіт</i> – тыныштық жайлы. Дәптермен жұмыс: Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт. Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың? Олардың көңіл күйлері қандай? Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.</p> <p>Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз!</p>	<p>Қолына күрек ұстатты да: Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. Сондай дәмді! – деді Хамит. Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды. (Б.Досымов)</p> <p>Білу: Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап».</p> <p>Ойын шарты: Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады. Әже, сіз не істеп жатырсыз? Ұстандар! Ұстандар! Ұста оны! Күн шығып, дала нұрға бөленді. Алманы үзген кім? Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме! Бақта жемістер өседі. Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырманы орындау керек.</p>	<p>әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ!</p> <p>Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты. <i>Бейбіт</i> – тыныштық жайлы. Дәптермен жұмыс: Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт. Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың? Олардың көңіл күйлері қандай? Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.</p> <p>Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз!</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>өлеңімен жасатуға болады.) Гүл өсірсен терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең – еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.</p>	<p>жараны қырмызыгүлмен емдейді. Білу: «Алмаз» техникасы. Қысқаша жауаптан кейін сурет алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда. Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап. Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап. Түймедақтың 4 түрлі қасиетін атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет. Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда. Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді. Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер. Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады. Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді. Қолдану: Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады. Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін құрастырады: Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.). Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, таңертең, шық кепкен кезде жинайды. Қалада, жолға жақын жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге? Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет. 5. Өсімдіктерді күнге емес,</p>		<p>Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Аппақ болып таң атты, Түтін тіке ұшады. Қарлығаштар қанатын, Биік самғап ұшады.</p>	
--	---	---	--	--	--

көлеңкеге қойып кептіреміз.
6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуға, біткенше жинауға болмайды.
Өзекті мәселе: Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту. Балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Артикуляциялық жаттығулар:

Ойын: «Часы» «Сағат»

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• **«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



Аз қимылды ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Ойын шарты:

Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.

Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

Ойынның ережесі:

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.



Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл – қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету
Мектепке не апарамыз?
ҮІӨ мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.
Дағды: жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: жаңа сөздерін айтады, жаңылтпашты қайталайды, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады, мәтінді қайталайды.
Түсінеді: оқушыға оқу құралының қажеттігін түсінеді.
Қолданады: үйренген

3. Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
Мысық. (сіріңке қораптарынан). Күшіктер. (аралас жұмыс)
ҮІӨ мақсаты: түрлі түстерді үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан әртүрлі заттар құрастыруға үйрету, қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қиялын дамыту,
Дағды: мақсатты түрде ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: қалдық материалдармен заттар құрастыра алады;
түсінеді: қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана біледі;
қолданады: сіріңке қораптарына қағазды қиып жапсырады, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланады.

3. Сауат ашу негіздері - коммуникативтік әрекет
Сөйлем құрай білеміз.
ҮІӨ мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.
Дағды: Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, сөйлемге қажетті сөзді қосады.
Түсінеді: сөздердің жалпы атауын, көп-аз ұғымын түсінеді.
Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлемнің сызбасын.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Ой қозғау: «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды.
1. Әке, аға, ана, әпке – . . .
2. Орындық, үстел, сөре, керует – . . .
3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – . . .
4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . .
5. «Тығылыспақ», «Қуаласпақ»,

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыруға дағдыландыру . Оқушыға не керек?
ҮІӨ мақсаты: сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру.
Дағды: сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыруға дағдыландыру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: жаңа сөздерін айтады, 2-3 сөзден сөйлем құрастырады.
Түсінеді: сөйлемді түсініп сәйкес суретті көрсетеді.
Қолданады: сөздерді байланыстырып сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Еске түсіру сәті: Қима

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?
ҮІӨ мақсаты: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту.
Дағды: Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыта отырып дағдыландыру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді.
Түсінеді: олардың емдік қасиеттерін.
Қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын.

<p>сөздерін сөйлем құрауға қолдана алады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Еске түсіру сәт: «Мектепке енді барамыз» әнін тыңдау. Мектепке енді барамыз, Біз оқушы боламыз. Жақсы оқып сабақты Кілең бестік аламыз. Қандай таныс сөздер бар? Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды: мектеп, оқушы.</p> <p>Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қоржын».</p> <p>-Мынау – кітап, кііі-тап. -Мынау не? -Мынау – кітап. -Кітап – оқу құралы. -Кітап не? -Кітап – оқу құралы. -Оқушыға кітап керек. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушы кітап оқиды. -Оқушы не оқиды? -Оқушы кітап оқиды. -Мынау – қалам, қа-лам. -Мынау не? -Мынау – қалам. -Қалам – оқу құралы. -Қалам – не? -Қалам – оқу құралы. -Оқушыға қалам керек. -Оқушыға қалам керек пе? -Оқушыға қалам керек. -Мынау – сызғыш, сыз-ғыш. -Мынау не? -Мынау – сызғыш. -Сызғыш – оқу құралы. -Сызғыш не? -Сызғыш – оқу құралы.</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Ерте, ерте, ертеде ... Алыс, алыс өлкеде Ақмамық деген мысық өмір сүріпті, ол сондай аппақ, әдемі, сүйкімді болыпты, бірақ оның достары болмапты. Ақмамық бір күні терезе алдында отырып, далада ойнап жүрген өзі сияқты мысықтарды көреді де, өзіне дос іздейді. Өзіне достар іздеп көп жерлерге барады, кішкентай балалардан көмек сұрайды, сөйтіп жүріп «Көгершін» деген балабақшаға барады, бірақ олар оған көмектесе алмады. –Балалар, Ақмамық енді сендерден көмек сұрап бүгін бізге келіпті. Қалай, балалар, Ақмамыққа көмектесеміз бе?</p> <p>Түсіну: жұмбақ жасырады: Үй күзетіп қалады, Кейде мал да бағады. Ызасы келсе қабады Шешуін кім табады? (Ит)</p> <p>Ит туралы әңгіме айтуды ұсынады: Ит – адамның досы. Ит үйді күзетеді. Иттің баласы күшік. Педагог балаларға ит пен күшікті қағаздан жасауды ұсынады.</p> <p>Білу: күшіктің бейнесін үлгі бойынша талдау жасайды: үлкен жолақ қағаздан күшіктің дене бөлігін, кіші жолақ қағаздан басын, одан кіші жолақтардан аяқтары</p>	<p>«Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...</p> <p>Түсіну: Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ай- на, алты-бақан, ба-қа, маймыл, жыл-қы, түйме- дақ,). Ойынды өзгертуге болады.</p> <p>Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос» – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.</p> <p>Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).</p> <p>Білу: Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»</p> <p>Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.</p> <p>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.</p> <p>Мазмұны: балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: <i>Әсем ойнап жүр.</i> Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі</p>	<p>материалмен жұмыс. Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау. Ойын: «Алтын сақа сөз жинайды» (мектеп, оқу құралдары тақырыбы бойынша).</p> <p>Түсіну: Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар? Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>-Мынау – кітап. Кітап не? -Кітап – оқу құралы. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Мынау – мәшине. Мәшине – ойыншық. -Оқушыға мектепте ойыншық керек пе? -Оқушыға ойыншық керек емес. -Мынау – қайшы. Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады) -Оқушыға қайшы керек. -Оқушыға қайшы керек пе? Оқушыға қайшы керек. -Мынау – желім. Мынау не? -Мынау – желім. -Оқушыға желім керек. -Оқушыға желім керек пе? -Оқушыға желім керек. -Мынау – қылқалам. -Мынау не? -Мынау – қылқалам. -Оқушыға қылқалам керек. -Оқушыға қылқалам керек пе?</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады. Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!</p> <p>Миға шабуыл: Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» деген тұжырым жасайды.</p> <p>Түсіну: Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктер әртүрлі ауруларға ем.</p> <p>Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстанның дәрілік</p>
---	---	--	---	---

<p>-Оқушыға сызғыш керек. -Оқушыға сызғыш керек пе? -Оқушыға сызғыш керек. -Мынау – дәптер, дәп-тер. -Мынау не? -Мынау – дәптер. -Дәптер оқу құралы. -Дәптер не? -Дәптер оқу құралы. -Оқушыға дәптер керек. -Оқушыға дәптер керек пе? -Оқушыға дәптер керек. -Оқушы дәптерде жазады. -Оқушы дәптерде не істейді? -Оқушы дәптерде жазады. -Мынау – қарындаш. Мынау не? -Мынау – қарындаш. -Қарындаш – оқу құралы. -Қарындаш не? -Қарындаш – оқу құралы. -Оқушыға қарындаш керек. -Оқушыға қарындаш керек пе? -Оқушыға қарындаш керек. -Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш – оқу құралдары. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады. Білу: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). І-і-і-і – кітап, кітап. Қ -қ-қ-қ – қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дәптер. Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше айтылады. Сөздерді қайталап, үстелден алып көрсетеді. кітап – кітаптар қалам – қаламдар</p>	<p>мен тұмсығының жасалу ретін түсіндіреді; жолқты орап, желімдеу жолдары көрсетіледі; цилиндр пішіндерді бір-біріне қалай желімдеудің жолдары түсіндіріледі; құйрығы мен құлағын,көзін, тілін түрлі түсті қағаздан қиып жапсыруға болатынын айтады. Шығармашылық поэзиялық сәт: «Мысық пен күшік» туралы ән айтамыз. Ала мысық панданады мяу, мяу, мяу, Әлденеге қамданады мяу, мяу, мяу, Ала мысық айлалы жан - жағына қарады мяу, мяу, мяу, Айналаны қорғаштап ав, ав, ав, Ұзын тілі салпақтап ав, ав, ав, Қос құлағы салбырап Достық жайлы ән шырқайды ав, ав, ав, мяу, мяу мяу. Балалар жұмыстарын жалғастырады.</p>	<p>сөзді қосып айтады, мысалы: <i>Әсем аулада ойнап жүр.</i> Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. <i>Әсем аулада досымен ойнап жүр.</i> Дидактикалық ойын: «Көп-аз» -Мен сендерге сөзді көпше түрінде айтамын да допты лақтырамын, допты қағып алған бала сол сөздің жекеше түрін айтады да допты кері лақтырады. Мысалы: <i>балықтар – балық, керіктер – керік, алмалар – алма, гүлдер – гүл, ағаштар – ағаш, қоңыздар – қоңыз, ұлулар – ұлу, орындықтар – орындық, тарақтар – тарақ, кеселер – кесе, қасықтар – қасық, қозылар – қозы, лақтар – лақ, тайлар – тай, құстар – құс, көбелектер – көбелек, мысықтар – мысық, үйлер – үй, достар – дос, көліктер – көлік, кітаптар – кітап, қаламдар – қалам, үстелдер – үстел, саусақтар – саусақ</i> т.б. Поэзиялық сәт: Саусақ жаттығуы Кіп-кішкентай саусақтар Шаршамайды, тынбайды. Себебі бұл саусақтар, Жаттығулар жасайды. Түрлі-түрлі сызықтар, Дәптерлерге жазады. Еңбексүйгіш саусақтар, Бәрінен де озады.</p>	<p>-Оқушыға қылқалам керек. -Мынау – сурет дәптері. Мынау не?Мынау – сурет дәптері. -Оқушыға сурет дәптері керек. -Оқушыға сурет дәптері керек пе? -Оқушыға сурет дәптері керек. Білу: Сөздік ойын: «Оқушы не істейді» Оқушы қаламмен жазады. Оқушы қайшымен қағаз қияды. Оқушы қылқаламмен сурет салады. Оқушы сурет дәптерінде сурет салады. -Оқушыға оқу құралдары не үшін керек? -Оқушы қаламмен жазады. Қайшымен қағаз қияды. -Қылқаламмен сурет салады. Сурет дәптерінде сурет салады. Қолдану: Сөздерді бекітуге арналған «Сақ бол» ойыны. Оқу құралдарын бірде дұрыс, бірдеқате айтады. Зейін қойып тындап, балалар «қатесін» түзетеді. Дидактикалық ойын: «Сөйлем құра». Берілген сөздермен сөйлем құрау. Оқушы, керек, кітап. (Оқушыға кітап керек). Жаз, қалам. (Қаламмен жазады). Сынып, мектеп, бар. (Мектепте сынып бар)</p>	<p>шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі. Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен емдейді. Білу:«Алмаз» техникасы. Қысқаша жауаптан кейін сурет алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда. Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап. Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап. Түймедақтың 4 түрлі қасиетін</p>
---	--	--	--	--

	<p>сызғыш – сызғыштардәптер – дәптерлер</p> <p>Шағын мәтін құрайды. <i>Мен мектепке барамын. Мектепке кітаптар, дәптерлер, қалам апарамын. Мен жақсыоқушы боламын.</i> Балалар мәтінді қайталайды.</p> <p>Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы дәптерде жазады. Оқушы ... (дәптерде жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ... Қарындашпен сызады. Қарындашпен ...</p> <p>Поэзиялық сергіту сәт: Сергіту сәті: Бір, екі, үш Аяққа түсті күш. Төрт, бес, алты, Күшіміз артты. Жеті, сегіз Білім, еңбек егіз. Тоғыз, он Құстай ұш та қон</p> <p>Жаңылтпашты қайталау. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды.</p>				<p>атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет. Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда. Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді. Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер. Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады. Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді.</p> <p>Қолдану: Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады. Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін құрастырады: Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.). Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, таңертең, шық кепкен кезде жинайды. Қалада, жолға жақын жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге? Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет. 5.Өсімдіктерді күнге емес, көлеңкеге қойып кептіреміз. 6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуға, біткенше жинауға болмайды.</p> <p>Өзекті мәселе: Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?</p>
--	--	--	--	--	--


3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.



Ойын: «Үйрек үйрек, қаз».
Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.
Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.
Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.20 – 11.50

3. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі
 Футбол ойнаймыз
 (таза ауада)
ҮІӨ мақсаты: Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыл-әрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.
Дағды: Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс

4. Музыка-шығармашылық әрекет
 Бақшадағы ән-сауық.
ҮІӨ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.
Дағды: Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
 Волейбол алаңында жаттығу.
ҮІӨ мақсаты: Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту. 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру. Белгілі жерден итеріліп, екпін алуды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу.
Дағды: Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген

4. Музыка-шығармашылық әрекет
 Ән салып, би билейміз.
ҮІӨ мақсаты: Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру .
Дағды: Қолмен әннің бағытын көрсете отырып,

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
 Менің достарымның ойыны.
ҮІӨ мақсаты: Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу.
Дағды: Ұшып келе жатқан доптан түрлі тактикалар қолданып қашуды бекіту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Өз

	<p>анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұпта жаттығулар орындау, допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.</p> <p>Түсінеді: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу.</p> <p>Қолданады: төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру». Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзеді. Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді.</p>	<p>және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды.</p> <p>Түсінеді: музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.</p> <p>Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.</p> <p>Түсіну: <i>Музыка тыңдау:</i> «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).</p> <p>Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><i>Ән айту:</i> «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков). Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Білу: Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік»</p>	<p>жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: «У-шу» арнайы жаттығулар кешені арқылы тыныс алуды қалыпқа келтіру, допты қақпақылдау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу, зейінді дамытуға арналған сезімдік ойын.</p> <p>Түсінеді: «волейбол» термині, ойын ережелері, ойын барысындағы қауіпсіздік ережелері, жаттығудың маңызы, команда ойыншыларына допты дәлдеп беру.</p> <p>Қолданады: көзді жұмып, айналып секіріп бұрылу дағдылары; қолға доп ұстап, шынтаққатіреліп жорғалау мен орташа жылдамдықта жүгіруді тез алмастыру. Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, келесі жағынан қағып алу, жұпта үйлестіріп жұмыс істеу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Сезімдік жаттығу: «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді. 4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдасқұрып отыра қалады.</p> <p>Түсіну: 1. «Басты бұру» Бастапқы қалып – аяқты алшақ, қолды бас бармағын артқа қаратып белге қою. Басын баяу солға бұрады.</p> <p>-Бастапқы қалып – тыныс</p>	<p>әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.</p> <p>Түсінеді: музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.</p> <p>Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).</p> <p>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Түсіну: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев).</p> <p>Ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында</p>	<p>әрекетін командадағы өзге ойыншылардың қимылымен үйлестіруін қалыптастыру, дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары (Е. Жуйков), қозғалыстағы нысананы ату.</p> <p>Түсінеді: санамақтың маңызын, ойынның денсаулықты нығайту құралы, түрі екендігі, ұшып келе жатқан доптан түрлі тактиканы пайдаланып қашып кету әдістерін; нысананы ату үшін бастапқы қалыпқа дұрыс тұру; арқаннан, оның аяқ астынан өтер сәтінде секіріп өтуді.</p> <p>Қолданады: кеңістікті бағдарлауды, нысананы атуды, өз әрекетін басқа ойыншылардың әрекетімен үйлестіру дағдыларын.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары. (Е. Жуйков)</p> <p>Бұл жаттығулар статикалық күйзелістен айырылуға, көз бұлшық еттеріндегі қан айналымының жақсаруына, көлденең жазықтықтағы қимыл әрекеттерін бағдарлау-басқаруының жақсаруына, вестибуляр аппаратының реакцияларын жалғастыруға, көзқимылдарының жақсаруына септігін тигізеді.</p> <p>1.30 сек интервалмен көзді қатты ашып-жұмуды 5–6 рет қайталау.</p> <p>2.2-3 сек көзді айналдыру. 3–4 рет.</p>
--	--	--	---	--	--

<p>Түсіну: «Қорғаушылар» (6 рет). Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру. Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарайбарып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. «Шабуылшылар» Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен. (9 рет). Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды. «Қақпашылар» (4 рет). «Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады. Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады. Білу: Ойын жаттығулары «Елті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ</p>	<p>жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.</p>	<p>шығару -Бастапқы қалып – басын баяу солға бұрады -Бастапқы қалып – тыныс шығару 2. «Аспанға жетемін» Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарыншынтағынан бүгіп, жұдырығын түйеді. -қолдарын жоғары көтеріп, алақанын ашып, тынысалады. -Бастапқы қалып – тыныс шығару 3. «Кеудені түзету» Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарынішіне айқастырып қойып тұрады. Сол қолын оң қолының алдына қояды. - айқастырып қойған қолын алға-жоғары көтергенде,дем шығарады. Екі қолмен жанына қарай айналдыра доға жасайды. Доға жасап тұрып, демін сыртқа шығарады. Басын көтеріп, кеудесін шығарып, ішін тартады. 4. «Денені бұру» Бастапқы қалып – аяқтарын алшақ қойып, жұдырығын саусақтарын жоғары келтіріп түйіп, кеудесіне қысып тұрады. Оң қолының алақанын жазып, ауаны алдына қарай итеріп, денесін солға 90° бұрылады. Солға-алдыға қарайды. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, сол қолмен қайталайды. 5. «Тізесін қолдарымен құшақтап, кеудеге жинау» Бастапқы қалып – аяқтарын бірге қойып, қолдарын алақандарын бір-біріне қаратып жоғары көтеріп тұрады. Кеудені көтеріп шағару. Оң аяғын кеуде тұсына дейін көтеріп, екі қолмен</p>	<p>тұрады. Ортада – «соқыртеке». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады. Білу: <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i>«Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>	<p>3.1–2 мин ішінде тез-тез жыпылықтау. 4.30–40 сек алысқа қарап тұру, көзді 25–30 см қашықтықта тұрған саусақтың ұшына ауыстыру (3–5 сек) 3–5 рет. 5.Екі қолдың үш саусағымен әр көздің үстіңгі жағын ақырындап 1-2 сек басып тұру (3–5рет) 6.Бір қолын алдыға, мөлшері беттің орта тұсына созып ұстау. Қолынан көз алмастан оны мұрнына қарай жақындату (3–4 рет) Түсіну: «Арқаннан секіру» (6 рет). Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырыпайналдыру. Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағынына көнбей, секіріп немесеқашып үлгеруге тырысады. «Аңшылар» (6 рет). Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту. Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді. «Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады. Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап,оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді.</p>
---	--	--	---	---

	<p>саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап қалу.</p> <p>Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді.</p>		<p>құшақтап, демін ішке тарту. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, тыныс шығарады. Сол аяғымен тура солай қайталайды.</p> <p>Білу: «Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату. Допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынанүлгеруге тырысады.</p> <p>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»</p> <p>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.</p> <p>«Секіргіштікті жаттықтыру» 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады.</p> <p>Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады.</p> <p>Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер». Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады.</p>		<p>Білу: «Тосқауыл» (4 рет)</p> <p>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау.</p>
--	--	--	---	--	---

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру




Ойын: «БОТАҚАН» (Қазақ халқының ойыны)

Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

Ойынның шарты:

Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайдакетіп барарсың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.



Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс

11.50 – 12:00

Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет

осы балалармен жұмыс жүргізу.

Мақсаты: сөздік қорын байыту.

Жаңылтпашты қайталау.

Сыныпта ақ бор бар,
Көк бор бар,
Көп бор бар.

Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды.

Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті

Дидактикалық ойын:

«Сақтап ал» осы балалармен жұмыс жүргізу.

Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.

Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет

осы балалармен жұмыс жүргізу. **«Жалпы атауын ата»** дидактикалық ойын.

Мақсаты: Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру

1. Өке, аға, ана, әпке – . . .
2. Орындық, үстел, сөре, керуен – . . .
3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – . . .
4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . .
5. «Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...

Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет осы балалармен жұмыс жүргізу.

Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .

Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам)

(балалармен жұмыс жүргізу.

«Дәрілік өсімдіктер туралы» әнгімелесу.

Мақсаты: Сурет бойынша өз ойын айтып қызу. Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі»

Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 6 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Кұжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт)</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 7 Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Аландағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 8 Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шапқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 9 Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 10 Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Меңдібай <i>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»- дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)</p>

	<p><i>т.б)</i></p> <p>◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)</i></p> <p>◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа).</i></p> <p>◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>◆ Зерттеу жұмысы</p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бакылау.</p> <p>Еңбек: Алаңды коқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</p> <p><i>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойыны:</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</i></p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса,</p>	<p>ағашқа тез жетеді?».</p> <p><i>Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау</i></p> <p>Мақал мәтел:</p> <p>Бабасы екенді, баласы орады.</p> <p>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.</p> <p>Дана көптен, дәрі шөптен</p>	<p><i>сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады.</i></p> <p><i>Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p> <p><i>Балаларға сұрақтар:</i></p> <p>◆ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>)</p> <p>◆ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>)</p> <p>◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (<i>өйткені ло жер әлі салқын</i>)</p> <p>◆ Мамыр айындағы жанбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>)</p> <p>◆ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>)</p> <p>◆ Оны неге олай атаған?</p> <p>◆ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.</p> <p>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге».</p> <p><i>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру,</i></p>	<p>көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?</p> <p>Еңбек</p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, копсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Қай топ тез жиналады?».</p> <p><i>Мақсаты:</i> жүкіруге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».</p> <p><i>Мақсаты:</i> бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел:</p> <p>- Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p>	<p>◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)</p> <p>◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p> <p>◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>◆ Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p>Еңбек</p> <p>Кішкентайлар алаңын коқыстардан тазалауға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын «Үшінші артық».</p> <p><i>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.</i></p> <p><i>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</i></p> <p>Жаттығу ойыны</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>— Дөпты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;</p>
--	--	---	--	--	--

	<i>қыс ұзақ әрі қатты болады.</i>		<i>жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт.</i>		— Қозғалыс координацияларын сақтау; <i>Мақал-мәтел</i> <i>-Сәуір айы-су айы,</i> <i>Мамыр айы- гүл айы.</i> <i>-Көктемгі жасауын артық болмас.</i>
--	-----------------------------------	--	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
--	---	--	--	--	--

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Куптлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.04 – 21.04. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.04	Сейсенбі 18.04	Сәрсенбі 19.04	Бейсенбі 20.04	Жұма 21.04
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары:«Қай мезгілде киеміз» ойыны Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. Қосымша жабдықтар: Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші арнайы дайындалған үстел үстіне әр жыл мезгілінің суреттерін қоямын. Балалар суреттегі</p>	<p>Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Меңің кім болып жұмыс істейтінімді тап?» Мақсаты: Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Және де сол мамандық иелерін сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардан қандай мамандықтарды білетіндерін еске түсіруді сұрайды. Содан кейін әр балаға түрлі мамандық иелері бейнеленген суреттерді үлестіріп береді. Сендер өздеріңнің суреттеріңді мұқият қарап, бейнеленген мамандық</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылары Үстел үсті ойындары: «Кім неге бейім?» Мақсаты: Балаларды жануарлардың табиғат аясындағы өмірге бейімделу ерекшеліктерімен таныстыру. Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Балалар сурет бөлшектерінің қай жануарға тиесілі екенін анықтайды да, карточка бөлшектерін біріктіреді (бүркіттің тұмсығы, бүркіттің тырнақтары, құндыздың құйрығы, құндыздың тістері және т. б). суреттер бойынша балалар жануарлардың дене мүшелерінің қайсысы неге бейімделгенін айтады. Карточканың екінші</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Сәйкестендіру ойыны: Ойын жаттығу: «Өз үйіңді тап» Мақсаты: Балалардың көлік жайлы білімдерін бекіту. Көліктердің пайдасын түсіндіру, оны жүргізу арқылы байқампаздыққа тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балаларға көліктің қандай да бір түрі бейнеленген карточка таратып береді. Соған байланысты балалар өздерін ұшқыш, жүргізуші т.б. болып сезінуі қажет. Содан соң барлығы адамдар тасуға, жүк тасу жұмыстарына кетеді. Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты аяқтап,</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Сәйкестендіру ойыны: «Қателесіп қалма» Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтіні туралы біліктерін нығайту. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын үстел үстінде тұрған таң, түс, кеш, түн суреттер тұрады. Ал, екінші жерде оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз, таранамыз, тамақ ішіп, ойнап, жатуға арналған суреттер бойынша сәйкестендіріп қою.</p>

киімдер қай жыл мезгіліне сәйкес келетінін тауып ,жыл мезгілі бейнеленген суретке сәйкестендіріп қояды.

Ықтимал күрделендіру:

Күнделікті киетін және ұлттық киімді салыстырып айту.

Ойынның нұсқаулары:

Әр жыл мезгілінің киімдерін ажырата білу. Киімдердің адамға қандай пайдасы барын айту.



2.«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы білімін бекіту

Құрал-жабдықтар: Жыл мезгілдерінің суреттері.

Әдістемелік нұсқау:

Мұғалім үстел үстіне жыл мезгілдерін шашыратып қойып шығады оны балалар дауыстап атай отырып, ретімен қойып шығады.

Ықтимал күрделендіру:

Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.

Ойынның нұсқаулары:

туралы таңдап айтып беруге тырысып көріндер. Ал біз сендердің қайда және кім болып жұмыс істейтіндіктерінді тауып көрейік. Балалардың суреттерді өздері таңдауына болады.

Ықтимал күрделендіру:

Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шеші.

Ойынның нұсқаулары:

«Кім болғын келеді?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.



жағынан балалар әр жануардың толық екі бейнесін табады. Егер жұптар дұрыс құрастырылса, бейне сәйкес келеді.

Тәрбиеші барлық жануарларды көрсетіп, атайды және дене мүшелерінің қай бөлігі неге бейімделгенін, табиғатта тіршілік ету үшін неге көмегі тиетінін әңгімелейді.

Ықтимал күрделендіру:

Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шеші.

Ойынның нұсқаулары:

«Орман тұрғындары» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.



әркім өз орнына жетуі керек. Балалар жұмысты орындаған соң тәрбиеші тексереді. Ойынды қайталай отырып, тәрбиеші карточкаларды айырбастауды ұсынады, ал өзі орындықтағы ойыншықтарды айырбастап қояды.

Ықтимал күрделендіру:

Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар, тақпақтар айтқызу.

Ойынның нұсқаулары:

«Бір сөзбен ата?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.




Ықтимал күрделендіру:

Жұмбақтар шешіп, тақпақтар айтқызу.

Ойынның нұсқаулары:

«Жылдың қай мезгілі?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.



	<p>Балалар жылдың төрт мезгілі жайлы суреттерді көреді, жыл мезгілдерін ретімен қойып шығады.</p> 				
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>№ 29 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жұпта орындалатын жаттығулар №1 жаттығулар кешені 1.«Қолды көтеру» Б.к. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1 – қолдарды екі жаққа созу; 2 – қолдарды көтеру; 3 – қолдарды екі жаққа созу; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 2.«Отырып-тұру» Б.к. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – серігінің қолын жіберместен кезек-кезек отырып-тұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 3.«Бұрылу» Б.к. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қолдарын айқастырып, аяғын иық ені деңгейінде қойып тұру; 1 – денені оңға (солға) бұру; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).</p>	<p>№ 30 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Құрсаумен орындалатын жаттығулар №1 жаттығулар кешені 1.Б.к.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет) 2.Б.к.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2 – денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет) 3.Б.к.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан</p>	<p>№ 31 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Құрсаумен орындалатын жаттығулар №2 жаттығулар кешені 1.Б.к.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет) 2.Б.к.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2–денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет) 3.Б.к.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)</p>	<p>№ 32 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Құрсаумен орындалатын жаттығулар № 3 жаттығулар кешені 1.«Өкшеге». Б.к.: негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында. 1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау, оң (сол) аяғын жанына шығарып, ұшымен қою; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу. 5 рет қайталау. (Басын төмен түсірмеу) 2.Б.к.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау; 1-2– оңға (солға) бұрылу, құрсауды жоғары көтеру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет). 3.«Аяғы құрсауда». Б.к.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау. 1-2– құрсауды тік қою, аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4-6 рет). 4.«Құрсауға жеткіз». Б.к.:</p>	<p>№ 33 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Құрсаумен орындалатын жаттығулар № 4 жаттығулар кешені 1.«Құрсауды жоғары көтеру» Б.к. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу; 1 – құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет). 2.«Құрсауды көтеру» Б.к.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 3.«Бұрыш» Б.к. – құрсаудың ішінде</p>

<p>4.«Құрсақ тығыршығын қатайту» Б.қ. – бірінің аяғын екінші аяғымен қысып, қолдарын желкесіне қойып, шалқалап жату, 1-2 – кезек- кезек денесін көтеріп, отырады; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 5.«Еңкею» Б.қ. – аяғын иық деңгейінде етіп қойып, қолдарын төменде ұстап тұрады. 1– оңға бұрылады, оң қолы төменде қалады да, сол қолы жоғары көтеріледі. 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет). 6.«Секіру» Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – орнында тұрып секіру – 8 рет.</p>	<p>бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2 – құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет). 5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1 – оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау) 6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру.</p>	<p>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2– құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет). 5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1– оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау) 6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру.</p>	<p>құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру. Аяқтарын бүкпей, басын керу. Қайталау (6-8 рет). 5 «Құрсау арқада». Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген; 1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4 рет). 6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою. Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу. Бағытын өзгертіп, 4 рет жай жүріспен алмастырып, қайталау.</p>	<p>отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою; 3 – аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет). 4.«Құлау» Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет). 5.«Айналдыру» Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет). 6.«Массаж» Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет). 7.«Табанды сергіту» Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу)</p>
--	--	---	--	---

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

09.00 11.50	09.00-09.30 09.40-10.10	17.04.23 Дүйсенбі	18.04.23 Сейсенбі	19.04.23 Сәрсенбі	20.04.23 Бейсенбі	21.04.23 Жұма
----------------	----------------------------	------------------------------------	------------------------------------	------------------------------------	------------------------------------	--------------------------------

ҮІӨ	10.40-11.10 11.20-11.50	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Сурет салу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.					

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<p>1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Зейін, жад, сөйлеу, жіне қолдың моторикасын дамыту Қағаз бетінде бағдарлау. ҮІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Дағды: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; Түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; Қолданады: белгілі бір</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік, танымдық әрекет Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Біз нені үйрендік,нені білдік?(1сағат) ҮІӨ мақсаты: алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Дағды: Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, берілген дыбысқа сөз ойлап айтады, сөйлем құрайды. Түсінеді: буыннан сөз құралатынын. Қолданады: буын туралы білімін, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Зейін, жад, сөйлеу, жіне қолдың моторикасын дамыту Қағаз бетінде бағдарлау. ҮІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Дағды: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; Түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; Қолданады: белгілі бір</p>	<p>1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту арқылы дағдыларын жетілдіру. Жыл мезгілдері. ҮІӨ мақсаты: уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Дағды: Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту арқылы дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру. Түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік әрекет Кері іс әрекет аяпт ойыны арқылы сөйлем құрау Біз нені үйрендік,нені білдік? ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Дағды: Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді. Түсінеді: сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді. Қолданады: дыбыстық сызбамен жұмыс жасау,</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына машинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, машинені табасың.</p>	<p>Ой қозғау: Балаларға сөздер айтады, балалар қай жерге тиесілі екенін табады. Сахна, перде, микрофон, орындық – ... (<i>театр</i>) Орындық, касса, рупор – ... (<i>вокзал</i>) Сөрелер, касса, азық-түлік – ... (<i>дүкен</i>) Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... (<i>жуынатын бөлме</i>) Түсіну: Дыбыстармен жұмыс Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. Қолдану: Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен) Мысалы: <i>шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын-наннар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин-нағашы-ыдыссемсер т.б.)</i> Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс» –Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал</p>	<p>затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына машинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, машинені табасың.</p>	<p>Қолданады: жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды ұнатасындар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды. Қолдану: «Аралас сурет» Барлық суреттер араласып кеткенін айтады. Жұмбақты оқиды. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады. Білу: «Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б. «Жыл мезгілі» Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»</p>	<p>дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады. Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ. Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме. Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың. Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық. Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон. Түсіну: Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер» Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал» Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасындар. Мысалы: кққасқыр(қ), еетік(е), ттгүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншақ(м), кққоңыз(қ), кққолшатыр(қ), бббілезік(б),</p>
--	---	--	---	--	---

Қайда барғың келеді?
Бала ойыншықты табады.
Ойын 3-4 рет қайталанады.
Қолдану: Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.
Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).
Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.



Түсіну: Дәптермен жұмыс **1-тапсырма.** Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?
2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.
Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға

сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.
Мысалы: -
...*олбарыс(ж), ...ысық(м), ...ай мыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(қ), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыныық(о), ...квартиум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.*
Білу: Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?» – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.
Мысалы: *ааалжапқыш-алжапқышыыш, баааағдаршам-бағдаршааам, дддәәріханадәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз-қобыыыз, жаааалбыз-жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарганат-жарганааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, бааалапан-балапаан, бооотақан-ботақаан, көөөөзілдірік-көзілдірііік, жаааапырақжапырааақ, көөөөрпе-көрпеее т.б.*

Қайда барғың келеді?
Бала ойыншықты табады.
Ойын 3-4 рет қайталанады.
Қолдану: Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.
Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).
Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.



Түсіну: Дәптермен жұмыс **1-тапсырма.** Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?
2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.
Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға

Педагог бастайды, балалар жалғастырады.
Алдымен көктем, содан кейін ... жаз
Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең
Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.
. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.
Математикалық поэзия сәті: Жыл мезгілдері
Гүл-гүл жайнап жер беті,
Гүрілдейді сайда өзен.
Гүлжазира жарасқан
Гүлдерімен қай кезең?
Күннің көзі шуақты,
Балалар жүр шомылып.
Көбелек қуып ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың?
Жиып-теріп болатын,
Қамбаға астық толатын.
Жапырақтар сарғайып,
Қай мезгіл деп ойлайсың?
Шана зырғып желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

жжжұлдызша(ж), ооотын(о), ккқарға(қ), сссазан(с), шшшшахмат(ш), тттау(т), ккккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), ккқкобыз(к), сссандық(с), ттттекемет(т), еееер(е), үүүзәңгі(ү), ааарба(а) т.б.
Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?
Білу: Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»
Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.
Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дөп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.
Саусақ жаттығуы
Бір, екі, үш, кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

	<p>болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында. Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. -Ләйлек, ләйлек, Үйге жолды қалай табам? (Ләйлек жауап береді.) -Оң аяқпен бір қадам, Сол аяқпен бір қадам. Енді қайта оң аяқ, Енді қайта сол аяқ. Одан кейін оң аяқ, Одан кейін сол аяқ. Үйге осылай барасың. Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Досынды шақыр» Балалар, көздерінді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? <i>(Досымыздың атын атап шақырамыз).</i> Мысалы: <i>(Дастаааан! Серікбоооол! Айшаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Берііік! Мереееей! т.б.)</i></p>	<p>болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында. Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. -Ләйлек, ләйлек, Үйге жолды қалай табам? (Ләйлек жауап береді.) -Оң аяқпен бір қадам, Сол аяқпен бір қадам. Енді қайта оң аяқ, Енді қайта сол аяқ. Одан кейін оң аяқ, Одан кейін сол аяқ. Үйге осылай барасың. Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.</p>		
--	--	---	--	--	--

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу,**

эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.



Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.

Әдістемелік нұсқаулар:

Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.

II нұсқа

Әдістемелік нұсқаулар:

Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.

Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.40 – 10.10

2.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет

Есте сақтау, танымдық қаблеттерін, байқағыштығын дамыту Маңдай тер. (Б.Досымов).

ҮІӘ мақсаты: Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.

Дағды: Өңгімеге тақырып қоя білуге, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі, сөйлем түрлерін анықтайды;

Түсінеді: «маңдай тер» сөзінің мағынасын;

Қолданады: әңгімеге тақырып ойлап табуы.

Ойлау деңгейі: білу,

2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Табиғат аясында өз өзін ұстау тәртібімен таныстыру Жануарлар жауынан қалай қорғанады?

ҮІӘ мақсаты: Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту.

Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: жануарлар әлемінің өкілдерін атап береді.

Түсінеді: жәндіктер, құстар мен аңдардың бір-біріне тәуелділігін түсінеді.

Қолданады: коммуникативтік дағды, талқылау, қорытынды

2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Достық мерекесі (өлеңді жаттау) Серікбай Оспанов

ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту.

Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.

Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: өлеңнің авторын,

2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет

Еңбексүйгіштікке

тәрбиелеу

Күн, Ай және Қораз.

ҮІӘ мақсаты: Дыбыс туралы алған білімдері пысықтау. Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.

Дағды: Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: мақал жаттап, жұмбақ шешеді, сұраққа жауап береді, аңызды айтып береді;

Түсінеді: аңыздың мағынасын түсінеді;

Қолданады: дыбыстардың сөздегі орнын анықтайды.

2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Ертегі арқылы

балаларды

еңбексүйгіштікке

тәрбиелеу

Достық мерекесі

(өлеңді жаттау)

Серікбай Оспанов

ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру.

Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту.

Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.

Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен,

	<p>түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен: Хат келді! Хат келді! – деп саңқылдайды. Хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады. Енді мен әңгімені оқийын, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Түсіну: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс етіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «мандай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бірнүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйгекелген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл</p>	<p>жасау қабілеті қалыптасқан Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: ормандағы тіршілік тізбегі, орман тұрғындарының бір-біріне тағамдық тәуелділігі жайлы әңгімелейді: «Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен өсімдіктер санының арасында тепе-теңдік бар. Жер бетінде көптеген өсімдіктер, бұталар мен ағаштар өседі. Оларды шөпқоректі жануарлар, мысалы қояндар жейді. Ал қояндарды жыртқыш аң – қасқырлар жейді». Төмендегі тапсырмаларды орындауды ұсынады: «Өсімдіктер бейнеленген барлық карточкаларды таңдап алып, оларды тақтаға орналастыр» «Осы өсімдіктермен қоректенетін жануарларды тауып, оларды тақтаға орналастырыңдар» «Тақтада өсімдіктерден төмен орналасқандарды жейтін жануарларды табыңдар». «Тақтаға ұсақ аңдар мен құстарды аулап жейтін жыртқыштардың суреттерін орналастырыңдар». Түсіну: жекелеген аңдар үшін шағын «қоректену тізбегін» құрауға болатынын айтады (үлгілер көрсетеді). Гүл – көбелек – сары шымшық – жапалақ; Емен, жаңғағы – тышқандар – түлкі. Балалар мынадай тұжырым жасайды: өсімдіктер жәндіктер мен ұсақ жануарларды «қоректендіреді», ал жәндіктер</p>	<p>тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ! Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты. <i>Бейбіт</i> – тыныштық жайлы.</p>	<p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: жұмбақ жасырады: Алтын кетті, күміс келді. (Күн мен Ай) Түсіну: Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәулелерін шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным ұстапалып, ақыры тәжінен бестәпалып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойлап отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетінді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндізғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» – деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға</p>	<p>үзілістермен жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ! Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты.</p>
--	---	--	--	--	---

		<p>2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту. Дағды: Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ағаш түрлерін атап береді. Түсінеді: қалалар мен ауылдарда нәліктен ағаш егетінін түсінеді. Қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Біздің жерімізді көріктендіріп тұрған не? 1.Егістікті көлемді Қоршай ектік еменді. Ескен желден егінді. Қорғап тұрар ол енді. 2.Көше бойы аралас Қаптап өскен қара ағаш Жемісі жоқ болса да Саясы көп дара ағаш. Түсіну: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Жеңіс күні туралы өлеңмен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген көзқарасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету, жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 9 Мамыр – Жеңіс күні мерекесіне иллюстрациялық суреттер, Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерімен жұмыс. Түсіну: - 9 Мамыр – Жеңіс күні! - Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. - Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы.</p>	<p>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Дыбыстық талдау жасауға үйрету; Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Дағды: Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөзге дыбыстық талдау жасайды, буынды жалғастырып сөз құрайды, сұрақтарға жауап беріп, ертегі мазмұнын айтады; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: тұлкінің құйрығын тауып, үзік сызықтарды қосады. Ойлау деңгейі:білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл:Жұмбақ жасыру: 1.Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлаңдап, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) 2.Көзі тостақ, өзі қорқақ. (Қоян) Дұрыс айтасындар, түлкі – айлакер аң, ал қоян – қорқақ аң. Түсіну: Балалар, тұлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Тұлкі мен Қоян. Әуелде тұлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай</p>	<p>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Жеңіс күні туралы өлеңмен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген көзқарасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету, жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 9 Мамыр – Жеңіс күні мерекесіне иллюстрациялық суреттер, Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерімен жұмыс. Түсіну: - 9 Мамыр – Жеңіс күні! - Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. - Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы. - Жеңіс – соғыста жену, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан</p>
--	--	--	---	---	---

		<p>балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Жасыл желек дегеніміз не? Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды.</p> <p>Білу: Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі.</p> <p>Ағаш егуге қажетті заттарды белгілейді. Ағаш суретін салады.</p> <p>Өзекті мәселе: Ағаштардың өсетін арнайы жерлерін бақылауға алу керектігін, адамдардың ағаштарды ысырапсыз сындырып, балалардың ойыншыққа айналдыратынынын, ормандардың азайып бара жатқанын бақылау кезінде балаларға айтып түсіндіру.</p>	<p>- Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз.</p> <p>- Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз.</p> <p>- Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Ойлап-ойлап тұрдым көп, Сауал бердім білгім кеп: – Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? – деп Атамнан да сұрадым, Апамнан да сұрадым. Тосты бәрі құлағын, – Дұрыс, – десті, – сұрағың. – Бейбіт күннің бәрі де, Жеңіс күні, шырағым.</p> <p>Білу: Сөздік жұмыс: <i>Бейбіт күн</i> – тыныштық.</p> <p>Есіңе сақта: Сұрақ-жауап: - Өлең қалай аталады? - Сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуанышты мереке қай күні екен?</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір.</p>	<p>қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығыпкетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардыңқұйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Білу: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Ертегі де нелер туралы айтылған? -Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты? -Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген? -Бір күні не болыпты? -Түлкі қалай құтылып кетіпті? -Өлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді? -Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті? -Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Қолдану: -Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. -«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады? -Неше дауысты дыбыс бар? -Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? -Ал дауыссыз дыбысты, көк</p>	<p>қорғауға міндеттіміз.</p> <p>- Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз.</p> <p>- Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Ойлап-ойлап тұрдым көп, Сауал бердім білгім кеп: – Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? – деп Атамнан да сұрадым, Апамнан да сұрадым. Тосты бәрі құлағын, – Дұрыс, – десті, – сұрағың. – Бейбіт күннің бәрі де, Жеңіс күні, шырағым.</p> <p>Білу: Сөздік жұмыс: <i>Бейбіт күн</i> – тыныштық.</p> <p>Есіңе сақта: Сұрақ-жауап: - Өлең қалай аталады? - Сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуанышты мереке қай күні екен?</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір.</p>
--	--	--	---	--	---

				<p>түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс. Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс. К – дауыссыз дыбыс. І – жіңішке дауысты дыбыс. Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық. Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». Ойын шарты: аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынынтауып, толық атын айтады. Мысалы, Түл – ..., ко – , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол –</p>
--	--	--	--	--

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

<p>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ Ойын: «Жүретін саусақтар.» Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>		<p>Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Сарбаздарға не керек?» Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар. Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Мандайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	---	--

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

		<p>3. Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Жайлауда. ұлттық нақышта сәндік жапсыруға</p>	<p>3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Біз нені үйрендік? сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Сөйлем құрауға,</p>	<p>3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Киіз үй . киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен</p>	<p>3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Ағаштарды не үшін отырғызады?</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>үйрету. Дағды: жінішке бөліктердің киюдың жолдарын меңгерте отырып кию шеберліктерін шыңдауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жапсыру әдісімен жайлаудағы киіз үйді; Түсінеді: киіз үй және оның құрылысы туралы; Қолданады: киіз үйді қиып, жапсырудың түрлі әдіс-тәсілдерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: жайлаудың табиғаты, киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар, балалар, жан-жануарлар, тау, өзен, су, ағаш, шөп пен гүлдер, жемістер жайында әңгіме айтады. – Балалар, жайлауда болғандарың бар ма? Түсіну: Ойын. «Түстері бойынша жыл мезгілдерін ажырат». Сендердің алдарыңда түрлі-түсті жолақтар жатыр, сол жолақтар арқылы түсіне қарап жыл мезгілдерін ажыратып айтыңдар. – Жаз мезгілін қандай түс білдіреді? – Күз мезгілін қандай түс білдіреді? – Қыс мезгілін қандай түс білдіреді? – Көктем мезгілін қандай түс білдіреді? – Міне, балалар, осы төрт мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді. – Жайлауда адамдар қандай үйлерде тұрады? Оны біз жаңа әдемі көріністерден көрдік. Жайлауда малшылар тойы өтеді. Балалар қарақат, қойбүлдірген тереді.</p>	<p>сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Дағды: Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөйлем құрайды, сөздердің дыбыстық сызбасын сызады,буынға бөледі, сөздердің жалпы атауын атайды. Түсінеді: сөздердің мағынасын түсінеді, спорттың пайдасын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлем сызбасын сызады.. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау:«Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды. 1.Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . 2.Гитара, домбыра, барабан – . . . 3.Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – 4.Автобус, трамвай, такси – . . . 5.Хоккей, волейбол, футбол – . . . Түсіну: Дидактикалық ойын: «Қайтала»(доппен) Балалар мен сендерге допты лақтырып бірінші дыбысты айқынырақ айтып сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: ккқасқыр(к), ккккітап(к), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), ццциркуль(ц), hhhah((h),</p>	<p>таныстыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінууді және қолдануды үйрету Дағды: киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру ; суреттуралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: тақырыпқа байланысты сөздерді, мәтінді қайталайды. Түсінеді: киіз үйде қазақ ұлттық заттар болатынын түсінеді. Қолданады: қазақ ұлттық заттарды таниды, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: Жаңылтпашты естеріне түсіріп қайталайды. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. «Жайлау» суретін құрау. Берілген сөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар,өзен, киіз үй. <i>Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i> Түсіну:«Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жаңа сөздерментаныстыру. –Мынау не? –Мынау – киіз үй. –Киіз үйде не бар? –Киіз үйде сандық бар. Мынау</p>	<p>ҮІӨ мақсаты: Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту. Дағды: Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ағаш түрлерін атап береді. Түсінеді: қалалар мен ауылдарда неліктен ағаш егетінін түсінеді. Қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Біздің жерімізді көріктендіріп тұрған не? 1.Егістікті көлемді Қоршай ектік еменді. Ескен желден егінді. Қорғап тұрар ол енді. 2.Көше бойы аралас Қаптап өскен қара ағаш Жемісі жоқ болса да Саясы көп дара ағаш. Түсіну: Күңтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі тапсырмалардыңкөмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Жасыл желек дегеніміз не? Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз</p>
--	--	---	---	---	--

		<p>Білу: ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз. – Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды? – Ал төбесі ше? Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз: – есігін; – бау-басқұрларын; – түндігін; – оюларын. Шығармашылық поэзиялық сәт: «Жайлау» туралы шағын әңгіме құрастыру тапсырылады. Сергіту сәті. Балалық-ау, балалық! Кел, бір ойнап тарайық! Бірім, бірім, бірім деп, Саусақты да санайық! Көзді тас қып жұмайық, Кім түрткенін табайық! Кел, жарыса шабайық!</p>	<p>шшшахмат(ш), тттиін(т), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у). т.б. Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар, дыбыстарды айту оңай болды ма? Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. Ал ол кедергілер нелер? (ерін, тіл, тіс, т.б.). Бұлар қандай дыбыстар? Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос» – Мен сендерге бір сөзі жетіспейтін сөйлем айтамын, сендер мазмұны байланысатындай етіп сөз жалғауларың керек. 1.Көктемде жылы жақтан құстар ... 2.Дәрия ыдысты ... 3.Анам жұмыртқа ... 4.Аю балды ... 5.Орманда қасқырлар ... 6.Әкем қармақпен балық ... 7.Ернар қараторғайға ұя ... 8.Ағашқа торғайлар ... 9.Түлкі өте қу Білу: Спорт түрлерін ата. Дәл тигізді, жүйрік екен, жылдам жүзді сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сөйлемнің сызбасын сыз. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. 3.Суреттерді сәйкес дыбыс сызбамен қос. Поэзиялық сәт: Екпінді марш Кім таңертең жаттығудан қалмайды, Сол ауырып дәрігерге бармайды. Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан, Дені сау боп балалармен ойнайды. Саусақ жаттығуы Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз.</p>	<p>– сандық. Мынау не? –Мынау – сандық. («Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады). –Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады? –Сандық ағаштан жасалады. –Мынау – сырмақ. –Мынау – ... (сырмақ). Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады. –Сырмақ әдемі. –Сырмақ қандай? –Сырмақ әдемі. –Сырмақ жылы. Сырмақ қандай? –Сырмақ жылы. –Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады? –Сырмақ жүннен жасалады. –Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не? –Мынау – алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды). –Алашада қандай түстер бар? –Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады). –Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі). –Мынау не? –Мынау – домбыра. Білу: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ – сырмақ. Шағын мәтін құрап айтады: <i>Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.</i> (3-4 бала мәтінді қайталайды.)</p>	<p>тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты нелікпен егетінін түсіндіреді, талқылайды. Білу: Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі. Ағаш егуге қажетті заттарды белгілейді. Ағаш суретін салады. Өзекті мәселе: Ағаштардың өсетін арнайы жерлерін бақылауға алу керектігін, адамдардың ағаштарды ысырапсыз сындырып, балалардың ойыншыққа айналдыратынынын, ормандардың азайып бара жатқанын бақылау кезінде балаларға айтып түсіндіру.</p>
--	--	---	--	--	---

			Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз.	<p>Қолдану: Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар? Балаларға сұрақтар бере отырып сөйлемдер құрату. Мысалы: <i>Киіз үйде сандық бар.</i> Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындашпен қорша. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». «Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөзайтады.</p> <p>Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық.</p>	
--	--	--	---	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Басты мақсат: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.



Қимылды, еңбек ойын: «Күзетшілер»
Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Әдістемелік нұсқаулар: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады.
 Басқа балалар бір-бірілеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.
Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытындарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

	<p>4. Музыка-шығармашылық әрекет Ел қорғауға әзірміз. Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Көшбасшы бол. Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу,</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Жас ұландар. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып,</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Шабандоздар. Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын</p>
--	--	--	--	--

	<p>Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.</p> <p>Дағды: Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналайды.</p> <p>Түсінеді: эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.</p> <p>Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Балалар музыка залына Б. Бейсенованың «Жеңіс күні» (үнтаспада) әнімен кіріп, төрт қатарға орналасып, жалаушалармен жаттығу жасайды. Аяқты нық басып, марш екпінімен жүреді.</p> <p>Түсіну: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды.</p> <p>Білу: Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).</p> <p>Ән айту: «Момышұлы</p>	<p>бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.</p> <p>Дағды: Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар.</p> <p>Түсінеді: бір орында тұрып екі қолмен кеудеден апарып, себетке доп лақтыру, қауіпсіздікережелерін сақтау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу.</p> <p>Қолданады: әртүрлі жүктемеде тиімді де бірқалыпты тыныс алу дағдылары; топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаштүсу, кеңістікті бағдарлау дағдылары.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Кинезиологиялық гимнастика</p> <p>Құлақ қалқанын уқалау. Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз... Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағынтолық уқалайды.</p> <p>Басын шайқау. Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!</p> <p>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарынтөмен қаратып салбыратады. Терең демалып,</p>	<p>бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.</p> <p>Дағды: Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: ән орындайды, музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би билейді.</p> <p>Түсінеді: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.</p> <p>Қолданады: ойын ойнаудың қарапайым дағдыларын, аспаптарда ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру.</p> <p>Түсіну: Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды кімдер қорғайды?</p>	<p>(эстафеталарды)орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.</p> <p>Дағды: Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұпшен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.</p> <p>Түсінеді: «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетінөзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.</p> <p>Қолданады: бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.</p> <p>1.Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 камшыны жоғары көтеріп, оң (сол)</p>
--	---	---	---	--

		<p>Бауыржан» (Е. Өміров). Балаларға Бауыржан атамның майдандағы ерлігі туралы мәлімет беру, суретін көрсету. Батыр атамның мақтан тұтып, әрқашан есте сақтау. Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.</p>	<p>бастарын екі жаққа баяу қозғалтады. Бас изеу. Бас изейміз, жақсылықтықостаймыз, Мамандықты қасымызғақоспаймыз! Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады. Мойын-иек. Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз! Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады. «Баспана». Бірлесіп үй саламыз, Тату-тәтті баламыз! Саусақ бастарын түзулеп, біріктіріп тұрады. Оң қолдың саусақтарымен сол қолдың саусақ бастарын қатты басады. Әр жұп саусақтарға осындай қимылдарды орындауға жаттығу. Түсіну: Себетке доп лақтыру. (3 рет) Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себеткеекі қолмен кеудеден итеріп лақтырады.</p>	<p>Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласыңдар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Ойын шартын түсіндіреді. Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.</p>	<p>аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ. 8 рет қайталайды. 2.«Бір жағына еңкею» Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жергетигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау. 3.Б.қ. шалқалап жатып алып 1- қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтыңұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. 4.Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріпөтыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. 5.«Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау. 6.Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру. 5 рет қайталау 7.Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау. 8.Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау. 9.Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыданаттаумен алмастырып қайталау. Түсіну:«Жылан»</p>
--	--	---	--	---	---

Білу: Остеопатиялық жаттығулар
 Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.
 Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.
 Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң қолын шынтақтан бүгіп, қол басын мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығуды жалғастырады.

Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.
 Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады
Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» (3 рет).
 Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою.
 Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады.
 Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді.

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Ойын: «Әскери мамандықтар»

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.



Ойын: «Әскери мамандықтар»

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.

Әдістемелік нұсқаулар: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.

Шекарашы


Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.

С. Чертков

Ұшқыш

Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.

С. Чертков

	<p>Теңізші Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі. С. Чертков Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, о-фи-цер.</p>				
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p> <p>11.50 – 12:00</p>		<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту. Жаңылтпашты қайталау. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.</p>	<p>Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет балалармен жұмыс жүргізу. «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойын 1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – . 2. Гитара, домбыра, барабан – 3. Шенбер, үшбұрыш, төртбұрыш – 4. Автобус, трамвай, такси – . . 5. Хоккей, волейбол, футбол – Мақсаты: Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет балалармен жұмыс жүргізу. «Ағаштарды не үшін отырғызады?» Мақсаты: Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>				
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>		<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 21 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 22 Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А. Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап,</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 23 Кемпіркосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді.</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау № 24 Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты,</p>

	<p>-Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Кұжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б.</i>) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа.</i>) ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) <p>◆ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «сокпағын» табу,</p>	<p>«Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ◆ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> ◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) ◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ◆ Жаңбыр қандай температурада жауады? ◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). <p>Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға</i></p>	<p>(кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? ◆ Ол қай уақытта жоғалады? ◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? <p>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». <i>Мақсаты:</i> Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</p>	<p>Шақпақ тастың жаркылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жаркылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен</p>
--	---	---	---	--

		<p>бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты:</i> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p>	<p><i>көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i> Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты:</i> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -<i>Сәуір айы-су айы,</i> <i>Мамыр айы- гүл айы.</i> -<i>Көктемгі жауын артық болмас.</i></p>		<p>тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашынды тап». <i>Мақсаты:</i> ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». <i>Мақсаты:</i> екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру Халық болжамы: <i>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</i> <i>Қарлығаш келсе күн күркіреді.</i></p>
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>		<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Куптлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ


Топ: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.05 – 12.05. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 08.05	Сейсенбі 09.05	Сәрсенбі 10.05	Бейсенбі 11.05	Жұма 12.05
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,</p> <p>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,</p> <p>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)</p> <p>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс</p>				
		<p>Танымдық және зияткерлік дағдылары</p> <p>Үстел үсті ойындары:</p> <p>«Әскерде кімге қызмет етемін?»</p> <p>Мақсаты: балалардың әскери мамандықтар туралы білімдерін бекіту; қиялын дамыту; Отанымызға деген мақтаныш сезімін ояту.</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Балалардың алдына қару-жарақ, құрал-жабдық, әскери қызметшілер пайдаланатын заттар мен атрибуттар бейнеленген суреттер немесе фотосуреттер қойылады. Баланың таңдауы бойынша әскери мамандықты анықтау керек. Бала өскенде қай әскерде қызмет еткісі келетінін көрсетіп айтады.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Сәйкестендіру ойыны:</p> <p>Ойын – жаттығу: «Әскери мамандықты тап»</p> <p>Мақсаты: балалардың әскери мамандықтар туралы білімдерін бекіту (танкер, әскери ұшқыш, артиллерист, шекарашы және т.б.); байқағыштық, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Жүргізуші (бала) әскери мамандықтардың бірінің өкілін сипаттайды. Балалар жүргізушінің кім ойлағанын сипаттамалық белгілер бойынша анықтауы керек. Кім бірінші болжаса, сол көшбасшы</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет</p> <p>Мозайка құрастыру ойыны: «Біздің шекарамызды кім қорғайды»</p> <p>Мақсаты: балалардың әскери әуе, құрлық, теңіз көлігі туралы білімдерін бекіту; танымдық белсенділікті дамыту; өз елінің патриоттарын тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>ҚР картасынан мұғалім еліміздің шекарасын көрсетеді. Балалардың назарын шекараның құрлықпен ғана емес, сумен де өтетіндігіне аударады. Шекараны әуе көлігімен де кесіп өту мүмкін еместігін нақтылайды. Балалар педагогтың шекараны қандай әскери көлік түрі қорғайды деген сұрақтарына жауап береді. Жауабыңызды негіздеңіз.</p>	

				<p>болады.</p> 	<p>Мысалы, жау теңізден шабуыл жасаса, әскери кемелер мен қайықтар шекараны қорғайды. Егер қауіп құрлықта болса, онда танктер, зеңбіректер, әскери техника күзетте тұрады.</p>  <p>Пограничник</p>
<p>Танертенгі жаттығу</p>			<p>№ 43 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК</p>	<p>№ 44 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.</p>	<p>№ 45 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.</p>

		<p>Жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезіндегі тыныс алу ережелері: № 1 жаттығулар кешені: 1. Қолды жан-жаққа және жоғары көтеріп, осыдан кейін қолдарды артқа қарай қайырып тыныс алу. 2. Қолдарды кеуде алдында айқастырып, төмен түсіреміз – дем шығару. 3. Денені ілгері, солға, оңға бүгу – дем шығару. 4. Тік тұру немесе денені артқа қарай бүгу – тыныс алу. 5. Аяқты ілгері немесе бір жаққа көтеру, отырып немесе қолды кеудеге бүгу – дем шығару. 6. Аяқты түсіру, оны артқа қарай апару, жартылай отырып созу – тыныс алу.</p> <p>№1 жаттығулар кешеніе қосымша Жаттығуды орындау кезінде тыныс алу мен дем шығару басын анықтау қиындықтудырса, онда тынысты тоқтатпай, бірқалыпты тыныс алу керек.</p> <p>Тыныс алу мен дем шығаруды дұрыс кезектестіру, дем шығаруды еркін баяулатаалу, оны бірқалыпты немесе ырғақты қылу келесі жаттығуларды орындауда мүмкін болады:</p> <p>Мұрын арқылы тыныс алу – ауыз арқылы дем шығару; Қысқа терең тыныс алу – баяу дем шығару; Баяу терең тыныс алу – қысқа қатты дем шығару; Баяу дем шығару, ауа тар ағынмен шығу керек; Демді шығару, дүмпілдетіп шығару; Мұрын арқылы ауаны баяу алып, терең тыныс алыңыз, тынысты тоқтатып, дем шығаруда 1 – 10 дейін</p>	<p>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезіндегі тыныс алу ережелері: № 2 жаттығулар кешені: 1. Диафрагмалық тыныс алу. Біртіндеп жылдамдығын арттыру, отырып тыныс алыңыз. 10–12 рет. Еденде жатып орындау керек. 2. Тыныс алғаннан кейін жұлқи дем шығару, әр дем шығарған кезде «ча» деген дыбыстарды айту керек. Бір рет дем шығару кезінде бірнеше рет жұлқып шығару керек. 3. Кезектестіріп тыныс алу. Бірінші тыныс алу кезінде қарын шығарылады, ал келесіде – тартылады. 4. Төменгі қабырғалы тыныс алу. Мұрын мен ауыз арқылы жағаға шығып қалған балық ауаны қапқанын келтіріп тыныс алу. 5. Ауызды жауып, есінегендегідей дем шығару. Орташа темппен орындау. 6. Ауаны алақанға тар ағынмен дем шығару. Арқаны тіреп орындалады. Жылу сезімі сақталатындай етіп ақырын дем шығару. Тыныс алу кезінде қолдар тізеге тіреледі. 7. Жөтеліп, дем шығару кезінде орналасады. Терең емес тыныс алу, дем шығаруда ауыз арқылы қысқа, үнсіз жөтелмен.</p>	<p>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезіндегі тыныс алу ережелері: №3 жаттығулар кешені: Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары. Мақсаты: балаларды мұрынмен дем алуға үйрету, оларды күрделі тыныс алу жаттығуларын орындауға дайындау. 1. Мұрынды ұшынан (екі шетін) кеңсірікке қарай сипау – тыныс алу. Дем шығаруда мұрынның қанаттары бойынша сұқ саусақпен шерту (5-6 рет). 2. 8–10 рет оң танау арқылы тыныс алу мен шығару, ал содан кейін сол жағы арқылы, «демалатын» танауды сұқ саусақпен кезектестіріп жауып. 3. Мұрынмен тыныс алу. Демді шығарған кезде «м-м-м» дыбысын созу жәнессонымен бір уақытта мұрын қанаттарын саусақтармен шерту. 4. Тыныс алу кезінде кіретін ауаға мұрын қанаттарымен саусақпен басып, кедергі жасау. Неғұрлым ұзақ тыныс алу кезіндегі кедергіні мұрын қанаттарын саусақтармен шерту арқылы кезекті қылу. 5. Мұрын арқылы ақырын тыныс алу. Дем шығару кезінде бір уақытта мұрын қанаттарын шертіп отырып, «ба-бо-бу» және «г-м-м-м» дыбыстарын айту.</p>
--	--	---	--	---

			<p>санаңыз, бұл ретте ауа демнің соңына дейін жету керек; Ауаны жұтып, бірнеше секунд тыныс алмаңыз, содан кейін өкпені ауаға толтырыңыз, бірақ бір ретке емес, бірнеше қысқа, белсенді тыныс алуға жететін ауа жұтыңыз; Бір дем шығаруда дыбыстарды қаттыратып, азайтыңыз: араның ызылы: Ж-Ж-Ж-Ж...ұшып жүрген масаның дыбысын: 33-3-3... иттің ырылдағанын: Р-Р-Р... велосипедтің тесілген шинасынан шығатын дыбыс: с-с-с-с...</p> <p>«Майшам» – бірқалыпты баяу дем шығару, терең тыныс алу, тоқтау және майшам отына баяу үрлеу және оны осы жағдайда дем шығару соңына дейін ұстау; «Майшамды өшіру» – белсенді, ырғақты дем шығару; Бір тыныс алу – дыбыстар арасында қысқа үзілістер жасап, 5–10 рет «ф» дыбысын айту: ф! -ф!- ф!- ф! Санамақты жаңылтпай айтыңыз.</p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҮІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	08.05.23 Дүйсенбі	09.05.23 Сейсенбі	10.05.23 Сәрсенбі	11.05.23 Бейсенбі	12.05.23 Жұма
<p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, сөйлем құрастырады, мақал-мәтелді және мәтінді қайталайды. Түсінеді: Қазақстан халқы тату тұратынын түсінеді. Қолданады: таныс сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: Суреттер бойынша өткен «Әжемнің оюлары» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Түсіну: – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Қай қалада (ауылда) тұрасың? Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді. Білу: Жаңа сөздермен таныстыру. – Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика? – Қазақстан – көпұлтты республика. – Қазақстан халқы тату тұрады. – Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан – ортақ үйіміз. – Ортақ үйіміз – ... – Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың?</p>	<p>Дағды: қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; балалардың қиялын, ойлау қабілеттерін дамыту; Күтілетін нәтиже: Жасайды: балапан бейнесін мүсіндеуді; киіз үйді мүсіндейді, оны оюмен әшекейлейді; Түсінеді: ермексаздан түрлі геометриялық пішіндерді жасауды; киіз үй, ою түрлері туралы; Қолданады: мүсіндеу әдіс-тәсілдерін. қазақтың ою-өрнек атауларын, мүсіндеу әдіс-тәсілдерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Балалар, құстардың жанынан не көріп тұрсындар? Осы кішкентай балапандарды біз мүсіндейік. Балаларға құстардың денесін, басын, мойнының ұзындығын, аяғы мен қанатын орналастыру жолын түсіндіреді. Жұмысты көрсете отырып, бірге жасатады: Сары түсті кіші ермексаз кесегін алып, балапанның денесін мүсіндейміз. Шымшып созу арқылы балапанның мойнын, тұмсығын мүсіндеп келтіреміз. Түсіну: Басы мен денесін біріктіреміз. Қолды сулап алып, құстың денесін саусақпен тегістейміз.</p>	<p>Дағды: сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөздегі түсіп қалған буынды табады, сөздерді буынға бөледі, сөйлем сызбасын сызады. Түсінеді: дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болатынын. Қолданады: өткен тақырыпты естеріне түсіруді, дидактикалық ойында әртүрлі ойындар ойнауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Керісінше айт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан тұратын буындар айтасындар. ба-па, бо-по, бе-пе ва-фа, во-фо, ве-фе ға-қа, го-қо, ге-ке ге-ке, го-қо, га-қа Түсіну: «Сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды жалғап, толықтырып айтасындар. -яр-яр-яр – бізге берді қи-...<i>яр</i>; -тыр-тыр-ыр – керек бізге ба-...<i>тыр</i>; -кеш-кеш-кеш – түйеде бар екі өр-...<i>кеш</i>; -үй-үй-үй – домбырамен тарттық к-...<i>үй</i>; -ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-...<i>ін</i>; -қа-қа-қа – көлшікте отырған ба-...<i>қа</i>; -қы-қы-қы – кісінеді жыл-...<i>қы</i>; -тай-тай-тай- – біздің Арман кішкен-...<i>тай</i>; -са-са-са - ызылдайды сары ма-...<i>са</i>. Білу: «Сөзді бөл» дидактикалық</p>	<p>дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды. Түсінеді: сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді. Қолданады: сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: «Кел, балалар, ойнайық» әнін тыңдату. Мазмұнын түсіндіру. – Сендерге ән ұнады ма? Арман балаларды «Ғажайып шеңбер» ойынын ойнауға шақырады. – Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не? – Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады). Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды. Өр жауапқа бірұпай береді. Тақырыптарға байланысты қима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар</p>	<p>қорытынды жасау қабілетін дамыту. Дағды: Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаздың белгілерінен хабары бар. Түсінеді: табиғатты аялаудың маңыздылығын. Қолданады: жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Балалардың арасында жедел сауалнама жүргізеді: Қандай жыл мезгілдерін білетінін сұрайды және жыл мезгілдерінің ауысу тәртібіне қарай айтып беруді сұрайды. Өлең оқиды. Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке бөлгенді. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап, Балалар тоймай ойынға, Өтеді жаздың әр күні. Сендерге тақпақ ұнады ма? Ол жылдың қай мезгілі туралы екен? Түсіну: -Жаз кезінде отбасы мүшелері жиі табиғат аясына демалысқа барады. Осы кезде тек демалып қана қоймай, зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Мысалы: Құм қандай? Құм</p>
---	--	--	--	---

<p>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. Шағын мәтін құрау: <i>Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.</i> (3–4 бала мәтінді қайталайды).</p> <p>Қолдану: Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз.</p> <p>Поэзиялық сәт: Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. <i>Е. Елубаев</i></p>	<p>Таяқшамен тұмсығын, қанатын, табанын сызамыз. Жемсауыттағы дәнді ұсақ бөлшектерден домалақтап жасаймыз. «Анасын тап» дидактикалық ойыны. Үй құстары мен олардың балапандарын әр жерге шашыратып қояды. Балалар әр құстың жанына өз балапандарын жинауға көмектеседі.</p> <p>Білу: Киіз үй жасау үшін алдымен ермексазды алақанымызбен жұмсартамыз. Алақанға салып, домалақтап төбесін сопақтау етіп шығарамыз. Енді киіз үйдің сыртына қызыл түсті ермексазбен ою жапсырайық. Қандай ою жапсырамыз? Қызыл түсті ермексазды алақан арасында жұмсартып, тақтайшаға салып, жалпақтаймыз. Пышақпен кесу тәсілі арқылы қошқармүйіз оюын ойып аламыз. Дайын болған оюды киіз үйдің сыртына жапсырамыз.</p> <p>Шығармашылық поэзиялық сәт: Сергіту сәті. Біз кішкентай баламыз, Өсіп, өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып, ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Жайлау бейнеленген бұрышқа дайын киіз үйді орналастырайық.</p>	<p>ойыны –Мен сендерге қандай да бір заттардың суреттерін көрсетемін, сендер шапалақпен суреттегі бейнеленген затты буынға өз беттеріңмен бөлесіңдер. Мысалы: <i>гүл, үстел, ит, тұлкі, сиыр, себет, жылан, қызанақ, балта, дәптер, мал, жеміс, жидек, піл, пальто т.б.</i></p> <p>Қолдану: «Кім зейінді?» дидактикалық ойыны Балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді. «Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.</p> <p>Поэзиялық сәт: «Сиқырлы текше» ойынын ойнайды. Мақсаты: текшедегі аңдарға байланысты сөйлем құрату. Ойын шарты: көңілді қиын емес әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-біріне қолдарына беріп, такпақ айтады. Алма кетті домалап, Көше бойын аралап. Кім алманы табады, Сол ойыннан шығады. Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер</p>	<p>сұраққа кезекпен жауап береді. Түсіну: Тапсырмалар: № 1. Қыс Бұл қай жыл мезгіл? Қыс айлары қандай? Қыста не болады? Балалар не істейді? № 2. Мен және менің отбасым. Өзі және отбасы, мекенжайы туралы шағын мәтін құрайды. Білу: № 3. Мектеп Сыныпта қанша балалар бар? Сыныпта неше парталар бар? Заттарды жекеше, көпше түрде атау. № 4. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар Мынау не? Қайда тұрады? (Жануарларды атайды, қайда тұратынын айтады). Қолдану: № 5. Жемістер мен көгөністер. Педагогтің айтуы бойынша көгөніс пен жемістерді табады. Мысалы: Қызыл, дәмді көгөніс. Сары қышқыл жеміс. Жасыл көгөністерді ата, көрсет. т.с.с. № 6. «Кім жылдам?» Берілген тақырыпқа сөз ойла. Сөздермен сөйлем құра. Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,</p>	<p>неге ыстық? Қандай жемістер мен көгөністер пісті? Ауа райы қандай? Жазғы жаңбыр мен күзгі жаңбырдың айырмашылығы қандай? Осындай сұрақтарға жауапты ересектердің көмегімен шешуге болады. Қазір жапырақты зерттейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруіміз қажет? Білу: -Жапырақтың түсі неліктен жасыл болады? Өйткені су жеткілікті. Өйткені оларға күннің сәулесі жақсы түседі. Өйткені жылу жеткілікті. Міне, көрдіңдер ме, осылайша жаз мезгілінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Оларды фотосуретке түсіріп алу қажет. Кейін жасыл жапырақты күзгі жапырақпен салыстыруға болады. Бұл да – зерттеу жұмысы. Өзекті мәселе: «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...» дидактикалық ойынын ойнауға шақырады. Мақсаттары: өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету. Педагог балаларға талқылайтын мысал ұсынады. Нәтижесінде балалар әр нәрсенің шегі барын түсініп, табиғатты аялау керек деген қорытынды жасайды. Мысалы: «Егер гүлді жұлып алса не болады? Көбелектерді құртып жіберсе не болар еді?» деген сынды сұрақтар қояды. Сенің алдағы жазды қалай өткізгің келеді?</p>
---	---	---	---	--

			<p>текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысық сөзін қатыстырып, сөйлем құратады. (Текшенің әр бетінде мысық, күшік, қасқыр, жолбарыс, лақ, маса жануалардың суреттері бейнеленген)</p> <p>Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, Кәне, жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.</p>	<p>Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.</p>	
--	--	--	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Басты мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүргіру дағдыларын дамыту.



Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ»

Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Әдістемелік нұсқау: Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын.

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсак) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.20 – 11.50

<p>4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Өз денемізді өзіміз басқарамыз! ҮІӨ мақсаты: Мидың табиғи</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Шақырамыз жарысқа. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығарманың</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тату бола білеміз! ҮІӨ мақсаты: Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргіште</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Шақырамыз жарысқа. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығарманың</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тату бола білеміз! ҮІӨ мақсаты: Бала ағзасының сыртқы</p>
--	--	--	--	---

	<p>механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу.</p> <p>Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.</p> <p>Дағды: Допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұраландап жерге қойылған бауды басып, екі қолын екі жаққажазып, артпен жүру, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: кинезиологиялық гимнастика, қысқа секіртпеден секіру.</p> <p>Түсінеді: ұдайы жаттығудың қажеттігі, шапалақ ұрған соң допты қағып алып үлгеру, табанымен жерге салынған бауды дұрыс басу.</p> <p>Қолданады: доп лақтыру, доп қағу, тепе-теңдік сақтау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, педагог нұсқауын түсініп, дұрыс орындау, кеңістікті бағдарлай алу дағдылары.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Кинезиологиялық гимнастика</p> <p>Құлақ сырғалығын уқалау.</p> <p>Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз...</p> <p>Басын шайқау.</p> <p>Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз! Бас ізеу.</p> <p>Бас ізейміз, жақсылықты</p>	<p>сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.</p> <p>Дағды: Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.</p> <p>Түсінеді: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.</p> <p>Қолданады: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Пікір алмасу сұрақтары:</p> <p>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p>Сен жарысқа түсіп көрдің бе?</p> <p>Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы</p>	<p>бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу.</p> <p>Дағды: Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астынан түрлі тәсілдермен өткендеқол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйретеуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, көзге арналған гимнастика, құрсақ тығыршығын жаттықтыру.</p> <p>Түсінеді: жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, <i>ойындағы рөлдік әрекеттер</i>, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу.</p> <p>Қолданады: екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынанөтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап», Екі-екіден сапқа тұру.</p> <p>Сапта жүгіру – бір-бірінің қимылдарын байқап, өз қимылдарын үйлестіре білу.</p>	<p>сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.</p> <p>Дағды: Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.</p> <p>Түсінеді: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.</p> <p>Қолданады: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Пікір алмасу сұрақтары:</p> <p>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p>Сен жарысқа түсіп көрдің бе?</p> <p>Әннің қарқыны,</p>	<p>тітіркендіргіште бейімделуін арттыру. Топтағыдостық қарым-қатынасты нығайта түсу.</p> <p>Дағды: Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астынан түрлі тәсілдермен өткендеқол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйретеуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, көзге арналған гимнастика, құрсақ тығыршығынжаттықтыру.</p> <p>Түсінеді: жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, <i>ойындағы рөлдік әрекеттер</i>, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу.</p> <p>Қолданады: екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынан өтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап», Екі-екіден сапқа тұру.</p> <p>Сапта жүгіру – бір-бірінің қимылдарын байқап, өз</p>
--	---	---	--	---	---

<p>қостаймыз, Мамандықты қасымызға қоспаймыз! Мойын-иек. Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз! «Алақан». Алақанды қысамыз, Күшті болсын қолымыз! «Зейін» Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз! «Билейік». Мың бұралып билейміз, Ұялуды білмейміз! «Бәйтерек» Тез өсіп келеміз, Көк аспанға жетеміз! «Сүңгуір» Сүңгуір боп сүңгіміз, Теңіз түбін барлаймыз, Меруерт іздеп шарлаймыз! «Дамылда» Сен тыныштал, дамылда, Әндетейік ыңылдап! Түсіну: Негізгі қимыл жаттығуларын кезек-кезек орындау: секіртпемен жаттығудағы қауіпсіздік ережелерін естеріне саламыз. Қысқа секіртпеден секірулер – бастапқы қалыпқа тұру (секіртпені артқа қарай қойып ұстау), аяқтың басымен ырғақпен жеңіл секіреді. Қимылдың орындалуын қадағалау. Ойын жаттығуы: «Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!». (10 рет) Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып ұлгеру үшін допты жоғарырақ</p>	<p>не айта аласың? Ойдан шығарып суырыпсалма орындау дегенді қалай түсінесің? Музыка тыңдау: «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. Тыңдап отырған музыкадан не елестетіндер? Бұл музыкаға қандай қимыл лайық? Дауыс жаттығулары: «Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау. Білу: Ән айту: «Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өндеген Н. Әлімқұлов). Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу. Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру. Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау. Музыкалық- ырғақты қозғалыс: «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов).</p>	<p>Түрлі түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбынбіліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұрақалады. Түсіну: Негізгі қимыл- қозғалыстарды алмастырып орындау: «Баскетбол» – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет) Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл- қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет) Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді. Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек». Әр оқушы жінішке шыбыққа тағылған</p>	<p>динамикасы, екпін туралы не айта аласың? Ойдан шығарып суырыпсалма орындау дегенді қалай түсінесің? Музыка тыңдау: «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. Тыңдап отырған музыкадан не елестетіндер? Бұл музыкаға қандай қимыл лайық? Дауыс жаттығулары: «Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау. Білу: Ән айту: «Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өндеген Н. Әлімқұлов). Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу. Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру. Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Түлкі мен</p>	<p>қимылдарын үйлестіре білу. Түрлі түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады. Түсіну: Негізгі қимыл- қозғалыстарды алмастырып орындау: «Баскетбол» – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет) Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет) Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының</p>
--	---	---	--	---

	<p>лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққандасауақтарын еркін ұстайды.</p> <p>Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» (3 рет). Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай қалған ойыншы жүргізуші болады. Сабақ қорытындысын шығарады.</p>	<p>Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.</p> <p>Қолдану:</p> <p>1. Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Бұл әнді қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға болады?</p> <p>Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс!</p> <p>Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос.</p> <p>2.Ән әуені музыканың қай жанрына сәйкес келеді? Қандай марш түрлерін білесің?</p> <p>Марш әуені ойналатын аспаптарды белгіле.</p> <p>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p>Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсындар?</p> <p>Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Торкөзге цифрмен ретімен белгілеп жаз.</p>	<p>көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді. Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосын көздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды.</p> <p>«Көркем көбелек, Бізді желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шипа беріп кет!</p> <p>Қорытынды кезең (рефлексия). «Дос екен» «Тұрғанымда қысылып, Медет берген дос екен; Өз қайғысын ысырып, Көмек берген дос екен; Замандастың жеңісін, Көре білген дос екен; Қолындағы жемісін, Бөле жеген дос екен; Сынға түскен кездерде, Сырын бермес дос екен; Қамыққанын өзгеге.</p>	<p>қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов). Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.</p> <p>Қолдану:</p> <p>1. Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Бұл әнді қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға болады? Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс!</p> <p>Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос.</p> <p>2.Ән әуені музыканың қай жанрына сәйкес келеді? Қандай марш түрлерін білесің?</p> <p>Марш әуені ойналатын аспаптарды белгіле.</p> <p>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p>Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсындар?</p> <p>Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Торкөзге</p>	<p>командасына көшеді.</p> <p>Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек». Әр оқушы жіңішке шыбыққа тағылған көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді. Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосын көздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды.</p> <p>«Көркем көбелек, Бізді желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шипа беріп кет!</p> <p>Қорытынды кезең (рефлексия). «Дос екен» «Тұрғанымда қысылып, Медет берген дос екен; Өз қайғысын ысырып, Көмек берген дос екен; Замандастың жеңісін, Көре білген дос екен; Қолындағы жемісін, Бөле жеген дос екен; Сынға түскен кездерде, Сырын бермес дос екен; Қамыққанын өзгеге.</p>
--	--	---	--	---	--

цифрмен ретімен белгілеп
жаз.

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.



Ойын: «Торғайлар мен мысық»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді).

<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p> <p>11.50 – 12:00</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Айша мен Арайлым) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p> <p>Мақсаты: сөздік қорын байыту.</p> <p>Жаңылтпашты қайталау. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сақтап ал» (Ердаулет пен Әділдаулет) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p> <p>Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет (Назерке мен Шаттық) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p> <p>«Сөзді қос» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.</p> <p>– Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды жалғап, толықтырып айтасындар.</p> <p>-яр-яр-яр – бізге берді қи-...яр; -тыр-тыр-ыр – керек бізге ба-...тыр; -кеш-кеш-кеш – түйеде бар екі өр-...кеш; -үй-үй-үй – домбырамен тарттық к- ...үй; -ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-...ін; - қа-қа-қа – көлшікте отырған ба -...қа; -қы-қы-қы – кісінеді жыл-...қы; -тай-тай-тай- – біздің Арман кішкен-...май; -са-са-са - ызылдайды сары ма-...са.</p>	<p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (Айша мен Әділ) осы балалармен жұмыс жүргізу.</p> <p>Мақсаты: Олең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) балалармен жұмыс жүргізу.</p> <p>Біз – жас зерттеушіміз.</p> <p>Мақсаты: Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p>Дағды: Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту.</p> <p>Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке бөленді. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап, Балалар тоймай ойынға, Өтеді жаздың әр күні. Сендерге тақпақ ұнады ма? Ол жылдың қай мезгілі туралы екен?</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>				
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»</p> <p>12.00 – 12:30</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 13 Аула тазалаушы еңбегін бақылау</p> <p>Мақсаты: —көктем мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, —аула тазалаушыға қажетті</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 14 Күн — жылу мен жарық көзі</p> <p>Мақсаты: -күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; -ойлау, талқылау, дәлелдеу</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 15 Бұлттарды бақылау</p> <p>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә.</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 16 Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау</p> <p>Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 17 Топырақты бақылау</p> <p>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p>Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа</p>

	<p>күрал-жабдықтармен танысу Бақылау барысы: Көркемсөз «Тиме бізге керекпіз»- Деп тұрғандай жарыса. Жапырақты жұлып себепсіз, Сындырмаймыз ағашты. Күз келген соң амалсыз, Жапырақтар түседі. Жинап алып сыпырып, Үй сыртына үйеміз, Жапырақтар бақшаға, Көң болады білеміз. Сұрақтар: ♦ Аула тазалаушы не істейді? ♦ Аула тазалаушыға қандай күралдар қажет? ♦ Аула тазалаушы күзде не жинайды? ♦ Ол кімдер үшін қызмет етеді? Зерттеу жұмысы: Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу К/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді»табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Еңбек: Аланды тазалауға</p>	<p>дағдыларын дамыту; -табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Бақылау барысы Психологиялық жаттығу: «Күнишауақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну <i>Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.</i> Сұрақтар: ♦ Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? ♦ Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз. Сұрақтар: Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің? Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма? Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы</p>	<p>Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсындар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</p>	<p>Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: *Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? *Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? *Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсындар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Аландағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.</p>	<p>(шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяккіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу. Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда» Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір» Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру</p>	<p>зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Еңбек: Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу. Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда» <i>Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру</i> Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір» <i>Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру</i></p>		<p><i>Дана көптен, дәрі шөптен</i></p>	
--	---	---	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
--	---	---	--	--	--

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Куптлеуова Л

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Топ: Мектепалды даярлық сыныбы


Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.05 – 31.05. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.05	Сейсенбі 30.05	Сәрсенбі 31.05	Бейсенбі	Жұма
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Суретті құрастыр» Ойынның мақсаты: Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты: Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті: Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар: Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың</p>	<p>Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Жылан» Мақсаты: Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу. Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білу. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту. Әдістемелік нұсқаулар:</p>	<p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерді есте сақтау. Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардың мынаған келісіп алуын өтінеді. Бір таңба бар тәж аптаның бірінші күні дүйсенбі, екі таңба бар тәж аптаның екінші күні сейсенбі және т.б. білдіреді. Балалар апта күндерінің атын хормен қайталайды. Тәрбиеші 7 баланы шақырып оларға тәждерді таратып береді. Шақырылған балалардың әрқайсысы тәжбен таңбаның</p>		

суреттері.(көлімдері 7×8см карточкалар).





Ойынға балалардың барлығы қатысады. Олар бір-бірінің белдерінен ұстап жылан сияқты ирелең дейді, бірде тоқтап орнында қалуы тиіс.

Ықтимал күрделендірулер:

Жыланға ұқсап жүру. Өз ойларын еркін жеткізу. Жыланның қалай ысқыратынын еске түсіру.

Ойынның нұқсаулары:



санына қарап: “Сабыр – сәрсенбі”, “Мен – жұмамын” және т.с.с. дейді.

Ықтимал күрделендіру:

Тәрбиеші аптаның кез-келген күнінің атын дауыстап атайды. Білетін бала алдына шығып тұрады. “Апта күндері, сапқа тұрыңдар” деген бұйрық берілісімен, басқа балалар оның қатарына дұрыс ретпен сапқа тұруы тиіс.

Ойынның нұқсаулары:

Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты бастау.



1 2 3 4 5 6 7 8 9 10



<p>Танертенгі жаттығу</p>	<p>№ 56 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Ұзын жіппен жаттығулар орындау.</p> <p>№ 1 жаттығулар кешені 1.Б.к. : түзу тұру, 1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.к. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет). 3.Б.к. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.к. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.к. қайтакеледі (8рет). 5.Б.к.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.к. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.к. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).</p>	<p>№ 57 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жолдорбамен жаттығулар орындау № 1 жаттығулар кешені 1.Б.к. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.к. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет) 3.Б.к.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.к.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.к. қайтакеледі (8рет). 5.Б.к.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.к.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.к. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).</p>	<p>№ 58 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Мойын бұлшық еттеріне қосымша қарсылыс көрсету арқылы орындалатын жаттығулар:</p> <p>№1 жаттығулар кешені 1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, бір қолыңыз алақан мен иекке тірелген, басыңыз артқа қарай шалқайған, ал шынтағыңыз басқа қолыңыздың алақанына тірелген: бастықарсылық күшіне қарсы алдыға еңкейту, 5-6 сек 4–6 рет орындаңыз 15–20 сек демалып. 2.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ бас алдыға еңкейген. 3.Б.т. – аяқты екі жаққа қою, бас кеудеге қарай еңкейген, саусақтарыңыз бастың артқы жағында қымтап ұсталған: бастың қарсылық күшіне қарсы қозғалуы. 4–6 рет. 4.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ басы артқа шалқайған қалпында. 5.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол басты тірейді, екіншісі белде: қарсылас күшіне қарсы бастың оңға – солға қозғлысы. 6–12 рет. Тыныс бірқалыпты. 6.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол иекке тірелген, екіншісі белде: бастың қозғалуы</p>		
----------------------------------	--	--	---	--	--

			барысында иекпен қолға қысым білдіру, сол қалыпта 5-6 сек ұстау керек. 4–8 рет. Берікті жаттығулардан кейін бұлшық еттерді созуға арналған жаттығулар орындалады. Мойын бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды профилактикалық құрал ретінде қолдануға болады. Оқу барысында немесе жұмыс кезінде бастың, мойын бұлшық етінің, дене көп уақыт аралығында ыңғайсыз күйде қалған кездегі әлсіреп, шаршағанын басу үшін қолдануға болады.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты					
09.00 11.50 ҰІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	29.05.23 Дүйсенбі	30.05.23 Сейсенбі	31.05.23 Сәрсенбі	
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Жапсыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер					
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.30					
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1.Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Бекіту. Нені білеміз, нені жасаймыз. ҰІӨ мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. 10 көлемінде тура және кері	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет Біз нені үйрендік, нені білдік? ҰІӨ мақсаты: балалардың білімін пысықтау. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық	1.Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Бекіту. Нені білеміз, нені жасаймыз. ҰІӨ мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. 10 көлемінде тура және кері		

	<p>санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды; Түсінеді: фигураларды ажыратуды, заттарды санауды; Қолданады: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды. Қолдану: Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. Тақтадағы фишкаларға</p>	<p>талдау жасауға жаттықтыру. Дағды: Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыс, сөз, сөйлемнің шартты белгілері қандай болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? Жуан дауысты дыбыстарды ата? Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы? Жіңішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір. Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата. Буында неше дауысты дыбыс болады? Түсіну: Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»</p>	<p>санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды; Түсінеді: фигураларды ажыратуды, заттарды санауды; Қолданады: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды. Қолдану: Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. Тақтадағы фишкаларға</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p>карандар. Олардың ұқсастығы қандай? Айырмашылығы неде? Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте. Түсіну: Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.</p>  <p>Білу: тапсырма. Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Балалар жазбалар мен суреттерді қарайды. -Мысалдарды шығар. Өзің мысалдар ойластыр. тапсырма. -қанша шырша болса, сонша үшбұрышты боя. -қанша үй болса, сонша шаршыны боя. -қанша шар болса, сонша шеңберді боя. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. Бір дегенім - көтеріліп, керілу. Екі деген - еңкею мен созылу. Үш дегенім - үш рет соғып алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім - құшақ жая, қол керу, Бес дегенде - қоштасарда қол бұлғау.</p>	<p>–Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю. Білу: «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, талсөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір балаланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды. Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: <i>Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, көгер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, сана, ө-рік,</i></p>	<p>карандар. Олардың ұқсастығы қандай? Айырмашылығы неде? Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте. Түсіну: Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.</p>  <p>Білу: тапсырма. Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Балалар жазбалар мен суреттерді қарайды. -Мысалдарды шығар. Өзің мысалдар ойластыр. тапсырма. -қанша шырша болса, сонша үшбұрышты боя. -қанша үй болса, сонша шаршыны боя. -қанша шар болса, сонша шеңберді боя. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. Бір дегенім - көтеріліп, керілу. Екі деген - еңкею мен созылу. Үш дегенім - үш рет соғып алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім - құшақ жая, қол керу, Бес дегенде - қоштасарда қол бұлғау.</p>		
--	---	---	---	--	--

	<p>Алты деген - орнымызға отыру. Жеті-сегіз - жалқаулықтан арылу. Балалар мәтін бойынша кимылдар жасайды.</p>	<p><i>кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.</i> «Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер. Мысалы: <i>банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</i> Қолдану: Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны <i>Педагог алия, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.</i> – Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді. Поэзиялық сәт: Құлыншақ Құлыншағым шапқылайды – тоқ, тоқ, тоқ, Тұяқтары тақылдайды – тоқ, тоқ, тоқ. Алыстағы ауылдарға шабады, Жасыл өлке жайлауға да барады. Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп, Өскенде ол жүйрік тұлпар</p>	<p>Алты деген - орнымызға отыру. Жеті-сегіз - жалқаулықтан арылу. Балалар мәтін бойынша кимылдар жасайды.</p>		
--	---	---	---	--	--

болады.
Саусақ жаттығуы:
 Қолды алға созамыз,
 Алақанды бұрамыз.
 Алақанның сыртымен
 Шапалақты ұрамыз.

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - рөлді ойын: арналған ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Басты мақсат: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Ойын жаттығуы: «Жолаушылар»

Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.



Сюжетті - рөлді ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.40 – 10.10

2.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет
 Асфальттағы суреттер.
ҮІӨ мақсаты: «Н», «ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету;

2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
 Біз – жас зерттеушіміз.
ҮІӨ мақсаты: Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру.

2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
 Өс, ұлан!
ҮІӨ мақсаты: Балалардың елеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Болашақ туралы

	<p>Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату.</p> <p>Дағды: Балалардың сөйлеу тілдерін дамытуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: бір-біріне жылы лебіз сйлайды, суретке қарап өлең жаттайды, «н», «ң» дыбыстарын дұрыс айтады;</p> <p>Түсінеді: сурет жанрлары туралы мәліметті;</p> <p>Қолданады: өлең жолдарын мәнерлеп айтуды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Миға шабуыл: Балалар, бәріміз көктемнің самал лебінен алайық, алақанға салайық, күннің жарқыраған нұрынан алайық, алақанға салайық. Ал енді жүрегіміздің лүпілінен алайық, оны да алақанға салайық. Енді осының бәрін достарымыздың жүректеріне қарай үрлейік: УФ!!! Енді барлығымыздың көңіліміз көктемдей жадырап, өзіміз күндей жарқырап, жүрегіміз достарымыз деп соғып, бүгінгі күнімізді қызықты өткіземіз деп сенемін.</p> <p>Түсіну: Ж.Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>«Дың-дың» – қоңыраумын, «Дың-дың» – соғыламын. «Дың-дың» – қағыламын, Мектептен табыламын. «Н» мен «Н» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату</p>	<p>Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p>Дағды: Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: жаздың белгілерінен хабары бар. Түсінеді: табиғатты аялаудың маңыздылығын.</p> <p>Қолданады: жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.</p> <p>Миға шабуыл: Балалардың арасында жедел сауалнама жүргізеді: Қандай жыл мезгілдерін білетінін сұрайды және жыл мезгілдерінің ауысу тәртібіне қарай айтып беруді сұрайды. Өлең оқиды.</p> <p>Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке бөленді. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап, Балалар тоймай ойынға, Өтеді жаздың әр күні. Сендерге тақпақ ұнады ма? Ол жылдың қай мезгілі туралы екен?</p> <p>Түсіну:</p> <p>-Жаз кезінде отбасы мүшелері жиі табиғат аясына демалысқа барады. Осы кезде тек демалып қана қоймай, зерттеу жұмысын</p>	<p>ұғымдарын кеңейту. Мақтаныш сезімдерін қалыптастыру. Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</p> <p>Түсінеді: Жанрларды ерекшеліктері бойынша таниды.</p> <p>Қолданады: Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айта алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Миға шабуыл: Педагог тәрбиеленушілерге дөңгеленіп тұрып, терең тыныс алып, біртіндеп сыртқа шығаруды және не байқағандары туралы сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мұрын арқылы терең ауа жұттық. – Ауа жұтқанда кеудеміз керілді. – Ауаны шығарғанда ішіміз босады. – Ауаны шығарғанда ұйқымыз ашылды. <p>(Ұ) Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Таза ауада серуендеген ұнай ма? – Жүгірудің денсаулыққа пайдасы бар ма? – Жаттығу жасау бойларыңның 		
--	--	---	--	--	--

	<p>арқылы айтылуына көңіл аудартады.</p> <p>«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.</p> <p>«Ң» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң.</p> <p>Білу: Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Ң» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталау: Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың – эп-әдемі қайың.</p> <p>Үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Мынау – биік кезең, Сен көрмеген бір тау. Көкпеңбегі – өзен, Ал жасылы – бұл бақ.</p> <p>Өтсең асфальт жолмен, Түрлі түсті бормен Қызығардай көрген Сурет салған ол – мен!</p> <p>Қолдану: Дидактикалық ойын: «Жанрды тап».</p> <p>Ойын шарты: Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, суретжанрын табу.</p> <p>Поэзиялық сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңімен жасатуға болады). Жалғыз саусақ тіпті де,</p>	<p>жүргізуге болады. Мысалы: Құм қандай? Құм неге ыстық? Қандай жемістер мен көгөністер пісті? Ауа райы қандай? Жазғы жаңбыр мен күзгі жаңбырдың айырмашылығы қандай?</p> <p>Осындай сұрақтарға жауапты ересектердің көмегімен шешуге болады.</p> <p>Қазір жапырақты зерттейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруіміз қажет?</p> <p>Білу:</p> <p>-Жапырақтың түсі неліктен жасыл болады?</p> <p>Өйткені су жеткілікті.</p> <p>Өйткені оларға күннің сәулесі жақсы түседі.</p> <p>Өйткені жылу жеткілікті.</p> <p>Міне, көрдіндер ме, осылайша жаз мезгілінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізуге болады.</p> <p>Оларды фотосуретке түсіріп алу қажет. Кейін жасыл жапырақты күзгі жапырақпен салыстыруға болады. Бұл да – зерттеу жұмысы.</p> <p>Өзекті мәселе: «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...» дидактикалық ойынын ойнауға шақырады. Мақсаттары: өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету. Педагог балаларға талқылайтын мысал ұсынады.</p> <p>Нәтижесінде балалар әр нәрсенің шегі барын түсініп, табиғатты аялау керек деген қорытынды жасайды. Мысалы: «Егер гүлді жұлып алса не болады? Көбелектерді құртып жіберсе не болар еді?» деген сынды сұрақтар қояды. Сенің алдағы жазды қалай өткізгің келеді?</p>	<p>өсуіне көмектесе ме?</p> <p>Түсіну: Педагог Өтебай Тұрманжановтың «Өс, ұлан!» өлеңімен таныстырады.</p> <p>Педагог <i>ұлан, тыңда сыр, қыран</i> сөздерінің мағынасын түсіндіреді.</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар.</p> <p>Талқылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Шығарма ұнады ма? – Несімен ұнады? – Қандай әдеби жанрға жатады? – Сау болу үшін не істеу керек? – Денсаулықтың сендердің өмірлеріңдегі маңызы қандай? <p>Өлеңді қайталап оқып, жаттап алуларына жағдай жасау.</p> <p>4-5 баланы шақырып, өлеңді жатқа айтып беруін сұрау.</p> <p>Білу: Сөздік жұмыс:</p> <p>Көптілділік: денсаулық – здорovie – health</p> <p>Қолдану: Педагог әңгіме өткізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Спорт несімен пайдалы? – Спортпен айналысатын адамдарды қалай атайды? – Адамдар қалай спортшы болады? – Спортпен қай жастан бастап айналысу керек? – Спортшылардың табысқа жетуіне кімдер көмектеседі? <p>Сұрақтарды талқылауды тақырып бойынша слайдтар көрсетумен толықтыруға болады.</p> <p>Педагог сөздің қорытындысында спортшылар ерік-жігері мықты, тәртіпті, жауапкершілігі мол, күшті, епті, жылдам адамдар екенін түсіндіреді. Олар олимпиадалық ойындар кезінде өз Отанының</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p>Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ. <i>(М.Әлімбаев)</i></p> <p>Рефлексия «Н» – «ң» дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін сұрайды. «ң» дыбысынабайланысты жаңылтпаш айтқызады. Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. <i>Шапшаң сөзі тез, жылдам</i> деген мағына береді.</p>		<p>абыройын қорғап, жанқиярлық танытады. Есіңе сақтап: - Олимпиада ойындарында жеңіп, жүлде алған спортшыларды қалай атайды? -Қазақстандық қандай олимпиада чемпиондарын білесіңдер? Олардың аты-жөнін есіңе сақта. – Денің сау болу үшін не істеу керек? – Отбасымен бірге қай спортпен айналысуды ұнатасыңдар? Поэзиялық сергіту сәті: Өс, ұлан! Сау болсын десең, Он екі мүшең. Ерте тұр, Құлақ тұр, тыңда сыр. Таза ауа жұт, Бойыңа қуат, Жүгір желмен жарысып, Нұрға сылан, болып қыран, Өс, ұлан! Өтебай Тұрманжанов</p>		
--	---	--	--	--	--

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Тіл гимнастикасы: «Тынымсыз Тіл» туралы ертегі жаттығулары. (қайталау)
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
1. Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-3-3-3-3-3
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-3-3-3-3-3



Ойын: «Допты қуып жет»
Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)


Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара құды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, көрзеңкеге салатын болсын.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет

Мен не білемін және не істей аламын?

ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.

Дағды: Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру.

Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысындамыту.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды.

Түсінеді: сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді.

Қолданады: сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Еске түсіру сәті: «Кел, балалар, ойнайық» әнін тыңдату. Мазмұнын түсіндіру.

–Сендерге ән ұнады ма?
Арман балаларды «Ғажайып шеңбер» ойынын ойнауға

3. Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті

Мерекелік жалаушалар.

ҮІӨ мақсаты: түрлі-түсті қағазды қабаттап қою арқылы екі немесе үш кескін қиып шығаруға үйрету.

Дағды: қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; қайшымен жұмыс істеу икемділігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: мерекеге арнап неше түрлі жалаушалар;

Түсінеді: мерекелердің ерекшеліктері жайлы;

Қолданады: жалаушаларды киюдың тәсілдерін, санауды, әннің мәтінін.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Қуанышты көңіл күй сыйлау. Шаттық шеңберін музыка жетекшісінің сүйемелдеуіндегі «Достық» әнімен ұйымдастырады.

3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет

Біз нені үйрендік, нені білдік?

ҮІӨ мақсаты: балалардың білімін пысықтау. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.

Дағды: Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыс, сөз, сөйлемнің шартты белгілері қандай болатынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Ой қозғау: 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

Дыбыстар нешеге бөлінеді?
Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

Жуан дауысты дыбыстарды ата?

<p>шақырады. –Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не? – Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады). Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды.Әр жауапқа бірұпай береді. Тақырыптарға байланысты кима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар сұраққа кезекпен жауап береді. Түсіну: Тапсырмалар: № 1. Қыс Бұл қай жыл мезгілі? Қыс айлары қандай? Қыста не болады? Балалар не істейді? № 2. Мен және менің отбасым. Өзі және отбасы, мекенжайы туралы шағын мәтін құрайды. Білу: № 3. Мектеп Сыныпта қанша балалар бар? Сыныпта неше парталар бар? Заттарды жекеше, көпше түрде атау. № 4. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар Мынау не? Қайда тұрады? (Жануарларды атайды,</p>	<p>Сөзі: Е. Елубаевтікі. Әні: И.Нүсіпбаевтікі. – Балалар, бақшамызда ән айтып, би билеп қандай мерекелер өткіздік? Еске түсіріп айтайықшы. – Балалар, көңіл күйлерін қалай? Қолдану: – Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік? Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде жалаушаларды қиып, жапсырамыз. Түсіну:– Ал осы мерекелерде ауланы, залды, бөлмені қалай және немен безендірдік? Балалар, бүгін біздің топта мереке! Сондықтан қазіргі оқу қызметінде жалаушаларды қиып, жапсырамыз. – Балалар, неше қатар жіп ілініп тұр? – 5 жалаушаны бір қатарға, қалған бесеуін екінші қатарға жапсырамыз. Педагог балалардың көңіл күйлерін сергіту үшін Е.Өтетілеуұлының «Жалауша» өлеңін оқып береді: «Жалауша» өлеңін оқып береді: Жалауымыз жас туған, Біз қарамай өтпейміз. Көк жалаудың астында, Көгереміз, көктейміз. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі. Шығармашылық поэзиялық сәт: Педагог</p>	<p>Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы? Жіңішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір. Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір. Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата. Буында неше дауысты дыбыс болады? Түсіну: Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» –Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю. Білу: «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, талсөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір балаланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды. Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл»дидактикалық ойыны – Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру</p>		
--	---	---	--	--

	<p>қайда тұратынын айтады).</p> <p>Қолдану: № 5. Жемістер мен көгөністер. Педагогтің айтуы бойынша көгөніс пен жемістерді табады. Мысалы: Қызыл, дәмді көгөніс. Сары қышқыл жеміс. Жасыл көгөністерді ата, көрсет. т.с.с.</p> <p>№ 6. «Кім жылдам?» Берілген тақырыпқа сөз ойла. Сөздермен сөйлем құра.</p> <p>Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайықҚолды белге қоялық. Оңға, оңға тұзу тұр, Солға, солға тұзу тұр. Алға бір адым, Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.</p>	<p>өлең жолдарын оқиды: Бойымызды тік ұстап, Жоғары-төмен қарайық. Кәне, сапты түзейік, Тіземізді бүгейік. Біршып алға түсейік: Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш (секіреді). Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – жолдың шегі.</p>	<p>арқылы буынға бөлесіндер. Мысалы: <i>Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, көгер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, сана, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.</i></p> <p>«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.</p> <p>Мысалы: <i>банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</i></p> <p>Қолдану: Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны <i>Педагог ашиа, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.</i></p> <p>–Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді.</p> <p>Поэзиялық сәт: Құлыншақ Құлыншағым шапқылайды – тоқ, тоқ, тоқ, Тұяқтары тақылдайды – тоқ, тоқ, тоқ.</p>		
--	---	--	--	--	--

			<p>Алыстағы ауылдарға шабады, Жасыл өлке жайлауға да барады. Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп, Өскенде ол жүйрік тұлпар болады. Саусақ жаттығуы: Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз.</p>		
--	--	--	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Басты мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарту, жүгіру дағдыларын дамыту.



Ойын: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.
Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.20 – 11.50

<p>4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі Біз оқушы боламыз! ҮІӨ мақсаты: Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу.</p>	<p>4. Музыка- шығармашылық әрекет Шақырамыз жарысқа. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Дағды: Таныс би элементтері мен</p>	<p>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Біз оқушы боламыз! ҮІӨ мақсаты: Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу. Дағды: Баскетбол ойнау</p>		
--	--	--	--	--

	<p>Дағды: Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрысмөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын.</p> <p>Түсінеді: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, жерге түскенде аяқты тізеден бұғу керектігін.</p> <p>Қолданады: қозғалып келе жатып қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару; Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару; Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару. Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару. Үзік-үзік дем шығару.</p> <p>Түсіну: «Баскетбол» Еденге допты бір қолмен ұру. Доптарды себетке лақтыру. Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының</p>	<p>кимылдары негізінде, би кимылдарын ойдан шығарып орындау.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.</p> <p>Түсінеді: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.</p> <p>Қолданады: Таныс би элементері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: <i>Пікір алмасу сұрақтары:</i> «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Сен жарысқа түсіп көрдің бе? Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы не айта аласың? Ойдан шығарып суырыпсалма орындау дегенді қалай түсінесің?</p> <p>Музыка тыңдау: «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа»</p>	<p>дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрысмөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын.</p> <p>Түсінеді: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, жерге түскенде аяқты тізеден бұғу керектігін.</p> <p>Қолданады: қозғалып келе жатып қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару; Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару; Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару. Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару. Үзік-үзік дем шығару.</p> <p>Түсіну: «Баскетбол» Еденге допты бір қолмен ұру. Доптарды себетке лақтыру. Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 метр</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді.</p> <p>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.</p> <p>Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу.</p> <p>Аяқтарын тізесінен аздап бүгіп, иық деңгейінде қояды. Бір аяғын ілгері шығарып, денесін алдыға жіберіп, бар салмағын екі аяғына бірдей түсіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денесінің қасында ұстайды.</p> <p>Еңбектеу, 40-30-20 см көтеріліп керілген арқанның астынан өту.</p> <p>Кедергілерден өту тәсілдері оның биіктігіне байланысты екенін есіне салады. Білім-біліктерін қолдануға тырысады. Өртүрлі биіктіктер үшін түрлі тәсілдерді қолданып, кедергілерден өту.</p> <p>Өз қимылдарын бақылауға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін денесін дұрыс жинақтап жұмырлану.</p> <p>Білу: Денеге арналған сауықтыру массажы. Қажет сөздерді естігенде тез-тез шапалақұрады.</p> <p>«Пыспас үшін ішіміз, Қолды уқалап, ысамыз. Сосын қолды маңдайға –Шап- шап- шап. Бетің қалса домбыға, Шапалақта оны да. Кәне, есінеп тұрайық, Көп шапалақ ұрайық: 1, 2, 3, 4, 5! Міне, мойын, кәне, тез,</p>	<p>(муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер? Бұл музыкаға қандай қимыл лайық?</p> <p>Дауыс жаттығулары:</p> <p>«Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова).</p> <p>Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау.</p> <p>Білу: Ән айту:</p> <p>«Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов).</p> <p>Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу. Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру. Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</p> <p>«Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов).</p> <p>Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді</p>	<p>қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді.</p> <p>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.</p> <p>Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу. Аяқтарын тізесінен аздап бүгіп, иық деңгейінде қояды. Бір аяғын ілгері шығарып, денесіналдыға жіберіп, бар салмағын екі аяғына бірдей түсіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денесінің қасында ұстайды.</p> <p>Еңбектеу, 40-30-20 см көтеріліп керілген арқанның астынан өту. Кедергілерден өту тәсілдері оның биіктігіне байланысты екенін есіне салады. Білім-біліктерін қолдануға тырысады. Өртүрлі биіктіктер үшін түрлі тәсілдерді қолданып,кедергілерден өту.</p> <p>Өз қимылдарын бақылауға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін денесін дұрыс жинақтап жұмырлану.</p> <p>Білу: Денеге арналған сауықтыру массажы. Қажет сөздерді естігенде тез-тез шапалақұрады.</p> <p>«Пыспас үшін ішіміз, Қолды уқалап, ысамыз. Сосын қолды маңдайға –Шап- шап- шап. Бетің қалса домбыға, Шапалақта оны да. Кәне, есінеп тұрайық, Көп шапалақ ұрайық: 1, 2, 3, 4, 5! Міне, мойын, кәне, тез, Сергісін деп шүйдеміз Оны абайлап түйеміз. Кеудені де ақырын, Жоғары-төмен түйеміз, Оңға қарай түйеміз, Солға қарай түйеміз,</p>		
--	--	---	---	--	--

	<p>Сергісін деп шүйдеміз Оны абайлап түйеміз. Кеудені де ақырын, Жоғары-төмен түйеміз, Оңға қарай түйеміз, Солға қарай түйеміз, Бүйірден де абайлап, Ақырындап түйеміз. Алдыға белді бүгеміз, Созылып көкке түзейміз, Шынығуды білеміз, Шапалақтап күлеміз!»</p> <p>Қорытынды кезең (рефлексия). Допты шеңбер бойымен бір-біріне беріп, ойды жалғастырады: « Мен..... білемін!» Ойдағыдай білім алу үшін денсаулықтың пайдасы зор екендігін естеріне салады. Шеңберге тұрады. Өз физикалық дағдыларына баға береді (олар нені меңгерді, неге әлі дежаттығу керек).</p>	<p>ойналады.</p> <p>Қолдану: 1. Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Бұл әнді қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға болады? Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс! Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос. 2.Ән әуені музыканың қай жанрына сәйкес келеді? Қандай марш түрлерін білесің? Марш әуені ойналатын аспаптарды белгіле. «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсындар? Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Торкөзге цифрмен ретімен белгілеп жаз.</p>	<p>Бүйірден де абайлап, Ақырындап түйеміз. Алдыға белді бүгеміз, Созылып көкке түзейміз, Шынығуды білеміз, Шапалақтап күлеміз!»</p> <p>Қорытынды кезең (рефлексия). Допты шеңбер бойымен бір-біріне беріп, ойды жалғастырады: « Мен..... білемін!» Ойдағыдай білім алу үшін денсаулықтың пайдасы зор екендігін естеріне салады. Шеңберге тұрады. Өз физикалық дағдыларына баға береді (олар нені меңгерді, неге әлі дежаттығу керек).</p>		
--	---	---	--	--	--



4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»

Мақсаты: балаларды шапшандыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.

		<p>Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек. II нұсқа Әдістемелік нұсқаулар: Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады. Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</p>			
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p> <p>11.50 – 12:00</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет</p> <p>балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту.</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сақтап ал»</p> <p>балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет</p> <p>балалармен жұмыс жүргізу. Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»</p> <p>– Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алындар да, үстел үстіне қойындар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіндер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю.</p>		
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</p>				
<p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу,</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 18 Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 19 Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау № 20 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер»</p>		

<p>ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30</p>	<p><i>туралы білімдерін тиянақтау</i> (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргініші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» айналады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт</i></p>	<p><i>туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p>	<p><i>сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік</p>		
---	--	--	---	--	--

	<p>сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмысы: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. <i>Мақсаты:</i> Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p>	<p><i>Балаларға сұрақтар:</i> ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>) ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (<i>өйткені ло жер әлі салқын</i>) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>) ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>) ♦ Оны неге олай атаған? ♦ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бәйге». <i>Мақсаты:</i> жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. Мақал-мәтел: <i>Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт.</i></p>	<p>етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (<i>құмырсқа</i>) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бакылау. Еңбек: Алаңды кокыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты:</i> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. <i>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p>		
--	--	---	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>		
---	---	---	--	--	--

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: *Куптлеуова Л*